



ҚазМұнайГаз
NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ

БОЛАШАҚҚА ИНВЕСТИЦИЯ



«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК АҚ-НЫҢ 2024 ЖЫЛДАҒЫ ТҰРАҚТЫ ДАМУ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ

МАЗМҰНЫ

Негізгі көрсеткіштер.....	2
Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі.....	6
Басқарма Төрағасының үндеуі.....	8

1 КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ.....14

Компания бейіні.....	16
Бизнес-модель.....	20
Құн құру тізбегі.....	22

2 ЭКОНОМИКАЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕР.....24

Қазақстан экономикасына қолдау көрсету.....	26
Инвестициялық жобалар.....	28

3 СТРАТЕГИЯ ЖӘНЕ ОРНЫҚТЫ ДАМУ.....32

4 КОРПОРАТИВТІК ЖӘНЕ ESG-БАСҚАРУ.....42

Корпоративтік басқару жүйесі.....	44
Директорлар кеңесінің құрамы.....	45
2024 жылғы Қауіпсіздік, еңбек және қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму жөніндегі комитеттің қызметі.....	46
Директорлар кеңесінің қызметін бағалау.....	47
Сыйақы.....	47
Басқарма құрамы.....	48
Директорлар кеңесін сыни маңызды мәселелер туралы ақпараттандыру.....	49
Мүдделер қақтығысы.....	49
Мүдделі тараптармен консультациялар.....	50
Заңнама талаптарына сәйкестік.....	50
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл.....	51
Салық саясаты және мемлекетке жасалатын төлемдер.....	52
Орнықты дамуды басқару.....	54
Маңыздылықты анықтау.....	58
Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл.....	60
ESG-тәуекелдерді басқару.....	64

БҰҰ Жаһандық шарты.....	72
БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуге қосқан үлес.....	73
ҚМГ бастамалар мен қауымдастықтардағы мүшелігі және қатысуы.....	80

5 ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК.....84

Климаттың өзгеруі және төменкөміртекті даму.....	86
Парниктік газдар шығарындыларын азайту мақсаттары.....	87
Климаттық тәуекелдерді басқару.....	89
Климаттық тәуекелдерді басқару стратегиясы.....	90
Климаттық тәуекелдерді бағалау.....	91
Климаттық стратегия шеңберіндегі негізгі жобалар.....	94
Парниктік газдар шығарындылары.....	96
Энергия үнемдеу және тиімділікті арттыру бағдарламалары.....	99
Қоршаған ортаға әсерді басқару.....	102
Су ресурстарын басқару.....	104
Атмосфералық ауаны қорғау.....	111
Шығарындыларды басқару және жабдықты жаңғырту.....	111
Шығарындылар мониторингі және автоматтандырылған бақылау жүйелері.....	112
Атмосфераға ластаушы заттар шығарындылары.....	112
Шикі газды ұтымды пайдалану.....	113
Қалдықтарды өңдеу және топырақ құнарлығын қалпына келтіру.....	114
Қалдықтарды есепке алу және олармен жұмыс істеу жүйесі.....	115
Тарихи ластануларды жою және жерлерді рекультивациялау.....	116
Мұнайдың төгілуін болдырмау және жою шаралары.....	117
Биоалуантүрлілікті сақтау.....	118
Басқару тәсілі.....	118
ҚМГ-нің қызмет ету өңірлеріндегі ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен биоалуантүрлілік.....	121
Жоспарланып отырған шаруашылық қызметке экологиялық баға беру.....	123
Экологиялық бағалау рәсімі және қоғамның қатысуы.....	123

2024 жылғы корпоративтік стандарттарды жаңарту.....	124
Жұмыс алаңдарын жабу және қалпына келтіру.....	125
«Жасыл кеңсе» қағидаттарын енгізу.....	126
Кеңсе кеңістігін экологияландыру.....	126
Экологиялық бастамалар мен корпоративтік акциялар.....	126
Экологиялық викториналар мен білім беру іс-шаралары.....	128
Заңнама талаптарына сәйкестік және экологиялық шығыстар.....	128
Қоршаған ортаны қорғауға арналған шығыстар.....	128
Қоршаған ортаны қорғау заңнамасының талаптарына сәйкестік.....	129

6 ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ.....130

ӨК, ЕҚ және ҚОҚ саласындағы менеджмент жүйесі.....	132
Негізгі көрсеткіштер.....	134
Өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару.....	135
Көлік қауіпсіздігі.....	136
Өрт қауіпсіздігі.....	136
Мердігер ұйымдармен өзара іс-қимыл.....	137
Өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау саласын цифрландыру.....	138
Өндірістік санитария және еңбек гигиенасы.....	139

7 ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК.....142

Персоналды басқару.....	144
Қызметкерлердің саны мен құрылымы.....	145
Персоналды іріктеу және бейімдеу.....	147
Оқыту және дамыту.....	149
Қызметкерлердің қызметін бағалау.....	152
Мұрагерлік жүйесі және дарынды қызметкерлерді басқару.....	153
Жас мамандармен жұмыс.....	153
Жалақы мен ынталандыруды басқару.....	154
Әлеуметтік саясат.....	155
Кәсіподақтар және ұжымдық шарттар.....	156
Ішкі коммуникациялар.....	158
Омбудсмен.....	158
Этикалық қағидаттар.....	159
Өтініштер мен шағымдарды беру тетіктері.....	160
Адам құқықтарын қорғау.....	162
Біздің қауымдастықтарымыз.....	166
Жеткізушілермен өзара іс-қимыл.....	168

8 ҚОСЫМШАЛАР.....172

Есеп туралы.....	174
Негізгі ESG көрсеткіштері.....	181
Өндірістік көрсеткіштер.....	181
Экономикалық көрсеткіштер.....	182
Экологиялық көрсеткіштер.....	183
Әлеуметтік көрсеткіштер.....	189
Тәуелсіз тексеру нәтижелері туралы есеп.....	195
GRI көрсеткіштер индексі.....	198
SASB көрсеткіштер кестесі.....	205
Терминдер мен анықтамалар.....	208



Тұрақты даму есебінің тұжырымдамасы: Болашаққа инвестиция

ҚМГ-нің 2024 жылға арналған тұрақты даму есебі Компанияның ұзақ мерзімді өсуге және қазіргі заманғы сын-тегеуріндерге бейімделуге бағытталған стратегиясын ашып көрсетеді. Есепте бизнес-операцияларды дамыту мен әртараптандыруға, экологиялық бастамалар мен әлеуметтік жобаларға салынған негізгі инвестициялар сипатталады. Біз барлық мүдделі тараптардың мүддесіне сай келетін өсімді қамтамасыз етуге ұмтыламыз. ҚМГ жүзеге асырып жатқан инвестициялар бизнесімізді дамытуға, ел экономикасы мен қоғамның әл-ауқатына үлес қосуға, сондай-ақ экожүйелерді қорғау міндеттерін шешуге мүмкіндік береді. ҚМГ еліміздің энергетика саласында тұрақты даму қағидаттарын ұстанатын жетекші компания болуға ниетті.






Компанияның басқа есептерін алу үшін QR кодты сканерлеңіз




ҚМГ КОМПАНИЯЛАР ТОБЫ БОЙЫНША НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР

ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕРІ

МҰНАЙ ЖӘНЕ ГАЗ ӨНДІРУ




МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУ¹



¹Мұнайды тасымалдаудың шоғырландырылған көлемі ҚМГ-ның операциялық үлесін ескере отырып (ҚТО-дан басқа), әрбір құбыр компаниясы бойынша мұнай тасымалдау көлемін қамтиды. Кейбір мұнай көлемі екі немесе үш құбыр компаниясы арқылы тасымалдануы мүмкін, сондықтан бұл көлемдер мұнайды тасымалдаудың шоғырландырылған көлемінде бірнеше рет есепке алынады.

МҰНАЙ ӨНДЕУ ЖӘНЕ МАРКЕТИНГ



СЕРВИС



-  ЖЕР ҮСТІ КӨЛІГІ, ОНЫҢ ІШІНДЕ ЖҮКТЕР МЕН ЖОЛАУШЫЛАРДЫ ТАСЫМАЛДАУ, КЕН ОРЫНДАРЫНА КӨЛІКТІК- ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ
-  ТЕҢІЗ ОПЕРАЦИЯЛАРЫН ҚОЛДАУ
-  МҰНАЙ ЖӘНЕ ГАЗ ҰҒЫМАЛАРЫН БУРҒЫЛАУ ЖӘНЕ ИГЕРУ
-  ҰҒЫМАЛАРДЫ ЖЕРАСТЫ ЖӘНЕ КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ
-  МҰНАЙ-ГАЗ ЖАБДЫҚТАРЫН ӨНДІРУ
-  ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕРДІ АВТОМАТТАНДЫРУ
-  ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫНА, АВТОМАТИКА ЖӘНЕ ТЕЛЕМЕХАНИКА ЖҮЙЕЛЕРІНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ, МҰНАЙ КӘСІПШІЛІКТЕРІНДЕ ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯ, РАДИОБАЙЛАНЫС, КӘБІЛДІК ЖӘНЕ СПУТНИКТІК ТЕЛЕДИДАР ҚЫЗМЕТТЕРІН ҰСЫНУ; ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫН ТЕКСЕРУ ЖӘНЕ ЖӨНДЕУ; КҮЗЕТ СИГНАЛИЗАЦИЯСЫНА ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ
-  МҰНАЙ ТӨГІЛУІНЕ ДЕН ҚОЮ СЕРВИСІ
-  АУЫЗ СУДЫ ӨНДІРУ ЖӘНЕ ТАСЫМАЛДАУ, ТЕҢІЗ СУЫН ТАСЫМАЛДАУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ
-  ТАМАҚТАНДЫРУДЫ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ОБЪЕКТІЛЕРГЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ Т.Б.



ҚМГ КОМПАНИЯЛАР ТОБЫ БОЙЫНША НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР

ТҰРАҚТЫ ДАМУ КӨРСЕТКІШТЕРІ





ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК



3,7 млрд теңге

2024 жылы қатысу өңірлерін қолдауға бағытталды

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК



ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК



Сатып алудағы елішілік құндылық үлесі, %

81%
77%
82%

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

ҚҰРМЕТТІ МҮДДЕЛІ ТАРАПТАР!

2024 жыл «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ үшін маңызды кезең – орнықтылық, өсу және жаңа жетістіктер жылы болды. Біз әлемдік энергетиканың өзгеру жағдайында алға жылжып, экономикада, сондай-ақ қоғамда, қоршаған ортада, біз жұмыс істейтін әрбір өңірде ұзақ мерзімді құндылықты қалыптастыратын бизнес моделін сенімді түрде қалыптастырамыз.

ҚМГ инвестициялары мұнай өндіру және өңдеу саласындағы операциялық қызметтің тиімділігін арттыру мен портфельді әртараптандырудан бастап, мұнай-газ химиясы мен жаңартылатын энергия көздері жобаларына дейін, қызметкерлерді әлеуметтік қолдаудан бастап, Компания өз қызметін жүргізетін өңірлерде аса маңызды инфрақұрылым салуға дейін бағыттардың кең спектрін қамтиды. Бұл салымдар мультипликативті әсер береді: экономиканың өсуіне ықпал етеді, жергілікті бизнесті қолдайды, өндірістік және кадрлық әлеуетті нығайтады, сондай-ақ бизнес пен экожүйелердің үйлесімдігіне жағдай жасайды.

Орнықтылық корпоративтік басқарудың жүйелік элементі ретінде

2024 жылы біз орнықты дамудың ішкі архитектурасын нығайтуды жалғастырдық. ESG қағидаттары корпоративтік басқарудың барлық деңгейлеріне дәйекті түрде интеграцияланып, Компанияның бизнес-процестерінің ажырамас бөлігіне айналады. ҚМГ Директорлар кеңесінің жанындағы Еңбек қауіпсіздігі, еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму комитеті жүргізіліп жатқан жұмыста шешуші рөл атқарады. Жыл бойы оның отырыстарында Төмен көміртекті даму бағдарламасын іске асыру, ESG-тәуекелдерді басқару, еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік жүйелерін жақсарту, сондай-ақ Компанияның БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуге қосқан үлесі жөніндегі мәселелер қаралды.

Осы жүйелі жұмыстың нәтижесі Компанияның ESG тәуекелдерін басқарудың сыртқы бағалауында көрсетілген. Өткен жылдың қарашасында Sustainalytics халықаралық агенттігі ҚМГ-ге ESG тәуекел-рейтингін 32,8 деңгейінде берді, бұл Компанияға мұнай-газ саласында бағаланған 300 компания арасында 49-шы орынды қамтамасыз етті. Сонымен қатар, ESG тәуекелдерін басқарудың орнықты деңгейі Компанияға «BBB» рейтингін берген MSCI агенттігінің бағалауымен де расталды. Сарапшылар көміртек шығарындыларын, биоәртүрлілікті, жер ресурстарын және қалдықтарды басқарудағы прогресті атап өтіп, жерді қалпына келтіру және «жасыл» технологияларды дамыту шараларын оң бағалады.

Қоғам алдындағы жауапкершілік

Мердігерлік ұйымдарды ескергенде, ҚМГ 80 мыңнан астам адамды жұмыспен қамтамасыз еткен еліміздің ең ірі жұмыс берушілерінің бірі болып табылатынын мақтан тұтамыз. 2024 жылы біз орнықты басқарудың заманауи қағидаттары көрсетілген және әрбір қызметкердің кәсіби әлеуетін дамытуға бағытталып, жаңартылған Кадр саясатын бекіттік. Оның негізін ашықтық, әділеттілік, әлеуметтік жауапкершілік, сабақтастық пен мүмкіндіктер теңдігі құрайды. ҚМГ БҰҰ мен ХЕҰ-ны қоса алғанда, халықаралық ұйымдардың қағидаттарын басшылыққа ала отырып, еңбек және адам құқықтары саласындағы жоғары стандарттарды қолдайды.

Біздің әлеуметтік жауапкершілікке деген бейілділігіміз ҚМГ өз қызметін жүргізетін өңірлерді қолдауда да көрініс тапқан. Мысалы, 2024 жылы ең маңызды инфрақұрылымдық жобалардың бірі – Кендірлідегі тұщыландыру зауыты бойынша негізгі құрылыс жұмыстары аяқталды. Бұл жоба Жаңаөзен қаласын сүмен тұрақты қамтамасыз етуге, халықтың өмір сүру сапасын арттыруға және ұзақ мерзімді

перспективада өңірдің дамуын қолдауға арналған.

Адам құқықтарын сақтау маңызды бағыт болып қала береді. ҚМГ БҰҰ декларациясын және БҰҰ-ның Адам құқықтары аспектісінде кәсіпкерлік қызметтің басшылық қағидаттарын қоса алғанда, халықаралық стандарттарға бейілділігін бекіте отырып, Адам құқықтары жөніндегі саясатты жаңартты.

Экологиялық басымдықтар

Біз климаттық стратегиямызды дәйекті түрде жүзеге асыруды жалғастырамыз. 2024 жылы қабылданған 2060 жылға дейінгі төмен көміртекті даму бағдарламасы парниктік газдар шығарындыларын азайту, ЖЭК үлесін ұлғайту және «жасыл» технологияларды енгізу бойынша нақты мақсаттарды қамтиды.

Біздің күш-жігеріміз қазірдің өзінде нәтиже беруде. ҚМГ-нің климаттық және су тәуекелдерін басқарудағы жетістіктері халықаралық деңгейде танылды – Carbon Disclosure Project бағдарламасына қатысу қорытындылары бойынша Компанияға «B» рейтингі берілді, бұл алдыңғы кезеңдермен салыстырғанда елеулі қадам болды.

2024 жылы ҚМГ OGMP 2.0 халықаралық бастамасының шеңберінде метан шығарындылары бойынша есептілікті дайындап, ұсынды, бұл Компанияның ашықтығының жоғары деңгейін көрсетеді. OGMP 2.0 – БҰҰ-ның Мұнай-газ саласындағы метан шығарындыларын азайту бағдарламасының флагмандық бағдарламасы. Сондай-ақ, ҚМГ терең трансформацияға және үздік әлемдік тәжірибелерді енгізуге ұмтыла отырып, COP-28-де Мұнай-газ секторын декарбонизациялау жөніндегі хартияға қосылды.

Сонымен қатар, біз жаңартылатын энергетика саласындағы жобаларды дамытуды жалғастырамыз. Италияндық Eni S.p.A. энергетикалық компаниясымен серіктесе отырып, Жаңаөзенде гибриді (күн+жел+газ) станцияның құрылысын жүргізіп жатырмыз, сондай-ақ Жамбыл облысында «Самұрық-Қазына» АҚ мен француздық Total Eren компаниясымен бірлесіп, қуаты 1 ГВт жел-электр станциясы бойынша жұмысты бастадық.



Бұл жобалар Компания ішінде, сондай-ақ ел деңгейінде энергия тұтыну құрылымын өзгертуге негіз қалайды.

Ұзақ мерзімді орнықты өсу

Орнықты дамуға инвестиция салу – болашаққа салынған инвестиция деп сенеміз. Осылайша біз «ҚазМұнайГаз» жолын – жауапкершілікке, көшбасшылық пен серіктестікке негізделген орнықты өсу жолын көреміз. Біз Компанияның күші оның адамдарында, бір мақсатта, қоршаған ортаға қамқорлық жасауда және инновацияларға ұмтылуда екеніне сенімдіміз.

Осы жолда бізді қолдайтындардың барлығына алғыс айтамын. Біз диалогқа ашықпыз, жаңа сынақтарға дайынбыз және ертеңгі күнге сеніммен қараймыз. Орнықты даму – бұл біздің стратегиямыз, біздің миссиямыз.

*Құрметпен,
Ернат Бердіғұлов
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
Директорлар кеңесінің төрағасы*

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР, СЕРІКТЕСТЕР ЖӘНЕ АКЦИОНЕРЛЕР!

2024 жыл «КазМұнайГаз» ұлттық компаниясының даму стратегиясын іске асырудағы маңызды кезең болды. Біз ел экономикасының басты саласын жүйелі түрде дамытып, қоғам мен келер ұрпақ алдындағы жауапкершілік қағидаттарына адалдығымызды сақтап келеміз. Біз үшін орнықты даму – жаңғыртуға, экологияға, қызметкерлердің әл-ауқатына және өңірлердің тұрақтылығына салынған нақты инвестициялар.

2024 жылы атқарған әрбір ісіміз экономикалық, экологиялық және әлеуметтік тұрғыдан ұзақ мерзімді құндылықты қалыптастыруға бағытталды. Бұл есеп қоғам мүддесін және қоршаған ортаны қорғауды ескере отырып, инвестиция салуды көздейтін философиямыздың көрінісі.

Адамдар – стратегиямыздың өзегі



2024 жылы электрондық медициналық тексеру жүйесін кеңейттік: 63 жаңа модуль орнатылды, санитарлық бақылаудың үлгілік бағдарламасы мен Қызметкерлерді сауықтырудың 2025–2027 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары бекітілді.

Жастар саясаты – біздің стратегиялық басымдығымыз. Біз өңірлердегі жоғары оқу орындарымен ынтымақтасып, «Жас маман», «Стажер», дуалды оқыту және «KMGE School» сияқты бағдарламаларды жүзеге асырып, жаңа буын мамандарын даярлап жатырмыз.

36 мыңнан астам қызметкердің мүддесін білдіретін 35 кәсіподақпен диалог әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Барлық міндеттемелер орындалды, 2024 жылы әлеуметтік қолдауға 25 млрд теңге бөлінді.

ҚМГ өңірлерді дамытуға белсенді атсалысуда. Орал қаласында «Jaiyq Arena» спорт кешені, Атырауда ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған қолдау орталығы, Қызылордада технопарк бар Оқушылар сарайы салынды. Samruk-Kazyna Trust қоры арқылы су тасқынынан зардап шеккен өңірлерге 10 млрд теңгеге дейін көмек көрсетілді.

Экология – тұрақты өсудің негізі

Экологиялық жауапкершілік – аса маңызды басымдық. 2024 жылы 1 099 мың тонна тарихи мұнай қалдығы кәдеге жаратылып, 172 га жер қалпына келтірілді. 2018 жылдан бері 4,5 млн тонна қалдық өңделді, атап айтқанда, «Қаражанбасмұнай» АҚ 2021 жылдан бері 518 мың тоннадан астам мұнай қалдығын кәдеге жаратып, өз келісімшарттық аумағындағы тарихи ластануды толықтай жойды.

Шикі газды тиімді пайдалану көрсеткіші 98,9%-ға жетті. 2017 жылмен салыстырғанда факельдік жағу көлемі 89%-ға азайды. Осы көрсеткіштерге жаңғырту, үздік технологияларды енгізу және қатаң бақылау нәтижесінде қол жеткізілді.

Су ресурстарын басқару мәселелерін шешу аясында Кендірліде теңіз суын тұщыту зауытының құрылысы жалғасуда (тәулігіне 50 мың м³), оны 2025 жылы іске қосу жоспарланған. «Қаражанбасмұнай» АҚ қуаты тәулігіне 42,5 мың м³ болатын қабат суын тұщыту зауытын іске қосты. 2022 жылмен салыстырғанда су алу көлемі 4,07 млн м³-ге қысқарды.

ҚМГ Қазақстанның 2060 жылға дейінгі көміртегі бейтараптығына қол жеткізу жөніндегі ұлттық мақсатын қолдайды. Қазіргі уақытта Жамбыл облысында қуаты 1 ГВт (энергия жинақтаушыларымен) ЖЭС-ті (ҚМГ үлесі – 20%) егжей-тегжейлі жобалау басталды, сондай-ақ Маңғыстау облысында (Жаңаөзен қ.) ЖЭК-ті, сондай-ақ газдан электр энергиясының дәстүрлі өндірісін біріктірген гибриді электр станциясының (247 МВт) құрылысы қарқынды жүріп жатыр.

Сонымен қатар, жаңартылатын энергия көздерін және көмірқышқыл газын ұстау технологияларын пайдалана отырып, төмен көміртекті сутек өндіру әлеуеті бағалануда. Батыс өңірлерде «жасыл» сутек өндіру мүмкіндіктерін талдау үшін Су ресурстарының цифрлық атласы әзірленді.

Еншілес және тәуелді ұйымдарымыз көміртегі ізі мен энергия тиімділігін арттыруға бағытталған Төмен көміртекті даму бағдарламасының іс-шаралар жоспарын орындау бойынша белсенді жұмыс жүргізуде. Атқарылған жұмыстар экологиялық қауіпсіздікке қосқан үлес қана емес, сондай-ақ табиғатты тиімді қорғау саясатына үлгі бола алады.

Болашақ алдындағы жауапкершілік

Әлем өзгеруде және ҚМГ Қазақстанның энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде негізгі ойыншы болып қала береді. Алайда, нағыз көшбасшылық өндіру көлемімен ғана емес, сондай-ақ қоғамға, табиғатқа және ел экономикасына қосқан құндылығымызбен де өлшенеді.



Орнықты технология мен экологияға, адамдар мен өңірлерге инвестиция сала отырып, қуатты әрі өркендеген Қазақстанның іргетасын қалап жатырмыз.

ҚМГ ұжымына, серіктестеріміз бен акционерлерімізге бірлесіп атқарған жұмысы үшін алғысымды білдіремін. Біз бірлесіп ертеңіміздің тұрақты энергетикасын қалыптастырудамыз.

*Құрметпен,
Асхат Хасенов
«КазМұнайГаз» ҰК АҚ
Басқарма төрағасы*



ҚАЗАҚСТАН МҰНАЙЫНА – 125 ЖЫЛ: ТАРИХ, МАҚТАНЫШ, БОЛАШАҚҚА ЖОЛ

2024 жылы Қазақстанда мұнайды өнеркәсіптік өндірудің басталғанына 125 жыл толды – бұл отандық мұнай саласының ұзақ және бай тарихын ғана емес, сонымен қатар оның елдің экономикасын, инфрақұрылымы мен капиталын дамытуға қосқан баға жетпес үлесін бейнелейтін кезең.

Қазақстан мұнайының тарихы 1899 жылы Атырау облысындағы Қарашұңғыл кен орнында алғашқы өнеркәсіптік мұнай фонтаны атқылаған сәттен бастау алады. Бұл оқиға еліміздің мұнай өнеркәсібінің негізін қалаған тарихи белес болды. XX ғасырдың басында Доссор (1911 ж.) және Мақат (1913 ж.) кен орындары ашылып, белсенді түрде игеріле бастады, нәтижесінде аймақ Қазақстан мұнайының жүрегі атанды.

Бір ғасырдан астам уақыт бойы бұл сала алғашқы қолмен бұрғылау қондырғыларынан жоғары технологиялық өндірістік кешендерге дейін жүрді. Кеңес дәуірінде мұнай саласы ауқымды индустрияландырумен және геологиялық барлаумен ерекшеленді, оның нәтижесінде Жетібай мен Өзен сияқты ірі кен орындары ашылып, Маңғыстау мұнайының дәуірі басталды. Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін Қазақстан мұнай саласының дамуына жаңа серпін беріп, халықаралық инвестицияларға жол ашты және озық технологияларды енгізе бастады. Теңіз, Қарашығанақ және Қашаған кен орындарын игеру жобалары еліміздің әлемдік ірі мұнай өндіруші елдер қатарына кіруіне мүмкіндік берді.

Қазақстанның ұлттық мұнай-газ компаниясы ретінде «ҚазМұнайГаз» қазіргі мұнай саласының даму тарихында маңызды орын алады. Компания

еліміздегі мұнай өндірудің қалыптасуына негіз болған ондаған кәсіпорынның бай мұрасын сақтап қана қоймай, стратегиялық жобаларды іске асыру, инфрақұрылымды жаңғырту, инновациялар енгізу және жаңа құзыреттерді дамыту арқылы осы мұраны жалғастырып келеді. ҚМГ – дәстүр жалғастырушысы әрі тұрақты өзгерістердің жетекшісі ретінде қазіргі мұнай-газ саласының келбетін айқындап отыр.

Мұнай саласының 125 жылы – бұл мыңдаған адамның жанқиярлық еңбегінің 125 жылы: бұрғышылардың, геологтардың, инженерлердің, технологтардың, операторлардың, экологтардың, құрылысшылардың, энергетиктердің, механиктердің, дәнекерлеушілердің, жүргізушілердің, IT-мамандардың, логистердің, өнеркәсіптік қауіпсіздік мамандары мен басқа да кәсіби мамандардың еңбегі. Бұл жетістіктер, қиындықтарды жеңу және үнемі алға жылжу тарихы. Бүгінде де, бір ғасырдан астам уақыт бұрынғыдай, мұнай ілгерілеудің қуатты қозғалтқышы әрі болашаққа сенімді көзқарастың негізі болып қала береді.



ТҰРАҚТЫ
КӨШБАСШЫЛЫҚ

2024



«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ–НА 60 ЖЫЛ: ДӘСТҮР, ЭНЕРГИЯ, ДАМУ

2024 жылы отандық мұнай саласының қалыптасуы мен даму тарихында шешуші рөл атқаратын Қазақстанның ірі мұнай өндіруші кәсіпорындарының бірі – «Өзенмұнайгаз» АҚ-на құрылғанына 60 жыл толды. Компания тарихы бірегей Өзен кен орнын игерумен және бүгінгі күні Маңғыстау облысының ірі өнеркәсіптік әрі әлеуметтік орталығы саналатын Жаңаөзен қаласының қалыптасуымен тығыз байланысты.

Өзен кен орнында барлау жұмыстары 1959 жылы басталды. 1960 жылы алғашқы газ фонтаны, ал 1961 жылғы 15 желтоқсанда алғашқы мұнай фонтаны атқылады. 1964 жылы мұнайды өнеркәсіптік өндіру басталды. Бұл оқиғалар Маңғыстау өңірінің мұнай өнеркәсібі дамуының жаңа кезеңінің басталғанын білдірді.

1965 жылғы 15 шілдеде Өзен мұнайы тиелген алғашқы эшелон Атырау мұнай өңдеу зауытына жөнелтілді. Бірнеше жылдан кейін Өзен-Атырау-Самара бағытында ірі магистральдық мұнай құбыры салынды. 1966 жылы алғаш рет бір миллион тонна мұнай өндірілді. Өткен ғасырдың 70-жылдары бұл кен орын республикада өндірілетін мұнай көлемінің жартысын қамтамасыз етіп, бүкіл Кеңес Одағы экономикасы үшін стратегиялық маңызға ие болды.

1996 жылы мұнай кәсіпшілігі басқармасы «Өзенмұнайгаз» ашық акционерлік қоғамы болып қайта құрылды. 2004 жылдан бастап кәсіпорын «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ құрамына кірді, ал 2012 жылдан бастап «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

құрылымында дербес өндірістік компания ретінде жұмыс істейді.

Алты онжылдық бойы «Өзенмұнайгаз» өндірістік қуаттарын арттырып қана қоймай, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына да елеулі үлес қосып келеді. Компания әлеуметтік инфрақұрылым құрылысын жүргізіп, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет пен спорт салаларын қолдайды, жаңа жұмыс орындарын ашып, қызметкерлердің біліктілігін арттыруға инвестиция салады. Өндірістік процестерді жаңғыртуға, цифрлық технологияларды енгізуге, қоршаған ортаны қорғауға және өнеркәсіптік қауіпсіздікке ерекше көңіл бөлінеді.

Бүгінгі таңда «Өзенмұнайгаз» бұл 10 мыңнан астам қызметкер, ортақ құндылықтармен және орнықты дамуға деген ұмтылыспен біріктірілген кәсіпқойлар ұжымы.



ТҰРАҚТЫ КӨШБАСШЫЛЫҚ

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ



Компания бейіні.....	16
Бизнес-модель.....	20
Құн құру тізбегі.....	22

**БОЛАШАҚҚА
ИНВЕСТИЦИЯ**

КОМПАНИЯ БЕЙІНІ

GRI 2-1


«КазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы – көмірсутектерді барлау мен өндіруден, оларды тасымалдау мен өңдеуден бастап, мамандандырылған сервистік қызметтер көрсетуге дейінгі толық өндірістік циклді жүзеге асыратын тігінен интеграцияланған мұнай-газ компаниясы.

ҚМГ «Ел экономикасының мұнай-газ секторында мемлекеттің мүдделерін одан әрі қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 ақпандағы №811 Жарлығына және «Қазақстан


Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 ақпандағы №248 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 ақпандағы №811 қаулысына сәйкес құрылды. ҚМГ «Қазақойл» ұлттық мұнай-газ компаниясы», «Мұнай және газ көлігі» ұлттық компаниясы» жабық акционерлік қоғамдарының және «КазМұнайГаз – өңдеу және маркетинг» акционерлік қоғамының құқықтық мирасқорына айналды. ҚР Үкіметі атынан ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті ҚМГ құрылтайшысына айналды.

АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛ ҚҰРЫЛЫМЫ

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚМГ акционерлері:



«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы



«ҚР Ұлттық Банкі» Республикалық мемлекеттік мекемесі



«Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі» Республикалық мемлекеттік мекемесі



KASE және AIX биржаларындағы еркін айналымдағы акциялар

ТОП ҚҰРЫЛЫМЫ

ҚМГ тобына ҚМГ тікелей немесе жанама түрде дауыс беретін акциялардың (үлестердің) 50%-дан астамына иелік ететін 105 компания кіреді. Оның ішінде 55 компания Қазақстанда, қалған активтер Румынияда, Грузияда, Швейцарияда, Нидерландыда, Канадада, Болгарияда, Молдовада, Ресейде, Түркияда, Ұлыбританияда, Германияда, БАӘ-де, Гибралтарда, Британ Виргин аралдарында, Маршалл аралдарында, Багам аралдарында және Мэн аралында орналасқан.

ТОП ҚҰРЫЛЫМЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

Топтағы заңды тұлғаларды қысқарту, оның ішінде ЕТҰ тарату/қайта ұйымдастыру есебінен қысқарту жекешелендіру бағдарламалары мен дивестициялар шеңберінде жүргізіледі.

ҚМГ жекешелендірудің 2021–2025 жылдарға арналған жаңартылған кешенді жоспары мыналарды қамтиды:


- сатылатын 53 компания;
- ҚМГ IPO периметріне енгізілген 94 компания;
- Өткізу және қайта ұйымдастыру тәртібі мен шарттарын «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасы белгілейтін ҚМГ тобы бойынша 7 компания.

2024 жылғы 13 қарашада ҚМГ Директорлар кеңесі 2024 жылдан 2025 жылға дейін 7 компанияны шығаруды көздейтін ҚМГ стратегиялық емес активтерінің жаңартылған тізбесін бекітті. 2024 жылғы тізімге сәйкес:

- 2 компания таратылды (Snow Leopard International Inc., «ҚМГ-Устюрт» ЖШС);
- 2 компанияда қатысу үлестері іске асырылды («Karaton Operating Ltd.» ЖК, «Силлено» ЖШС).

Бұдан басқа, 2024 жылы дауыс беретін акциялардың (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде ҚМГ-ға тиесілі компаниялар тізіміне кірмейтін мынадай компаниялар шығарылды/құрылды.


- 3 компания таратылды («АқтауОйлМаш» ЖШС, Caspi Meruerty Operating Company B.V., BIO ADVANCED ENERGY SAS);
- 2 компания құрылды (Mangistau Power B.V., Mangistau Renewables B.V.).



ҚЫЗМЕТ ГЕОГРАФИЯСЫ

БАС КЕҢСЕ

ҚМГ Астана қаласында орналасқан, сондай-ақ Ақтау қаласында өкілдігі бар.



- ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ӨНДІРУ АКТИВТЕРІ
- МЕГАЗОБАЛАР
- МАС, МҰНАЙ АЙДАУ СТАНЦИЯСЫ
- БМАС, БАС МҰНАЙ АЙДАУ СТАНЦИЯСЫ

- 1 «МұнайТас» СЭТК» ЖШС
- 2 «Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС
- 3 Каспий Құбыр Консорциумы
- 4 «ҚазТрансОйл» ЖШС

Қолданыстағы мұнай құбыры

- МӨЗ
- Барлау және өндіру

БИЗНЕС-МОДЕЛЬ

Бәсекелік артықшылықтар

- Бірегей географиялық орналасу.
- Құн жасау тізбегінің барлық кезеңдерінде толық интеграция.
- Қаржылық тұрақтылық.
- Тауарлы активтер портфелінің әртараптандырылуы.
- Қазақстандағы мұнай тасымалдау саласындағы көшбасшылық ұстаным.
- Заманауи мұнай өңдеу зауыттары.
- Мұнай-химия жобалары – Компанияның жаңа өсім драйвері.
- Заманауи корпоративтік басқару жүйесі және орнықты даму қағидаттарына бейілділік.

Қызмет бағыттары

- 
Көмірсутектерді барлау және өндіру: ҚМГ мұнай мен газ кен орындарын барлау және игерумен айналысады, тұрақты өндіру көлемін қамтамасыз етіп, тартымды өсу әлеуеті бар әртараптандырылған активтер портфеліне ие.
- 
Мұнай мен газды тасымалдау: Компания Қазақстандағы мұнай тасымалдау жобаларының барлығына қатысады, нарықтың 56%-ын иеленіп, газ тасымалдау инфрақұрылымының елеулі бөлігін басқарады.
- 
Мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу: ҚМГ Қазақстандағы төрт ірі мұнай өңдеу зауытын және Румыниядағы екі зауытты бақылайды, ішкі және сыртқы нарықтарда мұнай өңдеу және өнім өткізу қызметін жүзеге асырады.
- 
Мұнай-химия: ҚМГ мұнай-химия саласындағы жаңа бағыттарды дамытып жатыр, соның ішінде полипропилен өндіру зауыты іске қосылып, полиэтилен өндіру жобасы әзірленуде.
- 
Сервистік қызметтер: Компания өндірістік қуаттардың үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында техникалық қызмет көрсету және жабдықтарды жөндеу бойынша қызметтер ұсынады.

Стратегиялық басымдықтар


- 
Ресурстық базаны ұлғайту: Дәстүрлі қызмет пен болашағы бар бағыттарды қамтамасыз ету үшін жеткілікті қор қалыптастыру.
- 
Құн тізбегінің тиімділігін арттыру: Өндіру, тасымалдау, өңдеу және маркетинг қызметтеріндегі кірісті ұлғайту.
- 
Бизнесті әртараптандыру және өнім портфелін кеңейту: Мұнай-химия бағыттарын дамыту арқылы жаңа қуаттарды іске қосу.
- 
Орнықты даму және көміртегі ізін азайту: Көміртегі ізін кезең-кезеңмен қысқарту және энергия үнемдейтін технологияларды енгізу.

Мүдделі тараптар

- 
Акционерлер: Өндірістік көрсеткіштердің тұрақты өсуін қамтамасыз ету. Корпоративтік басқарудың жоғары деңгейі.
- 
Инвестициялық қауымдастық: Инвестициялардың табыстылығы, ашықтық, ESG тәжірибелерін енгізу.
- 
Мемлекет: Қазақстан экономикасының дамуына салықтық түсімдер, экспорттық табыс және шетелдік инвестицияларды тарту арқылы үлес қосу.
- 
Қызметкерлер: Қауіпсіз және қолайлы еңбек жағдайларын жасау, әлеуметтік кепілдіктер, лайықты жалақы және кәсіби даму мүмкіндіктері.
- 
Қоғам: Халықтың өмір сүру сапасын арттыру мен қоршаған ортаны қорғауға бағытталған әлеуметтік және экологиялық бастамаларды іске асыру.
- 
Тұтынушылар мен серіктестер: Жоғары сапалы өнімдер мен қызметтерді ұсыну, ұзақмерзімді және сенімді әріптестік қатынастарды қолдау.
- 
Мердігерлер: Сатып алулардың ашықтығы, ынтымақтастықтың әділ шарттары және нысандардағы қауіпсіздік.

ҚҰН ҚҰРУ ТІЗБЕГІ

GRI 2-6



МҰНАЙ МЕН ГАЗДЫ ӨНДІРУ, ТАСЫМАЛДАУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ

2024 жылы ҚМГ 23 837 мың тонна мұнай мен газ конденсатын өндірді (тәулігіне 490 мың баррель), бұл өткен жылмен салыстырғанда 1,3%-ға артық. Ілеспе және табиғи газды өндіру көлемі (кері айдау көлеміне дейін) 1,0%-ға ұлғайып, 9 554 млн м³-ге жетті.

Мұнайды магистральдық және теңіз арқылы тасымалдаудың жалпы көлемі 3,9%-ға өсіп, 83 478 мың тоннаны құрады.

Меншікті өндірілген мұнай мен газ конденсатын өткізу көлемі 1,4%-ға 24 019 мың тоннаға дейін ұлғайды, оның 64,5%-ы экспортталды.

Ішкі нарықтың қажеттіліктерін өтеу мақсатында ҚМГ-ның меншікті мұнайы мен газ конденсаты бойынша жеткізілім көлемі 8 519 мың тоннаны құрады, оның ішінде: 5 224 мың тонна шикі мұнай (операциялық активтерден – «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ, «Қазақтүрікмұнай» ЖШС) Атырау мұнай өңдеу зауытына (АМӨЗ), Павлодар мұнай-химия зауытына (ПМХЗ) және Шымкент мұнай өңдеу зауытына (ПетроҚазақстан Ойл Продактс – ПҚОП) одан әрі қайта өңдеу және мұнай өнімдерін өткізу үшін бағытталды.

МҰНАЙ ӨНІМДЕРІН ҚАЙТА ӨҢДЕУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ

Қазақстандық және румындық зауыттардағы мұнай өнімдерін өндіру көлемі 17 949* мың тоннаны құрап, 1,3%-ға¹ төмендеді.

көлемінің ұлғаюымен, сондай-ақ 2023 жылдан өткен дизель отынының қалдықтары есебінен қосымша көлемдердің өткізілуімен байланысты.

ҚМГ-ның меншікті мұнай өнімдерін көтерме өткізу көлемі 6,7%-ға артып, 5 272 мың тоннаға жетті. Бұл өсім «Өзенмұнайгаз» АҚ және «Ембімұнайгаз» АҚ тарапынан мұнай жеткізілімі

¹ Мұнай өнімдерін өндіру жөніндегі орнықты даму есептердегі деректер 2024 жылғы өндірістік нәтижелерге (жедел есепте) енгізілмеген өзге де мұнай өнімдерін (Нафта, газойл және басқалар) қамтиды.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕР



Қазақстан экономикасына қолдау көрсету	26
Инвестициялық жобалар	28

БОЛАШАҚҚА
ИНВЕСТИЦИЯ



3-қағидат. Іскерлік топтар бірігу еркіндігін және ұжымдық шарттар жасасу құқығын нақты мойындауды қолдауы тиіс.

ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ

GRI 201-1

«КазМұнайГаз» ҰК АҚ мұнай-газ секторының тұрақты жұмыс істеуін, қызмет жүргізілетін өңірлерді қолдауды және орнықты даму жобаларын іске асыруды қамтамасыз етеді. Компания инвестициялық қызметі, тұрақты

қаржылық нәтижелері, салық төлемдері, жұмыс орындарын құру, әлеуметтік жобалар және отандық өндірушілерді қолдау арқылы мүдделі тараптар үшін ұзақ мерзімді экономикалық құн қалыптастырады.

МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫН ДАМУ

ҚМГ еліміздің мұнай-газ секторының тұрақты дамуын қамтамасыз етіп, энергия ресурстарын өндіру мен қайта өңдеудің артуына ықпал

етуде. 2024 жылы Компания келесі нәтижелерге қол жеткізді:

23,8 млн тонна

Мұнай мен конденсат өндіру
(2023 жылмен салыстырғанда 1,3%-ға өсті)

9,55 млрд шаршы м

Табиғи және ілеспе газ өндіру
(1%-ға өсті)

83,5 млн тонна

Мұнай тасымалдау
(4%-ға өсті)

557 мың тонна

Битум өндірісі

Қосымша құны жоғары өнім шығару мақсатында мұнай-химияны дамыту – стратегиялық бағыттардың бірі. 2024 жылы KPI-де өндірілген

полипропилен көлемі 249 мың тоннаны құрап, 37%-ға артты.

ФИСКАЛДЫҚ ҮЛЕС

ҚМГ – елдегі ең ірі салық төлеушілердің бірі. 2024 жылы Компания **1,08 трлн теңге салық** төлеп, бұл қаражат мемлекеттік бағдарламаларды қаржыландыруға және экономиканы дамытуға бағытталды.

Салық саясаты және салық төлемдері туралы ақпарат Компанияның сайтында орналастырылған.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

ҚМГ мұнай-газ секторының негізгі сегменттеріне, инфрақұрылымға және орнықты даму жобаларына белсенді инвестиция салуды жалғастыруда. 2024 жылдың соңында ҚМГ инвестициялық портфелінің құны 51,3 трлн теңгеге бағаланды (оның ішінде ҚМГ үлесі – 19 390 млрд теңге). Бұл жобалар Қазақстан экономикасының дамуына мультипликативтік әсер етеді.

Компания, сондай-ақ, акционерлер үшін табыс әкеледі, олардың едәуір бөлігі мемлекет пен Қазақстан азаматтарына тиесілі. ҚМГ акцияларының биржадағы құны бастапқы орналастырудан бері 60%-ға өсті.

«Инвестициялық қызмет» бөлімін толығырақ қараңыз.

ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН ҚҰРУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

ҚМГ еліміздегі ең ірі жұмыс берушілердің бірі болып табылады. Компанияның штаттағы қызметкерлер саны шамамен 50 мың адамды, ал мердігерлік ұйымдарды есептегенде 80 мың адамды құрайды. ҚМГ жұмыс орындарын ұсынып қана қоймай, қызметкерлерге әлеуметтік қолдау көрсететін және олардың кәсіби өсуі мен әл-ауқатын арттыруға

бағытталған бағдарламаларды іске асырады. Жас мамандарды дамытуға, білім алуға және мансаптық өсуге жағдай жасауға ерекше көңіл бөлінеді.

«Инвестициялық қызмет» бөлімін толығырақ қараңыз.

ӨҢІРЛЕРДІҢ ДАМУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕС

ҚМГ өз қызметін жүргізетін өңірлерді белсенді түрде қолдап, әлеуметтік маңызы бар нысандар мен инфрақұрылымға инвестиция салады. 2024 жылы өңірлік инфрақұрылымды дамытуға және қолдауға 3,7 млрд теңге бағытталды. Бұл қызмет аясында Компания өңірлер үшін маңызды экономикалық инфрақұрылым, білім

беру және спорт мекемелерін салуға қаржы бөледі, сондай-ақ жергілікті қауымдастықтарды дамытуға атсалысады.

«Біздің қауымдастықтарымыз» бөлімін толығырақ қараңыз

ОТАНДЫҚ ӨНДІРУШІЛЕРДІ ҚОЛДАУ

ҚМГ отандық кәсіпорындардың өнімдеріне тұрақты сұранысты қамтамасыз ете отырып және импортты алмастыруға ықпал етіп, ұзақмерзімді оффтейк-шарттар арқылы қазақстандық бизнестің дамуына жағдай жасайды. 2024 жылы Компанияның еншілес және тәуелді ұйымдары

жалпы сомасы 58,7 млрд теңгеге 137 оффтейк-шарт жасасты.

«Инвестициялық қызмет» бөлімін толығырақ қараңыз

ОРНЫҚТЫ ДАМУ ЖОБАЛАРЫН ДАМУ

ҚМГ Қазақстанның төменкөміртекті экономикаға көшуін қолдай отырып, жаңартылатын энергия көздері (ЖЭК) саласындағы жобаларды белсенді түрде іске асыруда. Негізгі бастамалардың қатарында – Жамбыл облысында қуат жинақтау жүйесімен жабдықталған 1 ГВт қуаттылықтағы жел электр станциясының (ЖЭС) құрылысы және Маңғыстау облысындағы гибриді электр станциясы жобасы бар. Бұл жоба жаңартылатын

энергия көздерінен (жел, күн) және 247 МВт қуаттылықтағы газ электр станциясынан (бұдан әрі – ГазЭС) біріктірілген электр энергиясын өндіруді көздейді. Аталған жобалар еліміздің энергетикалық балансындағы таза энергия үлесін арттыруға мүмкіндік береді.

«Климаттың өзгеруі және төменкөміртекті даму» бөлімін толығырақ қараңыз

ҚМГ – еліміздің жетекші мұнай-газ компаниясы ғана емес, сонымен қатар Қазақстанның ұзақ мерзімді тұрақты дамуын қамтамасыз ететін маңызды экономикалық агент болып табылады. Компания инвестициялар, табыс пен салық төлемдері, жұмыс орындарын құру және әлеуметтік бастамаларды қолдау арқылы елдің экономикалық өсуіне, халықтың әл-ауқатын арттыруға және өңірлерді дамытуға елеулі үлес қосып отыр. Сонымен қатар, экономикалық міндеттер экологиялық және әлеуметтік аспектілермен өзара байланыста қарастырылып, мұнай-газ саласы мен жалпы қазақстандық экономиканың орнықты дамуын қамтамасыз етеді.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР

GRI 203-1, GRI 203-2

ЖОБАЛАРДЫ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

2024 жылы ҚМГ жобаларды басқарудың корпоративтік жүйесін (ЖБКЖ) жетілдіруді жалғастырды:

- Жобаларды басқару құжаттамасы жаңартылды.
- ЖБКЖ жұмыс үстелі нұсқаулығының екінші нұсқасы жарық көрді.
- 150 маманның қатысуымен жобаларды басқару бойынша Екінші конференциясы өткізілді.

- ҚМГ мен ЕТҰ-ның 500 қызметкері үшін жобалық басқару бойынша 9 курс өткізілді, 63 қызметкер IPMA сертификатын алды.

2025 жылы сараптама жүйесін одан әрі дамыту және жоба жетекшілерінің пулын қалыптастыру жоспарлануда.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ПОРТФЕЛЬГЕ ШОЛУ

ҚМГ-ның инвестициялық портфелі геологиялық барлау, мұнай тасымалдау, мұнай өңдеу, мұнай-газ химиясы және орнықты даму салаларындағы жобаларды қамтиды. 2025 жылдың басындағы портфельдің құны – 51 270 млрд теңгені құрайды (ҚМГ үлесі – 19 390 млрд теңге).

2024 жылы негізгі жобалар бойынша 4 972,3 млрд теңге (ҚМГ үлесі – 3 558,8 млрд теңге)

сомасына түпкілікті инвестициялық шешімдер қабылданды:

- Атырау қаласындағы газ-химия кешенінің екінші кезеңі (полиэтилен өндірісі және газ-сепарация кешенінің құрылысы).
- «CASPI BITUM БК» ЖШС жаңғырту (қайта өңдеу қуатын жылына 1,5 млн тоннаға дейін ұлғайту).

2024 ЖЫЛЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ



Геологиялық барлау және өндіру

- Солтүстік өзен, Жарық, Березовский, Мұғалжары, Болашақ учаскелерінде геологиялық барлау жұмыстары жүргізілді.
- Торғай, Қаратон Тұзасты, Қаражар, Тайсойған учаскелерінде PZ-1 (тереңдігі 5 500 м) іздеу ұңғымаларын бұрғылау басталды.
- «Абай» учаскесінде бірінші ұңғыманы бұрғылау аяқталды.
- Рожковское кен орнында 5 ұңғыма қосылды, шикі газ өндіру – тәулігіне 1,4 млн м³.
- Өріктау кен орнында ВУ-6 ұңғымасы пайдалануға берілді, өндіру өсімі – тәулігіне 90,3 тонна.
- Қаламқас-теңіз, Хазар, Әуезов кен орындарында жобалық жұмыстар басталды.



Теңіз, Қашаған, Қарашығанақ ірі жобалары

- Теңіз: болашақ кеңейту жобасы аяқталуда (99,95% дайындық), пайдалануға беру – 2025 жылдың 2 тоқсанында.
- Қашаған: өндірісті тәулігіне 710 мың баррельге дейін ұлғайту үшін 2А және 2Б кезеңдері әзірленуде.
- Қарашығанақ: 5-ші компрессордың жобасы аяқталды, 6-шы компрессордың құрылысы жүргізілуде (67,5% дайындық).





Мұнай өңдеу

- ПМХЗ-да сұйытылған газды тазарту қондырғысында іске қосу-баптау жұмыстары аяқталуда.
- 1 млн тоннаға дейін Теңіз мұнайын өңдеу үшін АМӨЗ жаңғырту басталды.
- «CASPI BITUM БК» ЖШС қуатын кеңейту жұмыстары басталды.
- АМӨЗ, ПМХЗ және ПҚОП үш жылдық жөндеу аралық кезеңге көшу жүргізілуде.




Мұнай-газ химиясы

- PP қондырғысының кепілдік сынақтары және полипропилен зауытының демонстрациялық жүгірісі аяқталды. Маркалық ассортимент кеңейтілді (10 марка), өндіріс шамамен 249 мың тоннаны құрады.
- Полиэтилен өндірісін жобалау аяқталды, Tecnicas Reunidas және Sinopres Engineering компанияларымен EPC келісімшартына қол қойылды. Ерте құрылыс жұмыстары басталды.
- «Терефтал қышқылы мен полиэтилентерефталат өндірісі» жобасының алдын ала ТЭН әзірленді.
- ҚМГ мен CNPC арасында аммиак пен карбамид өндіретін газ-химия кешенін салу жөніндегі негіздемелік келісімге қол қойылды.



Орнықты даму жобалары

- «Кендерли» тұщыландыру зауытының жобасында негізгі жұмыстар аяқталды, іске қосу – 2025 ж.
- Маңғыстау облысында гибриді электр станциясы салынууда (газ + ЖЭК).
- Еуропалық Қайта құру және Даму Банкінің, ҚМГ-Аэро, Air Astana қатысуымен тұрақты авиациялық отын өндіру зауытын (SAF) салу жөніндегі жобаға техникалық-экономикалық зерттеу жүргізілді.
- Бұл жобаларды іске асыру бизнесті әртараптандыруға, көміртегі ізін азайтуға және Қазақстанның энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ықпал етеді.



СТРАТЕГИЯ ЖӘНЕ ОРНЫҚТЫ ДАМУ

GRI 2-22



Корпоративтік стратегияны іске асыру.....	34
Қызметтің негізгі көрсеткіштері.....	37
Қызмет тиімділігін бағалау.....	37
Орнықты даму басқару жүйесін бақылау және жетілдіру	38

**БОЛАШАҚҚА
ИНВЕСТИЦИЯ**



- 1-қағидат.** Іскерлік топтар халықаралық деңгейде жария етілген адам құқықтарын қорғауды қолдап, құрметтеуге тиіс.
- 8-қағидат.** Іскерлік топтар қоршаған ортаның жай-күйі үшін жауапкершілікті арттыруға бағытталған бастамаларды қабылдауы тиіс.
- 9-қағидат** Іскерлік топтар экологиялық қауіпсіз технологияларды дамытуға және таратуға жәрдемдесуі тиіс.

КОРПОРАТИВТІК СТРАТЕГИЯНЫ ІСКЕ АСЫРУ

2024 жылы мұнай-газ саласы жаһандық экономикалық және геосаяси факторлардың ықпалын сезінуді жалғастырды, бұл өз кезегінде бағаның тұрақсыздығына, инвестициялардың шектелуіне және көмірсутек ресурстарына деген сұраныстың өзгеруіне алып келді. Осындай жағдайда «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ стратегиялық күш-жігерін энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, геологиялық барлауды күшейтуге,

экспорттық бағыттарды әртараптандыруға, мұнай-газ химиясы саласын дамытуға және жаңартылатын энергия көздерін енгізуге жұмылдырды. Компания инвестицияларды дәстүрлі мұнай-газ қызметі мен тұрақты даму арасында теңгерімді ұстауды жалғастыруда, бұл ҚМГ-нің 2022–2031 жылдарға арналған ұзақмерзімді стратегиясында көрініс тапқан.

2024 ЖЫЛҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАР МЕН НӘТИЖЕЛЕР

№ 1 СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТ:

Компанияның өсуін қамтамасыз ету үшін жеткілікті ресурстық база

ҚМГ ағымдағы қызметті де, перспективалы жобаларды да қамтамасыз ететін көмірсутектер қорларын ұлғайтуға күш салады. Мақсатқа жетудің негізгі құралдары – органикалық өсу, стратегиялық серіктестіктер және жаңа активтерді сатып алу.

2024 жылғы нәтижелер:

- Төрт жоба бойынша (Торғай Палеозойы, Қаратон Тұзасты, Қаражар, Тайсойған) барлау ұңғымаларын терең бұрғылау басталды.
- ЖҚГЗ 1.0 жобасы аясында бес болашағы зор учаске (Мұғаджар, Березовский, Жарқын, Болашақ, Солтүстік Өзен) анықталып, далалық жұмыстар аяқталды және серіктестер анықталды.
- ЖҚГЗ 2.0 жобасы бойынша 2025–2026 жылдарға арналған жоспарлармен үш жаңа учаске (Береке, Шығыс, Оңтүстік Шү-Сарысу) айқындалды.

№ 2 СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТ:

Компанияның құн тізбегінің тиімділігін арттыру

ҚМГ операциялық тұрақтылыққа ерекше назар аудара отырып, мұнай өндірудің, өңдеудің, тасымалдаудың және өткізудің барлық кезеңдерінде барынша тиімділікке ұмтылады.

2024 жылғы нәтижелер:

- Жаңа технологияларды енгізудің арқасында қосымша 418 мың тонна мұнай өндіру.
- Өзен және Қарамандыбас кен орындарын оңалту жобасын іске асыру қосымша 157,7 мың тонна мұнай өндіруге мүмкіндік берді.
- Рожковское, Шығыс Өріктау, Ақсай Южный кен орындарында газ өндіру басталды.
- Қаламқас Теңіз-Хазар жобасы бойынша ерте дайындық жұмыстары.
- Қарашығанақта 5-ші газды кері айдау компрессоры іске қосылды.
- ТШО-да СҚБЖ жобасының объектілері пайдалануға берілді.

ҚЫЗМЕТТІН СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ

ҚҰНДЫЛЫҚТЫҚ ҚҰРУ

ЭНЕРГИЯЛЫҚ АУЫСУ


СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАР



МІНДЕТТЕР – 2031

- Құрлықтағы да, теңіздегі де жобалар бойынша қорларды ұлғайту
- Қорлардың өндіруге жеделдетілген айналымы
- Перспективалық учаскелер бойынша жер қойнауын геологиялық зерделеу
- 2022–2031 жылдардағы мұнайды сомалық өндіру **240 млн тонна**
- МӨЗ-дің үздіксіз жұмысы
- Газ өндіруді өсіру және оны коммерцияландыру
- Мұнай-химия өнімдерін өндіру (бензол, параксиллол)
- Құрылған қуаттарды пайдалану тиімділігін арттыру
- Мұнайды экспортқа тасымалдаудың қосымша бағыттарын дамыту
- Төмендегілерді өндіру бойынша **мұнай-химия жобаларын іске асыру**:
 - Полиэтилен
 - Полипропилен
 - Карбамид
 - Полиэтилентерефталат
 - Терефтал қышқылы
- ESG-рейтингті** біртіндеп арттыру
- Көміртегі шығарындыларын** өтеуді алуға бағытталған жобаларды іске асыру
- I-REC** сертификаттарын алу
- 2019 жылмен салыстырғанда CO₂ шығарындыларын **15%** қысқарту
- орман-климаттық жобалары
- Төмен көміртекті сутегі
- ҚМГ үлесіне** кемінде **300 МВт** жалпы белгіленген қуатпен жаңартылатын энергия көздерін дамыту
- CO₂ ұстау және сақтау технологиясын қолдану
- Өндірістің көміртек сыйымдылығы мен энергия сыйымдылығы кемінде **10%-ға** төмендету

БАРЛЫҚ ҚЫЗМЕТ БАҒЫТТАРЫ



- Экспорттық маршруттар кеңейтілді: Баку-Тбилиси-Джейхан (+34%) және Дружба (+50%) құбырлары бойынша жеткізілімдердің өсуі.
- 3 МӨЗ-да жеңіл мұнай өнімдерін өндіру 370 мың тоннаға ұлғайтылды, шығарындылар мониторингінің автоматты жүйесі енгізілді.
- Caspi Bitum және Шымкент МӨЗ кеңейту жобалары жалғасуда.

№3 СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТ:

Бизнесті әртараптандыру және өнімдер портфелін кеңейту

ҚМГ мұнай-химия өнімдеріне жаһандық сұранысқа бағдарлана отырып, мұнай-газ химиясын дамытады.

2024 жылғы нәтижелер:

- КРІ интеграцияланған газ-химия кешені 249 мың тонна полипропилен шығарды (10 маркасы игерілді, ішкі сұраныс толығымен жабылды).
- СИБУР және Sinorec бірлесіп полиэтилен өндіретін газ-химия кешенінің құрылысы басталды (жылына 1,2 млн тонна). Полиэтилен жобасы бойынша түпкілікті инвестициялық шешімдер қабылданды, құрылыс жұмыстары басталды.
- «Полиэтилентерефталат» жобасы бойынша ТЭН алдындағы нәтижелер мақұлданды, стратегиялық серіктес іздестірілуде.
- CNPC-мен «Карбамид» жобасы үшін бірлескен кәсіпорын құру туралы келісімге қол қойылды.

№4 СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТ:

Орнықты даму және өндірістің көміртекті сыйымдылығын үдемелі төмендету

ҚМГ қоршаған ортаға теріс әсерді азайта отырып, орнықты даму қағидаттарын біріктіреді.

2024 жылғы нәтижелер:

- Жаңартылған ESG-тәуекел-рейтингі 2023 жылы 32,8 балды құрады, оны жақсарту жоспары іске асырылуда.
- «Климаттың өзгеруі» және «су қауіпсіздігі» блоктары бойынша Carbon Disclosure

Project халықаралық есептілігі шеңберінде 2024 жылы ҚМГ «В» рейтингін алды. Алдыңғы жылдары баға «С» болды.

- 2060 жылға дейінгі Төменкөміртекті даму бағдарламасы бекітілді (мақсаты – парниктік газдар шығарындыларын 2031 жылға қарай 15%-ға және 2060 жылға қарай 64%-ға төмендету).
- OGMP 2.0 шеңберінде метан шығарындылары бойынша UNEP-ке есеп берілді.
- Ені-мен бірлесіп гибриді электр станциясының құрылысы (газ және ЖЭК) басталды.
- Total Eren-мен «Мирный» жобасы (1 ГВт) бойынша келісімді ратификациялау туралы заңға қол қойылды, 1,4 млрд АҚШ доллары көлемінде қаржыландыру тартылды.
- Жаңаөзенге тұщыландырылған су беру үшін 201 км магистральдық су құбырын салуды қоса алғанда, Кендерлидегі тұщыландыру зауыты бойынша негізгі құрылыс жұмыстары аяқталды.
- 1099 мың тонна тарихи қалдықтар кәдеге жаратылды.
- Кадр саясаты жаңартылды.
- 5,1 млрд теңге қызметкерлерді оқытуға бағытталған.
- Түрлі ЕТҰ-да 64 қосымша Электрондық медициналық тексеру жүйесі орнатылды.
- ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің талаптарына сәйкес Бірыңғай үлгілік өндірістік санитариялық бақылау бағдарламасы бекітілді.
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобы қызметкерлерін сауықтыру бағдарламасы бойынша 2025–2027 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары бекітілді.

ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

2024 ЖЫЛЫ ҚМГ-НІҢ КОРПОРАТИВТІК ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ БОЙЫНША НЕГІЗГІ ІС-ШАРАЛАР ІСКЕ АСЫРЫЛЫП, ЖОСПАРЛАНҒАН МАҚСАТТАРҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗІЛДІ.

«Компанияның құн тізбегінің тиімділігін арттыру»

Инвестициялық жобаларды іске асыру	100 % (2023: 80 %)
Мұнай мен газ конденсатын өндіру көлемі	23 837 тыс. тонн (2023: 23 490 тыс. тонн)
Трейдингті есепке алмағанда EBITDA margin	44 % (2023: 41,1%)
TSR (акционердің жалпы кірісі)	28,55 % (2023: 43,1%)
ҚМГ компаниялар тобы сатып алатын тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер елішілік құндылық үлесі	ҚМГ тобының сатып алатын тауарлар елішілік құндылық үлесі 55 % құрады, ҚМГ тобының сатып алатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер елішілік құндылық үлесі 89 % құрады (көрсеткіш 2023 жылы енгізілген).

«Орнықты даму және өндірістің көміртекті сыйымдылығын үдемелі төмендету»

Өндірістік қауіпсіздік бойынша кешенді көрсеткіш	125 % (2023: 156 %)
--	---------------------

ҚНҚ орындалуы бойынша мәндер бағалы сипатында. 2024 жылға арналған көрсеткіштердің нақты мәндерін ҚМГ Директорлар кеңесі 2025 жылғы шілде айында түпкілікті бекітеді деп күтілуде.

ҚЫЗМЕТ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ

ҚМГ-ДАҒЫ БАСШЫЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ корпоративтік басқару жүйесі аясында басшылардың қызметтің негізгі көрсеткіштері (ҚНҚ) олардың Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге қосқан үлесін бағалау құралы болып табылады. Бұл көрсеткіштер дамудың экономикалық, экологиялық және әлеуметтік аспектілерін, сондай-ақ корпоративтік басқару элементтерін қамтиды.

Басшылардың қызметінің тиімділігін бағалау процесі ҚМГ-нің Даму стратегиясының орындалуын бақылауға бағытталған және мыналарды қамтиды:

- Қызметкерлердің стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге қосқан үлесінің нәтижелілігін бағалау.
- Сыйақыны есептеуде уәждемелік ҚНҚ-ің пайдалану.
- Ашықтық пен есептілікті қамтамасыз ететін ҚМГ қызметкерлері үшін ҚНҚ және мақсат қою жүйесін қолдану.

КОРПОРАТИВТІК ҚНҚ

Орнықты даму міндеттерін іске асыруды қамтамасыз ету үшін келесі корпоративтік ҚНҚ бекітілді:

- Орнықты даму саласындағы жобаларды қоса алғанда, инвестициялық жобаларды іске асыру (мысалы, Кендерлиде тұщыландыру зауытының құрылысы және Жаңаөзен қаласында жаңа ГӨЗ құрылысы)
- Жазатайым оқиғалар коэффициентін төмендетуге және қауіпті жағдайларды анықтауға бағытталған өндірістік қауіпсіздік бойынша кешенді көрсеткіш

Басқарма мүшелері (Басқарма төрағасының орынбасарлары) және ҚМГ құрылымдық бөлімшелерінің басшылары деңгейіндегі уәждемелік ҚНҚ арасында орнықты даму саласындағы келесі ҚНҚ анықталды:

- 2024 жылға арналған ҚМГ ЕТҰ мердігерлік ұйымдарында жүргізілген ІR-скринингтердің нәтижелері бойынша анықталған кемшіліктерді жою жөніндегі іс-шараларды іске асыру
- 2024 жылға арналған ҚМГ ЕТҰ әлеуметтік-тұрмыстық инфрақұрылымын жақсарту бойынша ЕТҰ жол карталарын іске асыру
- Жетекшілік ететін бизнес-бағыт бойынша 2022–2031 жылдарға арналған ҚМГ

Төменкөміртекті даму бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау

- ЖЭК жобаларын іске асыру
- Тарихи мұнай қалдықтарын қалпына келтіру
- «Сапарларды басқару» жобасы шеңберінде көліктік қамтамасыз етуді есепке алудың ақпараттық жүйесін енгізу
- ӨҚ, ЕҚ және ҚО мәселелері бойынша ЕТҰ-да кешенді тексерулер жүргізу
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобында 2025–2028 жылдарға арналған персоналды сауықтыруға бағытталған Корпоративтік бағдарламасын әзірлеу
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ кадр саясатын өзектендіру
- ҚМГ тобы бойынша әлеуметтік тұрақтылық индексі

Жекелеген ЕТҰ басшылар деңгейінде ҚНҚ айқындалды:

- Өндірістік қауіпсіздік бойынша кешенді көрсеткіш
- Көміртегі ізінің мөлшерін азайту
- Ішкі коммуникациялар жүйесі арқылы корпоративтік мәдениетті дамыту

ОРНЫҚТЫ ДАМУ АСПЕКТІЛЕРІН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ДАМУ

2024 жылы ҚМГ экологиялық тәуекелдерді төмендетуге, әлеуметтік жауапкершілікті арттыруға және корпоративтік басқаруды жетілдіруге бағытталған ESG-практикаларын белсенді дамытуды жалғастырды. Есепті кезеңде декарбонизация, су ресурстарын басқару, еңбекті қорғау, адам құқықтары және персоналды басқару жөніндегі іс-шаралар

кешені іске асырылды. Төменде Компанияның орнықты даму тәжірибесін дамыту саласындағы негізгі іс-шаралары туралы ақпарат берілген.

ІС-ШАРАЛАР	ОРЫНДАЛУ МӘРТЕБЕСІ
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТ (ENVIRONMENTAL)	
Парниктік газдар шығарындыларын басқару және төменкөміртекті даму	
ҚМГ-дың 2060 жылға дейін Төменкөміртекті даму бағдарламасын өзектендіру	Бағдарлама 2024 жылғы қарашада ҚМГ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді
Төменкөміртекті даму жөніндегі іс-шаралар жоспарын өзектендіру және іске асыру	Жоспар 2025 жылғы 5 наурызда ҚМГ Басқармасының шешімімен бекітілді
TCFD ұсынымдары бойынша ақпаратты ашу	2024 жылға арналған Орнықты даму есебінде ашылады
CDP Climate Change сауалнамасындағы деректерді ашу	CDP сауалнамасы толтырылып, тапсырылды. «В» рейтингі алынды
Климаттық тәуекелдер туралы ақпаратты корпоративтік сайтта және есептілікте ашу	Ақпарат 2024 жылға арналған Жылдық есепте ішінара ашылған. Толық ақпарат 2025 жылғы есепте ұсынылады
МӨЗ-дегі технологиялық шығындар мен жағу нормаларын қайта қарау	АМӨЗ, ПМХЗ және ПҚОП өндірістерінің жаңартылған паспорттары Энергетика министрлігімен бекітілді
Су ресурстарын басқару	
Су ресурстарын басқару бағдарламасын әзірлеу	Бағдарлама әзірленді
Су балансы мен су тұтыну қарқындылығы бойынша деректерді ашу	Ақпарат ҚМГ есептілігіне және CDP-ге енгізілді
Су тұтыну көрсеткіштерін есептеу және есептілікте ашу	Су қауіпсіздігі бойынша бөлім CDP корпоративтік сауалнамасына енгізілді
CDP Water Security сауалнамасындағы ақпаратты ашу	Деректер CDP сауалнамасында көрсетілді. «В» рейтингі алынды
Ластаушы заттардың шығарындыларын басқару	
Ластаушы заттар (ЛЗ) шығарындыларын азайту мақсаттарын әзірлеу	Ағымдағы жағдай туралы ақпаратты жинау және талдау жүргізілді. Мақсаттар әзірлену сатысында
ЛЗ шығарындыларын азайту бағдарламасын әзірлеу	Бағдарламаның бөлімдері әзірленді. Аяқтау 2025 жылға жоспарланған
Ілеспе газды жағу бойынша іс-шараларды ашу	Ақпарат Орнықты даму есебінде көрсетілген
Дүниежүзілік Банктің ілеспе газды жағуды тоқтату бастамаларын іске асыру	Шикі газды факельмен жағу көлемі 2017 жылмен салыстырғанда 89%-ға қысқарды. Ақпарат Орнықты даму есебінде қамтылған
Биоалуантүрлілік	
Биоалуантүрлілік бағдарламасын әзірлеу	Бағдарлама әзірлену сатысында. Аяқтау 2025 жылға жоспарланған
Жерді қалпына келтіру	
Бұзылған жерлерді жабу және қалпына келтіру ережелерін әзірлеу	Құжат әзірленді, бекіту 2025 жылға жоспарланған
Жерді жабу және қалпына келтіру туралы ақпаратты ашу	Деректер есептілікке енгізілген
Тұрақты өнімдер мен технологияларды дамыту	
CO ₂ ұстау, сақтау және пайдалану (CCUS) бойынша пилоттық жоба	Шығарындылар көздерінің скринингі жүргізілді, әрі қарай жұмыстар жалғасуда
Көгілдір сүтек өндірудің техникалық-экономикалық есептеу әзірлеу	Зерттеулер жүргізілуде
Жасыл сүтек өндіруге арналған су ресурстары Атласын әзірлеу	Атлас әзірленді
SAF (экологиялық таза авиаотын) жобасы бойынша техникалық-экономикалық зерттеу	Зерттеулер Air Astana және ЕҚДБ-мен бірлесіп жүргізілуде

ІС-ШАРАЛАР	ОРЫНДАЛУ МӘРТЕБЕСІ
ӘЛЕУМЕТТІК АСПЕКТ (SOCIAL)	
 Жергілікті қауымдастықтармен өзара іс-қимыл	
Жергілікті қауымдастықтарды дамыту және тарту бағдарламасын әзірлеу	Бағдарлама әзірленуде
Жергілікті қауымдастықтарды тарту бойынша ақпаратты ашу	Ақпарат жыл сайын есептілікте ашылады
 Адам құқықтары	
Адам құқықтары жөніндегі саясатты жаңарту	Саясат Директорлар кеңесінің бекітуіне жолданды
Адам құқықтары бағдарламасын әзірлеу	2025 жылға жоспарлануда
Адам құқықтарына әсерді бағалауды жүргізу	2025 жылға жоспарланған
 Адами капиталды дамыту	
ҚМГ Кадр саясатын өзектендіру	Саясат жаңартылып, 2024 жылғы желтоқсанда ҚМГ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді
Адами капитал туралы ақпаратты ашу	Деректер есептілікте ұсынылған
«Жасыл кеңсе» жобасын іске асыру	Ресурстарды ұтымды пайдалану бойынша бірқатар бастамалар енгізілді
 Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау	
Еңбек қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі Жол картасын өзектендіру	Құжат бекітілді
Қауіпсіздік бойынша есептілікті ұсыну ережелерін жаңарту	LTIR және FAR есептеу ережелерін қоса алғанда, есептілік беру қағидалары өзектендірілді
Қауіпсіздік көрсеткіштері бойынша деректерді ашу	Деректер жыл сайын ашылады
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ (GOVERNANCE)	
 Директорлар кеңесі	
ДК құрамы мен тәуелсіздігі туралы ақпаратты ашу	Деректер есептілікте ұсынылған
ДК-дегі әйелдердің үлесін кезең-кезеңімен 30%-ға дейін ұлғайту	Іске асыру Жол картасына сәйкес жүргізілуде
 Сыйақы ашықтылығы	
ДК және басшылық құрамының сыйақысы туралы ақпаратты ашу	Деректер Жылдық есепке енгізілген
Сыйақы жөніндегі комитетке тәуелсіз директорларды сайлау	Комитет толығымен тәуелсіз директорлардан құралған
Басшы қызметкерлер мен басқарушы қызметкерлер, ІАҚ басшысы, КХ басшысы, Комплаенс қызметінің басшысы, Омбудсмен қызметінің тиімділігін бағалау қағидаларын орнықты даму бойынша ҚНҚ ескере отырып өзектендіру және бекіту.	Қағидалар өзектендірілді
 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және комплаенс	
ISO 37001 стандарты бойынша сертификаттау	Дайындық аяқталды, аудит 2025 жылға жоспарланған
GRI және OECD Action 13 стандарттары бойынша салықтық ақпаратты ашу	Деректер жыл сайын ҚМГ сайтында жарияланады



КОРПОРАТИВТІК ЖӘНЕ ESG-БАСҚАРУ

Корпоративтік басқару жүйесі.....	44
Орнықты дамуды басқару	54
Маңыздылықты анықтау	58
Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл	60
ESG-тәуекелдерді басқару	64
БҰҰ Жаһандық шарты	72
БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуге қосқан үлес.....	73
ҚМГ бастамалар мен қауымдастықтардағы мүшелігі және қатысуы.....	80

БОЛАШАҚҚА
ИНВЕСТИЦИЯ



- 1-қағидат.** Іскерлік топтар халықаралық деңгейде жария етілген адам құқықтарын қорғауды қолдап, құрметтеуге тиіс.
- 3-қағидат.** Іскерлік топтар бірігу еркіндігін және ұжымдық шарттар жасасу құқығын нақты мойындауды қолдауы тиіс.
- 8-қағидат.** Іскерлік топтар қоршаған ортаның жай-күйі үшін жауапкершілікті арттыруға бағытталған бастамаларды қабылдауы тиіс.
- 10-қағидат.** Іскерлік топтар болсалау мен паракорлықты қоса алғанда, сыбайлас жемқорлықтың барлық нысандарына қарсы тұруға тиіс.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

GRI 2-9

ҚМГ корпоративтік басқару жүйесі мемлекетті, стратегиялық серіктестерді, контрагенттерді, инвесторларды, қызметкерлерді, муниципалитеттерді, жергілікті қауымдастықтарды және Компания қатысатын өңірлердің тұрғындарын қоса алғанда, акционерлер мен негізгі мүдделі тараптардың құқықтары мен заңды мүдделерін құрметтеуге негізделген.

ҚМГ корпоративтік басқаруы қазақстандық және халықаралық стандарттарды, сондай-ақ үздік тәжірибелерді ескере отырып, үнемі жетілдіріліп отырады. Жүйенің маңызды элементі стратегиялық және операциялық процестерде ұзақ мерзімді құндылықты құруға, тәуекелдерді тиімді басқаруға және экологиялық, әлеуметтік және басқару (ESG) факторларын есепке алуға ықпал ететін тұрақты даму принциптерін біріктіру болып табылады.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

ҚМГ корпоративтік басқару құрылымы мынадай:

- **Акционерлердің жалпы жиналысы** – Компания қызметінің стратегиялық бағытын айқындайтын жоғарғы орган.
- **Директорлар кеңесі** – Акционерлердің жалпы жиналысына есеп беретін басқару органы, Компания қызметінің жалпы басқарылуын қамтамасыз етеді.
- **Директорлар кеңесі жанындағы комитеттер** – негізгі мәселелерді қарастыру және шешімдер дайындауды қамтамасыз ететін мамандандырылған органдар:
 - Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитет – кадр саясатына, еңбекақы
- Стратегия және портфельді басқару жөніндегі комитет – стратегиялық даму, инвестициялық саясат және бизнесті трансформациялау мәселелерімен айналысады.
- Аудит жөніндегі комитет – қаржылық есептілікке, ішкі бақылауға және тәуекелдерді басқаруға бақылау жүргізеді.
- Қауіпсіздік, еңбек және қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму комитеті – орнықты даму қағидаттарын енгізу және Компанияның экологиялық әрі әлеуметтік аспектілерін бақылауды қамтамасыз етеді.

- **Басқарма** – Директорлар кеңесіне есеп беретін атқарушы орган, Компанияның жедел басқаруына жауапты.
- **Ішкі аудит қызметі** – Директорлар кеңесіне есеп беретін тәуелсіз бақылау органы, ішкі бақылау жүйесін және тәуекелдерді басқаруды бағалауға жауапты.
- **Корпоративтік хатшы** – корпоративтік басқаруды іске асыру мен бақылауды


- қамтамасыз ететін тәуелсіз лауазымды тұлға.
- **Комплаенс қызметі** – Директорлар кеңесіне есеп беретін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптар мен іскерлік этика қағидаттарының сақталуын бақылайтын орган.
 - **Омбудсмен** – қызметкерлерге кеңес беретін, еңбек даулары мен іскерлік этика мәселелерін реттеуге жәрдемдесетін тұлға.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына мыналар кіреді:

- **Бердіғұлов Ернат Құдайбергенұлы**
Директорлар кеңесінің төрағасы, «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі
- **Хасенов Асхат Ғалымұлы**
Атқарушы директор, ҚМГ Басқарма төрағасы
- **Холланд Филип Малкольм**
Тәуелсіз атқарушы емес директор
- **Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы**
Атқарушы емес директор, «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі
- **Отыншиев Елжас Мұратұлы**
«Самұрық-Қазына» АҚ өкілі
- **Жұбаев Арманбай Сапарбайұлы**
Тәуелсіз атқарушы емес директор
- **Арғынғазин Арман Әнуарбекұлы**
Тәуелсіз атқарушы емес директор
- **Мыңшарипова Сая Найманбайқызы**
Тәуелсіз атқарушы емес директор
- **Шәкіров Асқар Оразалыұлы**
Тәуелсіз атқарушы емес директор

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ, АДАМ



- Тәуелсіз директорлар
- «Самұрық-Қазына» АҚ өкілдері
- Атқарушы директор (Басқарма Төрағасы)

ТӘУЕЛСІЗДІК

Директорлар Кеңесі тәуелсіз директорлар саны бойынша корпоративтік басқару кодексінің талаптарына сәйкес келеді, олардың үлесі жалпы құрамның 50%-дан астамын құрайды. Директорлар Кеңесінің барлық комитеттерін тәуелсіз директорлар басқарады, ал оның төрағасы «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі болып табылады.

ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ТЕҢГЕРІМІ

GRI 2-17

Директорлар кеңесінің құрамында ҚМГ мүддесі мен орнықты даму қағидаттарын ескере отырып, объективті әрі тиімді шешімдер қабылдауға ықпал ететін құзыреттердің, тәжірибенің және кәсіби білімнің теңгерімі қамтамасыз етілген.

ӨКІЛЕТТІК МЕРЗІМІ

Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі үш жыл. Мүшелерді қатарынан алты жылдан асатын мерзімге қайта сайлау арнайы қарастырылған жағдайда мүмкін болады. Тәуелсіз директор қатарынан тоғыз жылдан артық Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Ерекше жағдайларда 9 жылға дейінгі мерзімге сайлауға рұқсат етіледі.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛІГІНЕ КАНДИДАТТАРДЫ ҰСЫНУ ЖӘНЕ ІРІКТЕУ ТӘРТІБІ

GRI 2-10, GRI 2-11

Директорлар кеңесіне кандидаттарды ұсыну және іріктеу процесі ҚМГ Жарғысы мен ішкі нормативтік құжаттармен реттеледі және ашықтық, әділеттілік пен кәсібилік қағидаттарын қамтамасыз етеді.

Кандидаттарды Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің төрағасымен және Тағайындаулар және сыйақы жөніндегі комитеттің төрағасымен бірлесіп іріктейді. Кандидаттар тиімді басқаруға қажетті білімге, дағдыға және тәжірибеге ие болуы, Компанияның ұзақ мерзімді дамуына үлес қоса алуы және мінсіз іскерлік беделге ие болуы тиіс.

«КазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің сабақтастығын қамтамасыз

2024 ЖЫЛҒЫ ҚАУІПСІЗДІК, ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ОРНЫҚТЫ ДАМУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТТІҢ ҚЫЗМЕТІ

2024 жылы Қауіпсіздік, еңбек және қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму жөніндегі комитет (ҚЕҚОҚОДК) 10 отырыс өткізіп, ҚМГ-да орнықты даму қағидаттарын енгізуге байланысты 55 мәселені қарастырды.

ету саясатына сәйкес, тағайындаулар мен сабақтастық жоспарлары жетістіктерге және объективті өлшемшарттарға негізделуі тиіс, сондай-ақ жыныстық, әлеуметтік және этникалық әртүрлілікті, когнитивтік және жеке күшті жақтарды ескере отырып, әртүрлілікке ықпал етуі қажет.

Директорлар кеңесінің төрағасы мен мүшелері Акционерлердің жалпы жиналысында сайланады. Тәуелсіз директорлар «Самұрық-Қазына» АҚ бекіткен Директорлар кеңесін қалыптастыру қағидаларына сәйкес тағайындалады.

Корпоративтік нормалар мен қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес, Басқарма төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ

Директорлар кеңесінің мүшелері өз дағдылары мен кәсібилігін, соның ішінде экономикалық, экологиялық және әлеуметтік аспектілерді басқару бөлігінде ұдайы арттыруға ұмтылады. Тағайындаула және сыйақы жөніндегі комитет құзыреттер мен білімдердің теңгеріміне талдау жүргізіп, олардың Компанияның стратегиялық мақсаттарына сәйкестігін қамтамасыз етеді. Өткізілген оқыту шаралары туралы ақпарат ҚМГ веб-сайтында жаңартылып отырады.

КОМИТЕТ ЖҰМЫСЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ:

- Орнықты дамуды ҚМГ негізгі бизнес-процестеріне интеграциялауға басшылық ету.
- ESG саласындағы стратегиялар мен бастамалардың іске асырылуын бақылау.
- Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау мониторингі.

- Ішкі құжаттаманы және орнықты даму жөніндегі іс-шаралар жоспарларын әзірлеу және бекіту.

КОМИТЕТТІҢ 2024 ЖЫЛҒЫ КҮН ТӘРТІБІНДЕГІ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕР:

- Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және экология мәселелері бойынша есептер.
- ҚМГ-дың 2022–2031 жылдарға арналған төменкөміртекті даму бағдарламасын іске асыру.
- Компанияның ESG-рейтингіне баға беру және оны жақсарту жөніндегі шаралар.
- ҚМГ-дың бизнес-бірліктерінде орнықты даму жүйесін енгізу.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІН БАҒАЛАУ

GRI 2-18

ҚМГ-нің Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес, Директорлар кеңесі, оның комитеттері және мүшелері жыл сайын бағалаудан өтеді. Әр үш жыл сайын бағалауға тәуелсіз консультант тартылады.

2024 жылы 2023 жылдың қорытындылары бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің өзін-өзі бағалауы жүргізілді. Бағалау кеңестің құрамы, процестері және мінез-құлық аспектілерін талдауды қамтыды. Нәтижелері Директорлар кеңесінің отырысында қаралды, онда әртүрлілік және сабақтастық мәселелерін қоса алғанда, жетілдіру салалары анықталды. Осы негізде Директорлар кеңесінің

СЫЙАҚЫ

GRI 2-19, GRI 2-20

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ СЫЙАҚЫСЫ

ҚМГ Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақы мөлшері Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен бекітіледі және тәуелсіз директорлар мен «Самұрық-Қазына» АҚ өкілдеріне төленеді. Сыйақы мөлшері тіркелген

- БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуге Компанияның қосқан үлесі.
- ҚМГ-нің 2060 жылға дейінгі Төменкөміртекті даму бағдарламасын әзірлеу және бекіту.
- Денсаулық, қауіпсіздік және өнеркәсіптік тәуекелдерге байланысты елеулі оқиғаларды талдау.

Комитет ҚМГ-нің 2023 жылға арналған Орнықты даму есебін қарап, мақұлдады.

Комитет жұмысына ҚМГ-нің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері тұрақты түрде қатысып отырды, ал Комитет әзірлеген ұсынымдар Директорлар кеңесі тарапынан қабылданды.

жұмысын жетілдіру бойынша Іс-шаралар жоспары әзірленді.

2024 жылғы желтоқсанда 2025 жылы сыртқы бағалау жүргізу туралы шешім қабылданды. Бағалау Директорлар кеңесін, оның комитеттерін, төрағаны, кеңес мүшелерін және Корпоративтік хатшыны қамтитын болады. Бұл бағалау ҚМГ-нің корпоративтік басқаруын диагностикалауға және ішкі аудит жүйесінің тиімділігіне аудит жүргізуге біріктіріледі. 2025 жылдың бірінші тоқсанында консультациялық қызметтерді сатып алуға арналған техникалық сипаттама әзірленіп, бейінді комитеттер мен Директорлар кеңесінде қаралды.

түрде белгіленеді және Компания қызметінің ауқымын, міндеттемелерін және стратегиялық мақсаттарын ескере отырып айқындалады.

Сыйақы төлеу тәсілі «Самұрық-Қазына» АҚ компанияларының Директорлар кеңесін/қадағалау кеңестерін құру ережесіне сәйкес

келеді және білікті мамандарды тартуға және сақтауға бағытталған. 2024 жылы ҚМГ сыйақыны анықтау үшін сыртқы кеңесшілерді тартпады.

Тағайындаулар және сыйақы жөніндегі комитет сыйақы мәселелерін қажеттілікке қарай, оның ішінде Директорлар кеңесінің тиімділігін бағалау шеңберінде қарайды.

БАСҚАРМА СЫЙАҚЫСЫ

ҚМГ Директорлар кеңесі «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының адами ресурстарды басқару корпоративтік стандартына сәйкес ҚМГ Басқарма мүшелеріне сыйақы төлеу саясатын және олардың қызметінің тиімділігін бағалау тәртібін айқындайды.

Жыл ішіндегі жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы Басқарма мүшелеріне өлшенетін, өзара байланысты, логикалық тұрғыда құрылған және теңгерімді уәждемелік ҚНҚ карталарында көрсетілген стратегиялық және басым мақсаттарға қол жеткізуге ынталандыру мақсатында қызмет тиімділігін бағалау нәтижелері бойынша төленеді. Уәждемелік ҚНҚ картасы корпоративті және функционалды ҚНҚ-ден тұрады.

Сыйақы жүйесінің тиімділігі мен ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында, осы мәселелерді алдын ала қарау үшін Директорлар кеңесінің жанынан Тағайындаулар және сыйақы жөніндегі комитет құрылған.

БАСҚАРМА ҚҰРАМЫ

2024 ЖЫЛДЫҢ СОҢЫНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ҚМГ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚҰРАМЫНА КІРГЕН ТҰЛҒАЛАР:

Хасенов А.Ғ.	Басқарма төрағасы
Есқазиев Қ.О.	Басқарма төрағасының бірінші орынбасары
Брекешев С.А.	Басқарма төрағасының орынбасары (газ жобалары және төменкөміртекті даму)
Абайылданов Б.Қ.	Басқарма төрағасының орынбасары (барлау және өндіру)
Балықбаев Р.А.	Басқарма төрағасының орынбасары (ірі мұнай-газ жобалары)
Мағауов Ә.М.	Басқарма төрағасының орынбасары (мұнай өңдеу және мұнай-химия)
Закиров Б.Қ.	Басқарма төрағасының орынбасары (мұнайды тасымалдау және халықаралық жобалар)
Абдулғафаров Д.Е.	Басқарма төрағасының орынбасары (стратегия, инвестициялар және бизнесті дамыту)
Арысова Д.А.	Басқарма төрағасының орынбасары (экономика және қаржы)
Лавренов В.С.	Басқарма төрағасының орынбасары (құқықтық қамтамасыз ету және корпоративтік қауіпсіздік)

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІН СЫНИ МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР
ТУРАЛЫ АҚПАРАТТАНДЫРУ

GRI 2-16

ҚМГ Директорлар кеңесі Компания қызметі туралы тұрақты түрде есептер алып отырады. Бұл есептер стратегиялық, қаржылық және операциялық негізгі аспектілерді, сондай-ақ сыни маңызды мәселелер бойынша ақпаратты қамтиды. Олардың қатарында:

- Басқарма төрағасының есебі – Компания қызметіндегі негізгі өзгерістер мен жалпы жағдай туралы.
- Қаржылық және операциялық есептер – алдын ала нәтижелер, инвестициялық жобалар және стратегияны іске асыру барысы туралы.

- Еңбекті қорғау және экология бойынша есептер – елеулі оқиғалар мен олардың алдын алу шаралары туралы ақпаратты қамтиды.
- Тәуекелдер және корпоративтік басқару бойынша есептер – Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуы, комитеттердің есептері және корпоративтік мәмілелерді талдау.

Қаржылық көрсеткіштер, елеулі инциденттер немесе ҚМГ-дегі жедел жағдайлар сияқты сыни мәселелер туындаған жағдайда, Директорлар кеңесіне дереу хабар беріледі.

МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ

GRI 2-15

ҚМГ-де мүдделер қақтығысын реттеу Директорлар кеңесі бекіткен Мүдделер қақтығысын реттеу саясаты мен Іскерлік әдеп кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

Әрбір қызметкер мен лауазымды тұлға осы саясат талаптарының сақталуына жеке жауапты. Жұмысқа қабылдау, тағайындау немесе жаңа лауазымға ауысу кезінде ықтимал мүдделер қақтығысы туралы міндетті түрде ақпарат ашылады, оған мыналар кіреді:

- ҚМГ контрагенттерінің немесе бәсекелестерінің үлестік қатысуы.
- Контрагенттердің немесе бәсекелестердің басқару органдарына қатысу.
- ҚМГ контрагенттерімен өзара іс-қимыл.
- ҚМГ активтерін немесе бағалы қағаздарын сатып алу ниеті.

Тексеру рәсімі ықтимал аффилиирленген байланыстарды талдауды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптарының сақталуын бақылауды қамтиды.

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН КОНСУЛЬТАЦИЯЛАР

GRI 2-25, GRI 2-26

ҚМГ-дың корпоративтік басқарудың жоғарғы органдары экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мәселелер бойынша мүдделі тараптармен тұрақты диалогты қолдайды.

Консультациялар түрлі арналар арқылы жүргізіледі, оның ішінде ресми веб-сайт, Баспасөз қызметі және ішкі әрі сыртқы стейкхолдерлермен өзара іс-қимылдың негізгі құралы болып табылатын жыл сайынғы Орнықты даму есебі бар.

Сонымен қатар, ҚМГ мақсатты өзара әрекеттесу үшін арнайы платформаларды пайдаланады:

- Инвесторлар үшін – өзекті ақпаратпен қамтамасыз етілген портал <https://www.kmg.kz/ru/investors/>.

- Жұмыспен қамту мәселелері бойынша – бос жұмыс орындары порталы <https://work.kmg.kz/#/>.
- Қызметкерлердің құқықтарының бұзылуы туралы хабарламалар үшін – жедел желі: nysana@cscc.kz.
- Құпия түрде хабарлау жүйесі – портал <https://www.sk-hotline.kz/>.
- Функционалдық байланыс арналары:
 - Омбудсмен: ombudsman@kmg.kz
 - Еңбекті қорғау және экология: hse@kmg.kz
 - Орнықты даму: sustainability@kmg.kz

Аталған механизмдер ақпараттың ашықтығын, қолжетімділігін және мүдделі тараптармен тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді.

ЗАҢНАМА ТАЛАПТАРЫНА СӘЙКЕСТІК

GRI 2-27

БӘСЕКЕЛЕСТІККЕ ҚАРСЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ

Есепті кезеңде ҚМГ және ҚМГ компаниялар тобындағы ұйымдарға қатысты монополияға қарсы заңнаманы бұзумен байланысты 4 әкімшілік іс қозғалды (ҚМГға қатысты – 1, ЕТҰ-ға қатысты – 3). Бұл істердің 3-і сотта ҚМГ және ЕТҰ пайдасына шешілмеген, ал бір іс медиативтік тәртіппен реттелді.

Сондай-ақ соттар монополияға қарсы заңнамаға байланысты 2 азаматтық істі қарады (1 сот шешімі – ЕТҰ пайдасына, 1 сот іс бойынша ЕТҰ талап-арызын қайтарып алды).

ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ СӘЙКЕСТІК

Әлеуметтік және экономикалық реттеу саласындағы заңнамалық және нормативтік актілерге сәйкессіздік, сондай-ақ жергілікті қауымдастықтармен даулар мәні болып табылатын азаматтық және әкімшілік істер тіркелмеген.

Сонымен қатар, соттарға еңбек даулары бойынша 29 талап арыз берілді, оның ішінде 24 іс бойынша жауапкер ретінде ЕТҰ көрсетілсе, 5 іс бойынша талапкер тарап ретінде ЕТҰ-дар әрекет етті.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ

GRI 2-15, 3-3, 205-1, 205-2, 205-3

ҚМГ өз бизнесін заңдылық, адалдық және әдептілік қағидаттарына негіздейді. Компания адам құқықтарын қатаң сақтайды, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін барлық мүмкін әрекеттерді жасайды, мінсіз беделге қамқорлық жасайды және этика саласында жоғары халықаралық стандарттарды енгізуге ұмтылады.

Компания құрылымындағы дербес бөлімше болып табылатын Комплаенс қызметі еңбек қызметі аясындағы сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарының тәуекелдерін барынша азайтуға жауапты. Қызмет Компанияның барлық бизнес бөлімшелерімен интеграцияланған.

2024 жылы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерін қозғайтын Қазақстан Республикасының заңнамасын және Компанияның ішкі құжаттарын бұзуға қатысты өтініштерді қарау регламенті жаңартылды. Аталған өзгерістер бизнесті этикалық жүргізудің жоғары стандарттарына сәйкестікті қамтамасыз етуге бағытталған.

Этика және адал бизнес стандарттарына сәйкес болу үшін Қызмет Компанияның контрагенттерін тексереді. Бұл сенімсіз серіктестермен шарттар жасасудың жолын кесуге, тауарларды жеткізбеу, жұмыстарды орындамау немесе қызметтерді көрсетпеу тәуекелдерін азайтуға көмектеседі.

Сондай-ақ ҚМГ-да ұйымдық-өкімдік және әкімшілік-шаруашылық функцияларды

орындаумен байланысты бос лауазымдарға орналасуға үміткер кандидаттарды тексеру жүзеге асырылады. Жұмысқа қабылдау шарттарының бірі сатып алу рәсімдерімен айналысатын ізденушілер үшін психологиялық тексерулер мен полиграфиялық тестілер болды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың маңызды бағыттарының бірі – сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу. Бұл талдау сыбайлас жемқорлыққа ықпал ететін факторларды, сондай-ақ бизнес-процестердегі олқылықтарды анықтауға мүмкіндік береді. 2024 жылы мұндай талдау Компанияның Орталық аппаратында және 35 ЕТҰ-да жүргізілді. Оның нәтижелері негізінде ұсынымдар мен оларды жою жөніндегі іс-қимыл жоспарлары әзірленді.

Есепті кезеңде сыбайлас жемқорлықтың 6 расталған жағдайы тіркелді. Барлық 6 жағдай қызметкерлерді жұмыстан шығарумен немесе сыбайлас жемқорлық әрекеттері үшін жазалаумен аяқталды. Соған қарамастан, Компания сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру шараларын күшейтуді жалғастырып отыр. Атап айтқанда, жоғары басшылықтың қатысуымен қызметкерлер мен қарсы тараптардың сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне жол бермеу жөніндегі іс-шаралар ұйымдастырылды. 2024 жылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы тренингтен өткен қызметкерлер саны 5 753 құрады.

САЛЫҚ САЯСАТЫ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТКЕ ЖАСАЛАТЫН ТӨЛЕМДЕР

САЛЫҚ САЛУҒА КӨЗҚАРАС

«КазМұнайГаз» ҰАҚ-да салықтық есепті жүргізуді ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарында стандарттауға бағытталған Корпоративтік салықтық есеп саясаты (Корпоративтік СЕС) қолданылады. Құжат Қазақстан Республикасының салық заңнамасының, Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының (ХҚЕС) және ҚМГ ішкі регламенттерінің талаптарын ескере отырып әзірленген.

Корпоративтік СЕС мынадай қағидаттарға негізделеді:

- Салық салудың міндеттілігі – ҚМГ және оның еншілес ұйымдары Қазақстан Республикасы бюджетіне салықтарды толық әрі уақытылы төлейді.
- Салық салудың әділеттілігі – бір объектіге бір кезеңде қосарланған салық салуға жол берілмейді.
- Адал ниеттілік – салық үнемдеу мақсатында заңсыз әрекеттер арқылы пайда алуға жол берілмейді.

ҚМГ салық салу көзқарасында Топтың коммерциялық қызметінің ерекшеліктерін және әлеуметтік әсерлерін ескереді. Бұл көзқарас ҚМГ-нің 2022–2031 жылдарға арналған Даму стратегиясымен толық үйлеседі.

Корпоративтік СЕС-ті барлық еншілес ұйымдар басшылыққа алады, келесі ұйымдардан басқа:

- өнімді бөлу туралы келісімдер шеңберінде жер қойнауын пайдалану операцияларын жүзеге асыратын және салық салудың ерекше тұрақты режимі белгіленген ұйымдар;
- Қазақстан Республикасынан тыс жерде тіркелген ұйымдар, сондай-ақ ҚМГ мен оның еншілес ұйымдарының шетелдегі филиалдары.

ҚМГ және барлық еншілес компаниялары Корпоративтік СЕС негізінде компанияның

салалық ерекшеліктерін ескере отырып, өз деңгейінде жеке Салықтық есеп саясатын әзірлеп, енгізген.

Мемлекетке жасалатын салық төлемдері бойынша ақпарат жыл сайын ҚМГ-нің корпоративтік веб-сайтында жарияланып отырады <https://www.kmg.kz/ru/investors/reporting/>.

САЛЫҚТЫҚ ӘКІМШІЛЕНДІРУ ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ

Салықтық тәуекелдерді басқару тәсілі ҚМГ-дың Корпоративтік тәуекелдерді басқару жүйесіне (КТБЖ) интеграцияланған. Мониторинг аясында ҚМГ салық заңнамасының қолданылу мәселелерін талдайды және оны жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізеді.

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

ҚМГ ірі салық төлеушілер тізіміне енгізілген және салықтық мониторингке жатады. Мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл шеңберінде Компания келесі бағыттар бойынша жұмыс жүргізеді:

- ҚМГ қызметінің салық салу жағдайларын жақсарту мақсатында салық заңнамасына өзгерістер енгізу бастамаларын көтереді.
- Акционерлермен, салалық қауымдастықтармен және мемлекеттік органдармен диалогқа қатысады. Нормативтік құқықтық актілердің жобаларын қарастырып, олар бойынша қорытындылар ұсынады.
- ҚМГ тобы мүдделерін қорғау мақсатында салық және кеден заңнамасын жетілдіру бойынша жұмыс жүргізеді.

ҚМГ-дың салық саясаты салықтық әкімшілендірудің ашықтығын қамтамасыз етуге, ұлттық заңнама талаптарын сақтауға және салық салу жағдайларын жақсарту үшін реттеуші органдармен ынтымақтастыққа бағытталған.

САЛЫҚ ТӨЛЕМДЕРІ КӨРСЕТКІШТЕРІ, МЛРД ТЕҢГЕ

Көрсеткіш	2022	2023	2024
Қазақстан Республикасының бюджетіне салық төлеу	1 037,2	1 039,2	1 079,7
ӨБК шеңберінде ҚР үлесі	138,7	123,3	129,2
Жалпы	1 175,9	1 162,5	1 208,9





ОРНЫҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ



1-Қағидат. Іскерлік топтар халықаралық деңгейде жария етілген адам құқықтарын қорғауды қолдап, құрметтеуге тиіс.



2-Қағидат. Іскерлік топтар адам құқықтарының бұзылуына қатысы болмауы тиіс.



4-Қағидат. Іскерлік топтар мәжбүрлі және міндетті еңбектің барлық нысандарын жою үшін әрекет етуге тиіс.



6-Қағидат. Іскерлік топтар еңбек және жұмыспен қамту саласындағы кемсітушілікті жоюды қолдауы тиіс.



8-Қағидат. Іскерлік топтар қоршаған ортаның жай-күйі үшін жауапкершілікті арттыруға бағытталған бастамаларды қабылдауы тиіс.



10-Қағидат. Іскерлік топтар бопсалау мен парақорлықты қоса алғанда, сыбайлас жемқорлықтың барлық нысандарына қарсы тұруға тиіс.

КОМПАНИЯНЫҢ ОРНЫҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ТӘСІЛІ

GRI 2-22

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өзінің экономикаға, қоршаған ортаға және қоғамға тигізетін ықпалын толық сезіне отырып, қызметінің ұзақ мерзімді орнықты дамуын қамтамасыз етуге ұмтылады және орнықты даму қағидаттарын негізгі бизнес-процестерге интеграциялайды. Компаниядағы орнықты дамуды басқару халықаралық стандарттар талаптарын, атап айтқанда, БҰҰ Жаһандық шартын, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Корпоративтік басқару кодексін және ҚМГ-нің Орнықты даму саласындағы тұжырымдамасын ескере отырып жүзеге асырылады. Компания сонымен қатар БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттарын (ОДМ) қолдайды және оларды стратегиялық жоспарлау мен операциялық үдерістерге енгізеді.

ҚМГ-дың 2022–2031 жылдарға арналған Даму стратегиясы орнықты дамуды негізгі стратегиялық мақсаттардың бірі ретінде айқындайды. Осы стратегия аясында Компания мүдделі тараптармен тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге, шешім қабылдау үдерістеріне ESG-факторларды интеграциялауға және орнықты даму саласындағы нәтижелілік бойынша мақсатты көрсеткіштерге қол жеткізуге міндеттеме алады.

ОРНЫҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

ҚМГ-дағы ОД басқару жүйесі келесі негізгі элементтерден тұрады:

- **Стратегия, саясат және мақсаттар** – ОД ұзақ мерзімді көрінісін қалыптастыру, оның қағидаттарын корпоративтік басқару мен операциялық қызметке интеграциялау.
- **Тәуекелдер мен мүмкіндіктерді анықтау және басқару** – ESG-тәуекелдерді корпоративтік тәуекелдерді басқару жүйесінде есепке алу, сондай-ақ орнықты дамумен байланысты мүмкіндіктерді бағалау.
- **Орнықты даму қағидаттарын бизнес-процестерге интеграциялау** – орнықты даму аспектілерін стратегиялық және операциялық жоспарлауға, инвестициялық

қызметке, персоналды басқаруға және жеткізу тізбегін басқаруға енгізу.

- **Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл** – негізгі стейкхолдерлермен тұрақты диалог жүргізу, олардың күтулері мен мүдделерін шешім қабылдау үдерісінде ескеру.
- **Есептілік және бақылау** – ОД жөніндегі жыл сайынғы есепті халықаралық стандарттарға сәйкес дайындау және қаржылық емес есептілікке тәуелсіз верификация жүргізу.
- **Корпоративтік мәдениет пен құзыреттерді дамыту** – ESG саласындағы қызметкерлердің құзыреттерін дамытуға бағытталған оқыту бағдарламаларын енгізу және орнықты даму қағидаттарына бағдарланған корпоративтік мәдениетті қалыптастыру.

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ЖОҒАРЫ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫНЫҢ РӨЛІ

GRI 2-12, GRI 2-13, GRI 2-14

ҚМГ Директорлар кеңесі орнықты дамуды басқару бойынша стратегиялық жауапкершілікке ие болып, корпоративтік саясаттарды және орнықты даму жөніндегі біріктірілген есепті бекітеді.

Орнықты даму мәселелері тұрақты түрде Директорлар кеңесінің отырыстарында, сондай-ақ орнықты даму мәселелеріне арналған жыл сайынғы жеке отырыста және Қауіпсіздік, еңбек және қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму жөніндегі комитеттің (ҚЕҚОҚОДК) отырыстарында қарастырылады. Бұл алаңдарда өзекті ESG мәселелері мен бастамалар талқыланады.

ҚЕҚОҚОДК осы саладағы процестерді үйлестіреді, негізгі нәтижелілік көрсеткіштерін қалыптастырады және олардың орындалуын бақылайды.

Сонымен қатар, Директорлар кеңесі орнықты даму саласындағы есептілікті қарайды және бекітеді.

Орнықты дамуды басқаруға келесі құрылымдар да қатысады:

- **Басқарма** – орнықты даму қағидаттарын енгізуді қамтамасыз етеді, мақсаттар мен ҚНҚ қол жеткізуді бақылап, орнықты даму саласындағы іс-шаралардың орындалуын бағалайды.
- **Орнықты даму мәселелеріне жетекшілік ететін Басқарма төрағасының орынбасары** – мақсаттар мен ҚНҚ-ге қол жеткізу тәсілдерін үйлестіреді, корпоративтік стандарттардың орындалуын және есептілікті дайындау процесін қадағалайды.
- **Орнықты даму жөніндегі жауапты құрылымдық бөлімше** – орнықты дамуды басқару жүйесін бастамалайды, үйлестіреді және енгізеді, әдіснамалық қолдау көрсетеді, есептілік пен осы

саладағы тәуекелдерді басқару процестерін үйлестіреді.

- **Мүдделі құрылымдық бөлімшелер** – орнықты даму саласындағы бастамаларды іске асырады, тәуекелдер мен

мүмкіндіктерді талдауға қатысады, стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл тетіктерін әзірлейді және есептілікке қажетті ақпаратты дайындайды.

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ БАСТАМАЛАРДЫ ІРІКТЕУ ЖӘНЕ ІСКЕ АСЫРУ

ҚМГ орнықты даму саласындағы бастамаларды тәуекелдерді, мүдделі тараптардың күтулерін және Компанияның стратегиялық мақсаттарын талдау негізінде әзірлейді. Бастамаларды іріктеу және іске асырудың негізгі кезеңдері мыналарды қамтиды:

- Экономикалық, экологиялық және әлеуметтік аспектілер бойынша тәуекелдер мен мүмкіндіктерді ескере отырып, маңызды тақырыптарды анықтау.
- Мүдделі тараптардың пікірлерін ескере отырып, басым бастамаларды айқындау.

- Бастамалардың экономикалық мақсатқа сайлығын және технологиялық іске асырылу мүмкіндігін бағалау.
- Мақсаттар, нәтижелілік көрсеткіштері, орындалу мерзімдері мен жауапты тұлғаларды анықтай отырып, іске асыру жоспарын әзірлеу және енгізу.
- Іске асырылған бастамалардың тиімділігін мониторингтеу және бағалау, стратегия мен іс-шараларды түзету.

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛІЛІКТІ БАҒАЛАУ

ҚМГ тұрақты негізде іске асырылып жатқан бастамалардың тиімділігін мониторингтеу мен бағалауды жүзеге асырады, бұл ретте орнықты даму саласындағы ҚНҚ пайдаланылады

(экономикалық, экологиялық және әлеуметтік көрсеткіштерді қоса алғанда). ҚНҚ Компанияның стратегиялық мақсаттарын ескере отырып әзірленеді.

ОРНЫҚТЫ ДАМУ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ЖЕТІЛДІРУ

ҚМГ орнықты даму басқару жүйесінің тиімділігіне тұрақты талдауды жүзеге асырады, оның ішінде:

- Мақсатты көрсеткіштерге қол жеткізуді бақылау,
- Басшылық тарапынан талдау жүргізу,
- Есептілік бойынша ішкі және сыртқы аудит жүргізу,
- Орнықты даму басқару жүйесінің жетілу деңгейін бағалау,
- Жетілдіруді қажет ететін салаларды айқындау және түзету шараларын әзірлеу.

Талдау нәтижелері стратегиялық басымдықтарды түзетуге, ОД басқару жүйесін жетілдіруге және жаңа бастамаларды әзірлеуге пайдаланылады.

МАҢЫЗДЫЛЫҚТЫ АНЫҚТАУ

GRI 3-1, GRI 3-2

МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫПТАРДЫ АНЫҚТАУҒА КӨЗҚАРАС

Маңызды тақырыптарды анықтау «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның Орнықты даму есебін дайындаудың негізгі кезеңі болып табылады және бұл үдеріс GRI стандарттарының (оның ішінде GRI 11: Мұнай және газ секторы үшін салалық стандарт 2021) талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Аталған процесс Компания қызметіне, мүдделі тараптарға және орнықты дамуға жалпы әсері жоғары тақырыптарды анықтауға және олар бойынша ақпаратты ашуға мүмкіндік береді.

МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫПТАРДЫ АНЫҚТАУ ПРОЦЕСІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

1. ТАҚЫРЫПТАРДЫ СӘЙКЕСТЕНДІРУ

Бірінші кезеңде ҚМГ-ға әсер ететін ішкі және сыртқы факторларға талдау жүргізіледі, оның ішінде:

- нормативтік-құқықтық талаптар және халықаралық стандарттар;
- Компанияның даму стратегиясы;
- мүдделі тараптардың күтулері мен сұраулары;
- салалық үрдістер мен озық тәжірибелер;
- ESG саласындағы тәуекелдер мен мүмкіндіктерді талдау.

2. ТАҚЫРЫПТАРДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫН БАҒАЛАУ

Анықталған тақырыптар екі көзқарас тұрғысынан бағаланады:

- **Экономикаға, қоршаған ортаға және қоғамға әсері** – ҚМГ қызметінің орнықты дамуға әсерінің ауқымы мен сипаты қарастырылады.
- **Мүдделі тараптар үшін маңыздылығы** – акционерлерге, серіктестерге, қызметкерлерге, жергілікті қауымдастықтарға және басқа топтарға қатысты басым тақырыптар талданады.

Бұл бағалау мүдделі тараптардың сауалнамасын қолдану арқылы жүзеге асырылады.

3. ТАҚЫРЫПТАРҒА БАСЫМДЫҚ БЕРУ

Бағалау негізінде маңыздылық матрицасы қалыптасады, тақырыптарды маңыздылық дәрежесі бойынша саралайды. Маңызды тақырыптар есепке енгізіліп, Компанияның әрі қарайғы стратегиялық жұмысының негізіне айналады.

4. ВЕРИФИКАЦИЯ ЖӘНЕ БЕКІТУ

Талдау нәтижелері ҚМГ басшылығымен талқыланады, бұл тақырыптарды таңдаудың толықтығы мен дұрыстығын қамтамасыз етеді. ҚЕҚОҚОДК мүшелеріне Орнықты даму туралы есепте ашылуы тиіс маңызды тақырыптар туралы ақпарат беріледі.

ЖҮЙЕЛІ ТҮРДЕ ҚАЙТА ҚАРАУ

Маңызды тақырыптарды анықтау процесі серпінді және үнемі қайта қаралуға жатады, бұл сыртқы ортадағы өзгерістерді, компанияның стратегиясын және мүдделі тараптардың үміттерін ескеруге мүмкіндік береді. Бұл ақпараттың өзектілігіне кепілдік береді және ҚМГ-ның қоғаммен өзара іс-қимылының ашықтығын қолдайды.

Осылайша, ҚМГ-ның маңызды тақырыптарды анықтауға деген көзқарасы халықаралық озық тәжірибелерге сәйкес келеді және есеп беру сапасын жақсартуға ықпал етеді,

мүдделі тараптардың сенімін нығайтады және Компанияның ұзақ мерзімді тұрақтылығына ықпал етеді.

МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫПТАР

2024 жылғы есепте 12 тақырып қамтылған, осыған ұқсас тақырыптар алдыңғы есепте болған.

№	Маңызды тақырыптар									
1	11.1. Парниктік газдар шығарындылары									
2	11.2. Климаттық бейімделу, тұрақтылық және өтпелі кезең									
3	11.3. Атмосфераға шығарындылар									
4	11.5. Қалдықтар									
5	11.6. Су және ақаба сұлар									
6	11.7. Жабу және оңалту									
7	11.8. Активтердің тұтастығы және маңызды оқиғаларды басқару									
8	11.9. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы									
9	11.10. Жұмысқа орналасу тәжірибесі									
10	11.11. Кемсітушіліктің болмауы және тең мүмкіндіктер									
11	11.14. Экономикалық салдар									
12	11.20. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл									



МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

GRI 2-29

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛҒА КӨЗҚАРАС

«ҚазмұнайГаз» ҰК АҚ мүдделі тараптармен (стейкхолдерлермен) тиімді өзара іс-қимылды орнықты даму саласындағы өз қызметінің негізгі элементтерінің бірі ретінде қарастырады. Компания мемлекет өкілдерімен, инвесторлармен, қызметкерлермен, серіктестермен, жергілікті қауымдастықтармен және басқа да мүдделі тараптармен диалогтың маңыздылығын түсінеді, өйткені олардың қатысуы мен қолдауы ҚМГ стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге ықпал етеді. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл AA1000 Stakeholder Engagement Standard (2015) және GRI Standards қоса алғанда, халықаралық стандарттар негізінде, сондай-ақ ҚМГ стейкхолдерлерінің картасы сияқты Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ҚАҒИДАТТАРЫ

Компания мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу кезінде келесі негізгі принциптерді ұстанады:

- **Мүдделерді құрметтеу және ескеру** – Компания шешім қабылдау кезінде мүдделі тараптардың пікірлерін, үміттерін және қалауларын ескереді.
- **Ашықтық және айқындық** – ҚМГ орнықты даму саласындағы өз қызметі, жоспарлары мен бастамалары туралы ақпаратты жүйелі түрде ашып отырады.
- **Жауапкершілік және міндеттемелерге адалдық** – Компания стейкхолдерлер алдында өзіне алған міндеттемелерді толық көлемде орындауға ұмтылады.

- **Қатысу және диалог** – Компания негізгі мүдделі тараптармен ашық диалог жүргізеді, олардың маңызды тақырыптарды талқылауға қатысуын қамтамасыз етеді.
- **Бейімделу және үздіксіз жетілдіру** – Стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл оның тиімділігін тұрақты бағалауды және түзетулер енгізуді қамтитын циклдік процесс ретінде қарастырылады.

ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ КЕЗЕҢДЕРІ

ҚМГ-дағы мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл процесі бес негізгі кезеңді қамтиды:

- Мүдделі тараптарды анықтау және маңызды мәселелерді айқындау
 - ҚМГ-нің Стейкхолдерлер картасын әзірлеу және оны тұрақты түрде жаңарту. Бұл карта мүдделі тараптардың тізімін, өзара іс-қимыл әдістері мен форматын қамтиды.
- Компания қызметіне мүдделі тараптардың қосқан үлесін және олардың негізгі күтулерін бағалау.
- Мүдделі тараптарды жіктеу және басымдықтарын анықтау
 - Компания үшін мүдделі тараптардың әсері мен маңыздылығын бағалау.
 - Тереңдетілген диалог құру қажет басым стейкхолдер топтарын анықтау.
- Өзара іс-қимылды жоспарлау
 - Әртүрлі деңгейдегі қатысуды (консультациялар, келіссөздер, ынтымақтастық, шешім қабылдау процестеріне интеграция) ескеретін іс-шараларды әзірлеу.

- Өзара іс-қимылдың жиілігін және әдістерін айқындау (кездесулер, сауалнамалар, қоғамдық консультациялар, серіктестік бастамалар және т.б.).
- Іс-шараларды іске асыру
 - Негізгі стейкхолдерлермен өзара іс-қимылға бағытталған жоспарланған іс-шаралар мен бастамаларды өткізу.
 - Үздіксіз диалог пен ақпарат алмасуды қолдау.
- Өзара іс-қимылдың тиімділігін бағалау және жетілдіру

- Іс-шаралардың нәтижелілігін талдау, алынған тәжірибелерді ескеру және тәсілдерді түзету.
- Екіжақты кері байланыс механизмдерін дамыту және мүдделі тараптардың ұсыныстарын Компанияның болашақ стратегияларына енгізу.

Компания стейкхолдерлермен өзара іс-қимылдың тиімділігін жүйелі түрде талдайды және бұл үдерісті озық халықаралық тәжірибелерге және қоғамның өзгермелі үміттеріне сәйкес жетілдіреді.



МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

ҚМГ мүдделі тараптармен олардың үміттерін ескеруге және сындарлы диалогты қамтамасыз етуге ұмтыла отырып, белсенді түрде өзара іс-қимыл жасайды. 2024 жылы Компания корпоративтік басқарудың озық тәжірибелерін

енгізу, экологиялық жауапкершілікті арттыру және әлеуметтік серіктестікті нығайту арқылы орнықты даму стратегиясын жүзеге асыруды жалғастырды.



Акционерлер

Коммуникация әдістері: есептерді жариялау, корпоративтік веб-сайтта ақпаратты ашу, акционерлер жиналысы, Қазақстан қор биржасындағы есептілік.

Қызығушылықтар мен үміттер: қаржылық тұрақтылық, корпоративтік басқару қағидаттарын сақтау, инвестицияларды қайтару, өндірістік көрсеткіштерді арттыру, орнықты даму қағидаттарын интеграциялау.

Біз не істейміз

Компания акционерлер үшін тұрақтылық пен құнның өсуін қамтамасыз ете отырып, өзінің өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін үнемі жақсартып отырады. 2024 жылы ҚМГ өндірістік қуаттарды жаңғырту және жұмыс тиімділігін арттыру бойынша стратегиялық бастамаларды табысты жүзеге асырды.

Маңызды қадамдардың бірі – қоршаған ортаға әсерді азайтуға және бизнесті орнықты трансформациялауға бағытталған 2060 жылға дейінгі жаңа Төменкөміртекті даму бағдарламасының әзірленуі болды.

Бұған қоса, Компания корпоративтік басқарудың жоғары стандарттарына адалдығын сақтап, есептіліктің ашықтығын және акционерлердің құқықтарының сақталуын қамтамасыз етеді.



Инвесторлар

Коммуникация әдістері: road-show өткізу, есептілік, сарапшылармен өзара іс-қимыл, баспасөз релиздері.

Қызығушылықтар мен үміттер: ESG-практикалар, тәуекелдерді ашық басқару, инвестициялардың рентабельділігі, ESG-есептіліктің жетекші стандарттарын интеграциялау.

Біз не істейміз

Компания инвесторлармен ашық әрі айқын диалогты қолдауға ұмтылады, стратегиялық бастамалары мен болашағы туралы өзекті ақпарат ұсынып отырады. Жұмыстың маңызды бағыты – GRI, TCFD және OGMP 2.0 бастамасын қоса алғанда, халықаралық стандарттарға сәйкес ESG-есептілікті дамыту. Бұл инвесторларға ҚМГ-нің қоршаған ортаға, әлеуметтік салаға және корпоративтік басқаруға тигізетін ықпалын неғұрлым жан-жақты бағалауға мүмкіндік береді. 2024 жылы ҚМГ төменкөміртекті даму және энергия тиімділігін арттыру саласындағы жобаларды жүзеге асыруды жалғастырды. Бұл бастамалар тұрақты инвесторлар мен халықаралық рейтингтік агенттіктер тарапынан қызығушылық тудыруда.



Мемлекеттік органдар

Коммуникация әдістері: консультациялар, жұмыс топтарына қатысу, есептілік, кеңестер.

Қызығушылықтар мен үміттер: заңнаманы сақтау, салықтарды төлеу, әлеуметтік міндеттемелерді орындау.

Біз не істейміз

Компания қолданыстағы заңнама талаптарын қатаң сақтайды және мұнай-газ секторы мен орнықты дамуды реттейтін нормативтік актілерді әзірлеу процесіне белсенді түрде қатысады. ҚМГ салықтар мен өзге де міндетті төлемдерді бюджетке уақтылы және толық көлемде төлеп отырады. Компания сондай-ақ өңірлерді дамытуға, әлеуметтік инфрақұрылымды жақсартуға және қоршаған ортаны қорғауға бағытталған жобаларға инвестиция салуды жалғастырып келеді, бұл елдің ұзақ мерзімді экономикалық өсуіне ықпал етеді.



Жұмысшылар мен кәсіподақтар

Коммуникация әдістері: басшылықтың ұжымдармен кездесулері, тренингтер, ішкі коммуникациялық арналар.

Қызығушылықтар мен үміттер: еңбек қауіпсіздігі, мансапты дамыту, лайықты еңбекақы төлеу, еңбек жағдайларын жақсарту.

Біз не істейміз

Компания өз қызметкерлері үшін қауіпсіз әрі жайлы еңбек жағдайларын жасауға ерекше көңіл бөледі. 2024 жылы жұмыс орындарын жаңғырту және денсаулықты қорғау бойынша бағдарламаларды енгізу бағытында қосымша шаралар қабылданды. Біз қызметкерлер үшін оқыту және біліктілікті арттыру арқылы жаңа мүмкіндіктер жасаймыз. Еңбекақының лайықты деңгейі, кадрларды іріктеудің ашық рәсімдері және кәсіби өсу жүйесі саладағы үздік мамандарды тартуға және оларды ұстап қалуға мүмкіндік береді. Корпоративтік мәдениетті нығайту және қызметкерлердің белсенді қатысуын арттыру мақсатында ҚМГ ішкі коммуникация арналарының дамуын жеделдетіп, кәсіподақтармен тұрақты диалог жүргізуді қолдайды.



Жергілікті қауымдастықтар мен қоғам

Коммуникация әдістері: қоғамдық тыңдаулар, қайырымдылық бағдарламалары, сенім телефондары арқылы кері байланыс.

Қызығушылықтар мен үміттер: жұмыс орындарын құру, әлеуметтік инвестициялар, экологиялық жауапкершілік.

Біз не істейміз

Компания қоғам алдындағы жауапкершілігін терең сезіне отырып, өз қызметін жүзеге асырып жатқан өңірлерде халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға белсенді түрде қатысады. 2024 жылы ҚМГ білім беру, медицина және жергілікті қауымдастықтардың әлеуметтік әл-ауқатын қолдауға айтарлықтай қаражат бағыттауды жалғастырды. Экологиялық бастамаларға, соның ішінде шығарындыларды азайтуға, су ресурстарын басқаруға және жерлерді қалпына келтіруге ерекше назар аударылады. Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік бағдарламалары жергілікті инфрақұрылымды дамытуға ықпал етіп, халықтың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасайды.



Клиенттер мен серіктестер

Коммуникация әдістері: іскерлік кездесулер, келісім-шарттар, бірлескен жобалар.

Қызығушылықтар мен үміттер: жеткізілімдердің тұрақтылығы, өнімдер мен көрсетілетін қызметтердің сапасы, сатып алулардың ашықтығы.

Біз не істейміз

Компания мұнай өнімдері мен қызметтерді үздіксіз жеткізуді қамтамасыз етіп, сапа мен сенімділіктің жоғары стандарттарын ұстанады. Логистика және жеткізілімдерді басқару процестерін оңтайландырады. Серіктестермен өзара іс-қимылдың ашық саясаты, корпоративтік басқарудың жоғары стандарттары және адал бәсекелестік қағидаттарын сақтау клиенттердің сенімін нығайтып, ұзақ мерзімді қатынастарды дамытуға мүмкіндік береді.



Мердігерлер

Коммуникация әдістері: тендерлер, конференциялар, жұмыс кездесулері.

Қызығушылықтар мен үміттер: сатып алулардың ашықтығы, ынтымақтастықтың әділ шарттары, объектілердегі қауіпсіздік.

Біз не істейміз

Компания сатып алу процестерінің ашықтығы мен тиімділігін қамтамасыз етуге ұмтылып, жеткізушілерді іріктеу бойынша автоматтандырылған жүйелерді енгізуде. Мердігер ұйымдар үшін өндірістік қауіпсіздік пен еңбекті қорғау стандарттары бойынша оқытуды қоса алғанда, нысандардағы қауіпсіздікті арттыруға бағытталған шараларды күшейту жұмысы жалғасуда. Өзара сенімге негізделген серіктестік қатынастарды дамыту көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға және операциялық тәуекелдерді азайтуға ықпал етеді.

ҚМГ мүдделі тараптармен өзара іс-қимылды нығайтуды жалғастырып, корпоративтік басқаруды жетілдіру және үздік халықаралық тәжірибелерді енгізу бағытында жұмыс жүргізуде. Ашық диалог, стейкхолдерлер мүдделерін ескеру және орнықты даму

саласындағы стратегиялық бастамаларды іске асыру Компанияға ұзақ мерзімді мақсаттарға қол жеткізуге және экономикаға, қоғамға және қоршаған ортаға оң ықпал етуге мүмкіндік береді.

ESG-ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

«ҚазмұнайГаз» ҰК АҚ-тағы тәуекелдерді басқару жүйесі корпоративтік басқарудың негізгі элементі болып табылады және Компанияның стратегиялық және операциялық мақсаттарына қол жеткізуге әсер етуі мүмкін ықтимал оқиғаларды уақтылы анықтауға, бағалауға және азайтуға бағытталған. Тәуекелдерді басқару бас компанияны да, еншілес және тәуелді ұйымдарды (ЕТҰ) да қамтитын ұйымның барлық деңгейлерінде жүзеге асырылады.

ҚМГ тәуекелдерді басқарудың танылған халықаралық стандарттарын, атап айтқанда корпоративтік тәуекелдерді басқару жүйесінде бекітілген «Қорғаныстың үш желісі» тұжырымдамасын ұстанады. Бұл модель функциялар мен жауапкершіліктерді операциялық бөлімшелер, тәуекел-менеджмент және ішкі аудит арасында нақты бөлуге мүмкіндік беріп, тәуекелдерді бақылау және алдын алу үшін сенімді жүйе қалыптастырады.

Орнықты даму ҚМГ-нің 2031 жылға дейінгі Даму стратегиясында бекітілген стратегиялық мақсаттарының бірі болып табылады. ESG-тәуекелдерді басқару жалпы тәуекел-менеджмент жүйесіне интеграцияланған және Компанияның сыртқы ортадағы өзгерістерге бейімделу қабілетін арттыру, ықтимал теріс салдарды барынша азайту және стейкхолдерлер мүдделерін ескере отырып, ұзақ мерзімді өсуін қамтамасыз ету құралы ретінде қызмет етеді.

2024 жылы ҚМГ орнықты дамуға әсер ететін факторларды ескере отырып, консолидирленген Тәуекелдер тіркелімін өзектендірді. Басқарушылық шешімдерді қабылдау барысында тәуекелдер туралы ақпаратты тиімді пайдалану белгісіздікті төмендетуге, орнықты операциялық модель құруға және қарқынды өзгеріп жатқан экономикалық, экологиялық және әлеуметтік орта жағдайында бизнестің тұрақтылығын қамтамасыз етуге ықпал етеді.

ESG-ТӘУЕКЕЛДЕР

Тренд (бір жыл ішінде)	Тәуекелдің сипаттамасы	Тәуекелді азайту үшін қолданылатын шаралар
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТ		
Климаттық тәуекелдер және төменкөміртекті даму		
↑	ҚМГ үшін климаттық тәуекелдер төменкөміртекті экономикаға көшу және климаттың физикалық өзгерістерімен байланысты. Олардың қатарына мыналар жатады: Энергетикалық көшу тәуекелдері – реттеушілік талаптардың күшеюі, технологиялық өзгерістер, нарықтық және бедел тәуекелдері. Климаттың физикалық тәуекелдері – төтенше ауа райы құбылыстары (тасқындар, құрғақшылықтар) және климаттың созылмалы өзгерістері (су тапшылығы, температураның жоғарылауы). 2024 жылы Атырау, Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарын қоса алғанда, ҚМГ қатысатын өңірлерде су тасқыны төтенше жағдайға алып келді, бұл залалды барынша азайту жөніндегі жедел шараларды талап етті. Потенциалды әсері Климаттық тәуекелдер шығындардың өсуіне, кірістің төмендеуіне, нарықтық мүмкіндіктердің шектелуіне, қызметкерлердің денсаулығына әсер етуі және жарақат алу ықтималдығының артуына әкелуі мүмкін. Сондай-ақ, бұл Компания өніміне деген сұраныс пен бизнес тұрақтылығына әсер етуі мүмкін.	ҚМГ климаттық тәуекелдерді төмендету бойынша белсенді жұмыс істейді, оның ішінде: 2060 жылға дейін Төменкөміртекті даму бағдарламасын жүзеге асырады. - Энергия тұтыну мен парниктік газдар шығарындыларының есебін жүргізеді, метан шығарындыларын азайту бойынша жобаларды енгізеді. - Тоқсан сайынғы негізде КО деңгейінде ТҚДБ іске асыру бойынша ЕТҰ іс-шаралар жоспарларына бақылау жүргізеді. - I-REC халықаралық жаңартылатын энергия сертификаттарын сатып алады. - CO₂ ұстау, сақтау және пайдалану (CCUS) мүмкіндіктерін зерттейді. - Төменкөміртекті сүтегі өндірісінің әлеуетін бағалау арқылы Сүтегі энергиясын дамытады. - Тұрақты авиациялық отын (SAF) өндірісінің перспективаларын және орман-климаттық жобаларды іске асыруды талдайды. - Көктемгі су тасқынына дайындық және осал учаскелерді су басуға жол бермеу (автожолдарды шайып кету, электр беру желілерін зақымдау, Ұңғымаларды су басу) жөніндегі іс-шараларды әзірлеуді жүргізеді. ҚМГ климаттың өзгеруіне бейімделу шараларын жетілдіруді жалғастырып, климаттық тәуекелдердің Компания қызметіне әсерін азайтуда.

Экологияға теріс әсер ету тәуекелі		
↑	ҚМГ қоршаған ортаға теріс әсер ету тәуекеліне ұшырауы мүмкін. Бұл ауаға ластанушы заттардың шығарылуы, су және топырақ ресурстарының ластануы, сондай-ақ экология саласындағы реттеуші талаптардың күшеюі секілді факторлармен байланысты. Экологиялық нормаларды сақтамау санкциялардың күшеюіне, қосымша қаржылық шығындарға және Компания беделінің нашарлауына алып келуі мүмкін. Потенциалды әсері Экологиялық тәуекелдердің жүзеге асуы айыппұлдарға, шекті нормадан тыс төлемдерге, қоршаған ортаны қалпына келтіруге арналған шығындарға және заңды жауапкершілікке алып келуі мүмкін. Сонымен қатар, экологиялық көрсеткіштердің нашарлауы Компанияның инвестициялық тартымдылығына және бизнесінің орнықтылығына кері әсер етуі ықтимал.	Қоршаған ортаға әсерді азайту үшін ҚМГ іс шаралар кешенін іске асырады: - Атмосфераға шығарындыларды басқару және шикі газды факельмен жағуды азайту. - Су ресурстары мен қалдықтарды басқару жобаларын енгізу. - Экологиялық көрсеткіштерді бақылау және жерлерді рекультивациялау. - Ең озық қолжетімді технологиялар мен эмиссияларды бақылаудың автоматтандырылған жүйелерін қолдану. - Маңызды экологиялық әсерлерді алдын ала басқару және экология мәселелері бойынша мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл. 2024 жылы Қалдықтарды басқару стандарты әзірленіп, бекітілді, сондай-ақ Экологиялық бағалау жүргізу жөніндегі Корпоративтік стандарт өзектендірілді. ҚМГ экологиялық талаптарға сәйкестікті қамтамасыз ете отырып, өндірістік қызметтің қоршаған ортаға әсерін төмендетуге бағытталған табиғат қорғау шараларын жетілдіруді жалғастыруда.

Тренд (бір жыл ішінде)	Тәуекелдің сипаттамасы	Тәуекелді азайту үшін қолданылатын шаралар
Теңіз операциялары кезінде мұнай төгілу тәуекелі		



Мұнай төгілулер технологиялық режимнің бұзылуы, құбырлардағы апаттар, жабдықтың істен шығуы және Каспий теңізінің күрделі табиғи жағдайлары нәтижесінде орын алуы мүмкін. Тәуекел факторларына тайыз сулар, кен орындарындағы жоғары қабат қысымы, күкіртті сүтектің болуы және теңіз бетінің маусымдық қатуы жатады.

Потенциалды әсері

Мұнай төгілулер қоршаған ортаға елеулі зиян келтіруі, өндірістік процестердің тоқтауына, салдарын жою мен өтемақы шараларына арналған айтарлықтай қаржылық шығындарға алып келуі мүмкін.

Мұнай төгілу тәуекелін азайту үшін ҚМГ алдын алу шараларының кешенін іске асырады:

- Технологиялық процестер мен жабдықтың жағдайын тұрақты бақылау.
- Құбырлар мен жабдықтарға жоспарлы-ескерту жөндеу жұмыстарын жүргізу.
- Мұнай төгілу апаттарын жою бойынша персоналды оқыту және оқу-жаттығулар өткізу.
- Солтүстік-Каспий экологиялық әрекет ету базасының тиімді жұмысын қамтамасыз ету.
- Консервацияланған ұңғымаларға бақылау жүргізу.
- Апаттық жағдайлардың алдын алу жөніндегі жұмыс топтарына қатысу.

ҚМГ мұнай төгілуінің алдын алу және жою жүйесін жетілдіруді жалғастырып, экологиялық және қаржылық тәуекелдерді азайтуға бағытталған шараларды іске асыруда.

Өндірістік нысандардағы техногендік апаттар тәуекелі		
--	--	--



ҚМГ-дың өндірістік қызметі жоғары қауіптілік деңгейімен сипатталады, бұл апатты жағдайлар, жарылыстар, өрттер және басқа да техногендік апаттар туындау қаупін тудырады. Мұндай жағдайлардың себептері жабдықтың тозуы, технологиялық процестердің бұзылуы, персоналдың қателіктері және қолайсыз сыртқы факторлар болуы мүмкін.

Потенциалды әсері

Өндірістік нысандардағы апаттар қызметкерлердің жарақат алуы мен қаза табуына, жабдық пен инфрақұрылымның бүлінуіне, қалпына келтіру жұмыстарына арналған қаржылық шығындардың артуына, сондай-ақ қоршаған ортаға зиян келтіруіне алып келуі мүмкін.

Апатты жағдайлардың алдын алу үшін ҚМГ кешенді шараларды қолданады:

- Ұңғымаларды бұрғылау жұмыстары кезінде алдын алу шараларын қолдану.
- Жабдыққа техникалық қызмет көрсету және диагностика жүргізу.
- Өнеркәсіптік қауіпсіздік сараптамаларын жүргізу және ықтимал қауіптерді анықтау.
- Жабдықты қауіпсіз пайдалану бойынша персоналды нұсқамау және оқыту.
- Өнеркәсіптік қауіпсіздікті арттыру бойынша іс-шаралардың орындалуын бақылау.
- Мүлікті зияннан сақтандыру шарттарын жасау.

ҚМГ техногендік тәуекелдердің алдын алу және оларға ден қою жүйесін жетілдіруді жалғастыруда, бұл персоналды, жабдықты және қоршаған ортаны сенімді қорғауды қамтамасыз етеді.

Тренд (бір жыл ішінде)	Тәуекелдің сипаттамасы	Тәуекелді азайту үшін қолданылатын шаралар
ӘЛЕУМЕТТІК АСПЕКТ		

Өндірістік жарақат алу тәуекелі



Бұл тәуекел еңбек қауіпсіздігі ережелерінің сақталмауы, өндірістік тәртіптің бұзылуы, сондай-ақ қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың әсер етуімен байланысты. Мұндай жағдайлар жазатайым оқиғаларға, еңбекке қабілеттіліктің жоғалуына және қызметкерлер өміріне қауіп төнуіне алып келуі мүмкін.

Потенциалды әсері

Өндірістік жарақат ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін, соның ішінде:

- Қызметкерлердің денсаулығының нашарлауы, уақытша немесе тұрақты еңбекке жарамсыздық.
- Өндіріс тиімділігінің төмендеуі, мәжбүрлі тоқтаулар.
- Компенсациялар, айыппұлдар және сот процестерімен байланысты қаржылық шығындар.
- Компанияның беделіне әсер ететін тәуекелдер.

Жарақаттанудың алдын алу үшін ҚМГ еңбекті қорғаудың жүйелі тәсілін іске асырады:

- Қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету және жаңа технологияларды енгізу.
- Қауіпсіздік техникасы бойынша тұрақты нұсқамау және оқыту.
- Қауіпсіздікке қатысты мінез-құлықты бақылау бағдарламаларын енгізу.
- Еңбек қауіпсіздігі нормаларының сақталуын ішкі бақылау.
- «Қорғау» картасы арқылы салдарсыз оқиғалар (Near Miss) бойынша есеп беру бағдарламасын іске асыру.

ҚМГ жарақат алу деңгейін төмендетуге ұмтылады, қызметкерлер үшін қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етіп, қауіпсіздік мәдениетін арттыру бойынша шаралар қабылдайды.

Кәсіби аурулардың дамуы және жаңа вирустық штамдар таралу тәуекелі		
--	--	--



ҚМГ-дың өндірістік қызметі интоксикация, ластану, діріл, шу және жоғары физикалық жүктемелер секілді қолайсыз факторлардың әсерімен байланысты. Олардың ұзақ әсері кәсіби аурулардың дамуына алып келуі мүмкін. Сонымен қатар, жаңа вирустық штамдардың таралу қаупі бар, бұл қызметкерлердің денсаулығына және өндірістік процестің тұрақтылығына әсер етуі мүмкін.

Потенциалды әсері

- Кәсіби аурулардың дамуы, қызметкерлердің еңбекке уақытша немесе тұрақты жарамсыздығы.
- Аурушандық деңгейінің артуы және медициналық қызмет көрсету шығындарының өсуі.
- Еңбек ресурстарының қысқаруы және өндірістік тиімділіктің төмендеуі.
- Инфекциялық аурулардың таралуы салдарынан операциялық қызметке әсер ету.

Тәуекелді азайту үшін қолданылатын шаралар Бұл тәуекелді азайту үшін ҚМГ мынадай шараларды іске асырады:

- Жұмыс орындарын еңбек жағдайлары бойынша тұрақты аттестациялау.
- Қызметкерлерге міндетті медициналық тексерулер жүргізу.
- Өндірістік санитарлық бақылау және еңбек жағдайларын жақсарту.
- Қызметкерлердің денсаулығын қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру.

ҚМГ кәсіби аурулар мен инфекциялық қауіптер тәуекелдерін азайту үшін еңбек пен денсаулық сақтау жүйесін жетілдіруді жалғастыруда.

Тренд (бір жыл ішінде)	Тәуекелдің сипаттамасы	Тәуекелді азайту үшін қолданылатын шаралар
Білікті кадрлардың жетіспеушілік тәуекелі		
	Бұл тәуекел кадрлардың ауысуы, қажетті құзыреттері бар мамандардың жетіспеушілігі, сондай-ақ білікті қызметкерлерді тарту және ұстаудағы қиындықтармен байланысты. Кадр тапшылығы бәсекелестік орта, еңбек күшінің көші-қоны және кәсіптерге қойылатын талаптардың өзгеруі салдарынан туындауы мүмкін. Потенциалды әсері Компания қызметінің тиімділігі мен өнімділігінің төмендеуі. Қолданыстағы персоналға жүктеменің артуы және жұмыс процестерінің бұзылу тәуекелі. Стратегиялық жобаларды іске асыру қарқынының бәсеңдеуі. Жаңа қызметкерлерді іріктеу, оқыту және бейімдеу шығындарының артуы.	ҚМГ кадрларды тарту, дамыту және ұстап қалу үшін іс-шаралар кешенін іске асырады: - Кадрлар тұрақтамау себептерін тұрақты бақылау және жұмыстан шығатын қызметкерлерге сауалнама жүргізу. - Еңбек жағдайларына қанағаттанушылықты бағалау мақсатында қызметкерлер арасында сауалнамалар өткізу. «МАНСАП» бағдарламасын іске асыру; - Ынталандыру бағдарламалары мен еңбек жағдайларын жетілдіру. - Мансаптық өсу мүмкіндіктерін және кәсіби даму бағдарламаларын жасау. ҚМГ кадрлық тәуекелдерді төмендету бағытында жұмыс жүргізіп, қызметкерлер үшін кәсіби дамуға қолайлы жағдай жасауда.
Терроризм тәуекелі		

	Бұл тәуекел Компанияның персоналына, мердігерлеріне және активтеріне қарсы бағытталған террористік және өзге де күш қолдану әрекеттерінің орын алу мүмкіндігімен байланысты. ҚМГ-нің қызметі қауіпсіздікке қатер төнуі ықтимал өңірлерді қамтиды, бұл қызметкерлер мен нысандарды қорғау шараларын қабылдауды талап етеді. Потенциалды әсері Қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына төнетін қауіп. Операциялық қызметтің бұзылуы, Компания активтерінің зақымдануы. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету және инфрақұрылымды қалпына келтіруге арналған шығындардың артуы. Репутациялық және құқықтық тәуекелдер.	ҚМГ қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында кешенді іс-шараларды жүзеге асырады: - Қауіпсіздік жүйелерінің жай-күйін тексеру және эвакуациялау схемаларын өзектендіру. - Персоналды антитеррорлық қорғау мәселелері бойынша оқыту. - Құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл орнату. - Төтенше жағдайларда әрекет ету бойынша оқу-жаттығу іс-шараларын өткізу. - Бейнебақылау және өткізу жүйелеріне бақылау жүргізу. - Терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы заңнама талаптарына сәйкес терроризм тұрғысынан осал объектілердің паспортизациясын жүргізу. ҚМГ терроризм тәуекелдерін төмендету мақсатында қызметкерлер мен нысандарды қорғау жөніндегі шараларды жетілдіруді жалғастыруда.
--	--	---

Тренд (бір жыл ішінде)	Тәуекелдің сипаттамасы	Тәуекелді азайту үшін қолданылатын шаралар
ҚМГ қызмет ететін өңірлердегі әлеуметтік тұрақсыздық тәуекелі		
	Бұл тәуекел әлеуметтік шиеленістердің, рұқсат етілмеген ереуілдер мен наразылық акцияларының туындауымен байланысты. Негізгі себептерге жалақыны арттыру, әлеуметтік жағдайларды және еңбек кепілдіктерін жақсарту жөніндегі қызметкерлердің талаптары жатады. 2024 жылы Маңғыстау облысында 17 ереуіл тіркеліп, олардың 11-і ҚМГ-дың мердігер ұйымдарына қатысты болды. Компания қызметкерлер алдындағы барлық міндеттемелерін орындағанына қарамастан, әлеуметтік тұрақсыздық тәуекел факторы болып қала береді. Потенциалды әсері Компания беделіне әсер ететін тәуекелдер және сенім деңгейінің төмендеуі. Өндірістік қызметтің бұзылу қаупі. Еңбек дауларын реттеуге байланысты операциялық шығындардың артуы. Компанияның инвестициялық тартымдылығына әсер етуі мүмкін.	ҚМГ әлеуметтік жағдайды тұрақтандыру үшін кешенді шаралар қабылдауда: - ЕТҰ-да еңбек және демалыс жағдайларын жақсарту жөніндегі Жол карталарын іске асыру. - Әлеуметтік-тұрмыстық инфрақұрылымды мониторингтеу және сәйкессіздіктерді жою. - Аймақтардағы медициналық қызметкерлерді қолдау және әлеуметтік саланы дамыту. - Мердігер ұйымдардағы еңбек жағдайларының сақталуын бақылау. - Жаңаөзен қаласының әлеуметтік-мәдени ортасын дамытуға жәрдемдесу. - Еңбекке орналастырудың ашық тетіктерін дамыту. - Оперативті бақылау жүргізу үшін мердігер ұйымдар деректер базасын автоматтандыру. ҚМГ қызметкерлермен және мүдделі тараптармен өзара іс-қимылды жалғастырып, қызмет ететін өңірлердегі әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етеді.
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ		
Комплаенс-тәуекелдер		
	Комплаенс-тәуекелдер сыбайлас жемқорлық көріністері, заңнама мен ішкі нормативтік құжаттардың бұзылу мүмкіндігімен байланысты. Бұл тәуекелдер қаржылық шығындарға, беделге нұқсан келтіруге және құқықтық салдарға әкелуі мүмкін. ҚМГ үшін басты міндеттердің бірі, ол бизнес-процестердің ашықтығын қамтамасыз ету және этикалық стандарттарды сақтау. Потенциалды әсері Қаржылық шығындар және айыппұл санкциялары. Инвесторлар мен серіктестер тарапынан сенімнің төмендеуі. Компания мен оның қызметкерлерінің заңды жауапкершілігі. Компанияның орнықты дамуына әсер ететін бедел тәуекелдері.	ҚМГ комплаенс-тәуекелдерді болдырмау жөніндегі іс-шаралар кешенін іске асырады: - Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу және түзету шараларын әзірлеу. - Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бақылау және комплаенс-тексерулерді тұрақты жүргізу. - Ішкі нормативтік құжаттарды талдау және өзектендіру. - Қызметкерлер арасында оқыту және түсіндіру арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру. ҚМГ заңнаманы бұзу тәуекелдерін барынша азайта отырып, бизнес-процестердің ашықтығын қамтамасыз ету үшін комплаенс-бақылау жүйесін жетілдіруді жалғастыруда.

ESG-РЕЙТИНГТЕРІ

SUSTAINALYTICS БАҒАСЫ



2024 жылғы желтоқсанда халықаралық Sustainalytics рейтингтік агенттігі «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-на ESG тәуекелдер рейтингісін 32,8 деңгейінде берді. Компания мұнай-газ саласындағы бағаланған 300 ұйымның ішінде 49-орынға ие болды.

Агенттік ҚМГ-нің ESG тәуекелдерді басқару деңгейін 67,3 балл деп бағалады («күшті»), бұл 2023 жылғы көрсеткішпен (67,2) салыстырғанда тұрақты деңгейді көрсетеді. Компанияның ESG тәуекелдерге ұшырау деңгейі 77 баллды құрап («жоғары»), 2023 жылғы көрсеткішпен (74,0) салыстырғанда әдістемелік өзгерістер нәтижесінде сәл артты.

Компания бірқатар негізгі бағыттар бойынша ілгерілеуге қол жеткізді. Атап айтқанда, су ресурстарын басқаруды жақсарту ESG рейтингке оң әсер етті – бұл су тұтыну көрсеткіштерінің және суды ұтымды пайдалану бойынша жаңа бастамалардың ашық жариялануымен расталады. Сондай-ақ корпоративтік басқару саласында елеулі ілгерілеу байқалды – бағалау индикаторларының кеңейтілген тізімі Компанияға басқару жүйесінің ашықтығы мен жоғары деңгейін көрсетуге мүмкіндік берді.

Компанияның позициясын нығайтуға төменкөміртекті өнімдер мен қызметтерді дамыту да айтарлықтай үлес қосты, оның ішінде CDP сауалнамасы аясында парниктік газдар бойынша қосымша ақпараттың ашылуы ерекше атап өтіледі.

Сонымен қатар, одан әрі даму үшін әлеует сақталуда, әсіресе жергілікті қауымдастықтармен өзара іс-қимыл, лоббистік қызмет туралы ақпаратты ашу және мемлекеттік органдарға жасалатын төлемдер бойынша есептілікті нақтылау бағыттарында. Бұдан бөлек, әдіснамалық өзгерістер шығарындылар мен қалдықтар саласындағы бағалауға кері әсер етті. Бұл ESG агенттігінің шығарындылардың қарқындылығына қатысты талаптарының қатаюын көрсететін жаңа индикаторлардың енгізілуімен байланысты.

Sustainalytics рейтингі туралы толық ақпарат мына сілтеме бойынша қолжетімді:

<https://www.sustainalytics.com/esg-rating/national%20company-kazmunaygas-jsc/1028382256>

MORNINGSTAR | SUSTAINALYTICS

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ SUSTAINALYTICS РЕЙТИНГТІК АГЕНТТІГІ (АМСТЕРДАМ, НИДЕРЛАНДЫ)

Sustainalytics компаниясы – бұл экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару (ESG) салаларында зерттеу жүргізетін, рейтингтік бағалау мен талдауға маманданған жетекші тәуелсіз ұйым. Компания әлемнің түкпір-түкпіріндегі инвесторларға жауапты инвестициялық стратегияларды әзірлеуге және іске асыруға көмектеседі.

SUSTAINALYTICS БАҒАЛАУ ӘДІСТЕМЕСІ

ESG тәуекелдер рейтингі компанияның маңызды ESG-факторларға ұшырау деңгейі мен осы тәуекелдерді басқару тиімділігін талдау негізінде айқындалады. Бағалау 100 балдық шкала бойынша жүзеге асырылады, мұнда «0» – тәуекелдің жоқтығын білдіреді. 2024 жылы әдістеме жаңартылып, кейбір индикаторлардың салмақтары қайта бөлінді және жаңа бағалау параметрлері енгізілді.

MSCI БАҒАСЫ



MSCI рейтингтік агенттігінің деректері бойынша, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2024 жылы ESG рейтингін «BBB» деңгейінде сақтап қалды, бұл саладағы орташа деңгейге сәйкес келеді. Бұл Компанияның экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік тәуекелдерді теңгерімді түрде басқаратынын көрсетеді.

Компания көміртегі шығарындыларын, биологиялық әртүрлілікті және жер ресурстарын басқару бағытында тұрақты ілгерілеу көрсетіп отыр. Атап айтқанда, көміртегі шығарындыларын басқару көрсеткіштері 1,2 баллға жақсарды, бұл осы салада операциялық және реттеушілік тәуекелдердің басқа салалық компаниялармен салыстырғанда төмен болуымен байланысты. Компания экожүйелерге теріс әсердің алдын алу бойынша қабылдаған шаралары атап өтілді. Сонымен қатар, ҚМГ жерлерді рекультивациялау және мұнай қалдықтарын кәдеге жарату технологияларын қолдану арқылы экологиялық беделін арттырып отыр.

АНЫҚТАМА ҮШІН

ESG-рейтинг (Environmental, Social and Governance) – бұл бизнестің экологиялық және әлеуметтік тәуекелдері, сондай-ақ корпоративтік басқару тәуекелдері бойынша берілетін баға. ESG-рейтинг инвесторлар үшін инвестициялық шешімдер қабылдауда стратегиялық құрал болып табылады және компанияның ұзақ мерзімді перспективадағы орнықтылығын бағалау үшін оның тәуекелдері мен мүмкіндіктерін анықтауға көмектеседі.

Позитивті бағаланған маңызды бастамалардың бірі – ҚМГ-нің 2022–2031 жылдарға арналған Төменкөміртекті даму бағдарламасы, ол 2031 жылға қарай Score 1 және Score 2 шығарындыларын 2019 жылғы деңгеймен салыстырғанда 15%-ға төмендетуді көздейді.

Әлеуметтік өзара іс-қимыл саласында ҚМГ дүниежүзілік ұқсас компаниялармен салыстырғанда орташа деңгейде бағаланды. Бұл мұнай-газ саласының жергілікті экожүйелер мен қоғамға әсер етуімен байланысты. Сонымен бірге, Компанияда қызметкерлердің еңбекті қорғау және денсаулығын сақтау жүйесінің салалық стандарттарға сәйкес жоғары деңгейде сертификатталғаны атап өтілді.

MSCI ХАЛЫҚАРАЛЫҚ РЕЙТИНГТІК АГЕНТТІГІ (НЬЮ-ЙОРК, АҚШ)

MSCI Inc. – акциялар, облигациялар, жылжымайтын мүлік бойынша жаһандық индекстерді, портфельдік талдау құралдарын, ESG өнімдері мен климаттық шешімдерді ұсынатын америкалық қаржы компаниясы. MSCI бүкіл әлем бойынша инвесторларға әртүрлі актив санаттарындағы тәуекелдер мен мүмкіндіктерді бағалауға арналған деректер мен аналитикалық құралдарды ұсынып, негізделген инвестициялық шешімдер қабылдауға көмектеседі.

MSCI БАҒАЛАУ ӘДІСТЕМЕСІ

MSCI ESG рейтингі – бұл компаниялардың негізгі экологиялық, әлеуметтік және басқару (ESG) тәуекелдері мен мүмкіндіктерін басқару деңгейіне берілетін салаішілік салыстырмалы баға. Бағалау AAA (ең жоғары) мен CCC (ең төмен) аралығындағы жеті балдық шкала бойынша жүргізіледі және қаржылық тұрғыдан маңызды ESG факторларды ескереді.

БҰҰ ЖАҢАНДЫҚ ШАРТЫ

2006 жылдан бастап ҚМГ БҰҰ-ның Жаһандық шартына мүше және оның белсенді қатысушысы болып табылады. Компанияның жыл сайынғы орнықты даму есебі – БҰҰ Жаһандық шарты қағидаттарын іске асыру бойынша ілгерілеу туралы есебіміз болып табылады.

Сала	Қағидат
Адам құқықтары	1. Іскерлік топтар халықаралық деңгейде жария етілген адам құқықтарын қорғауды қолдап, құрметтеуге тиіс.
	2. Іскерлік топтар адам құқықтарының бұзылуына қатысы болмауы тиіс.
Еңбек қарым-қатынастары	3. Іскерлік топтар бірігу еркіндігін және ұжымдық шарттар жасасу құқығын нақты мойындауды қолдауы тиіс.
	4. Іскерлік топтар мәжбүрлі және міндетті еңбектің барлық нысандарын жою үшін әрекет етуге тиіс.
	5. Іскерлік топтар балалар еңбегін толық жоюды қолдауы тиіс.
	6. Іскерлік топтар еңбек және жұмыспен қамту саласындағы кемсітушілікті жоюды қолдауы тиіс.
Қоршаған орта	7. Іскерлік топтар сақтық қағидатына негізделген экологиялық мәселелерге көзқарасты қолдауы тиіс.
	8. Іскерлік топтар қоршаған ортаның жай-күйі үшін жауапкершілікті арттыруға бағытталған бастамаларды қабылдауы тиіс.
	9. Іскерлік топтар экологиялық қауіпсіз технологияларды дамытуға және таратуға жәрдемдесуі тиіс.
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	10. Іскерлік топтар бопсалау мен парақорлықты қоса алғанда, сыбайлас жемқорлықтың барлық нысандарына қарсы тұруға тиіс.

Аталған қағидаттар ҚМГ-дың орнықты дамуға және мүдделі тараптар үшін ұзақ мерзімді құндылықты қамтамасыз етуге бағытталған стратегиялық бастамаларының негізі болып табылады.



<https://unglobalcompact.org/what-is-gc/participants/6810>

БҰҰ-НЫҢ ОРНЫҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗУГЕ ҚОСҚАН ҮЛЕС



«КазМұнайГаз» ҰК АҚ өз қызметінде орнықты дамуға қол жеткізуге ұмтыла отырып, бизнес-стратегиясына БҰҰ-ның негізгі қағидаттарын, жаһандық үрдістерді, Қазақстанның даму басымдықтары мен жалпыадамзаттық құндылықтарды интеграциялайды. Компания БҰҰ-ның барлық 17 Орнықты даму мақсатына (ОДМ) бейілді және оларды іске асыруға белсенді қатысады.

үлес қосуға басымдық береді. Бұл мақсаттар Компанияның тиімділігін арттыруға және өндірістік қуаттарды дамытуға, еңбек жағдайларын жақсартуға, қызметкерлерге мүмкіндіктер жасауға, жергілікті қауымдастықтарды қолдауға, қоршаған ортаны қорғауға және инновацияларды дамытуға бағытталған стратегиялық бастамалар арқылы іске асырылады.

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау және халықаралық стандарттарды сақтау Компанияға орнықты болашаққа дәйекті түрде ілгерілеуге мүмкіндік береді.

Міндеттер

ҚМГ салымы

3

ЖАҚСЫ ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛ-АУҚАТ

3.6. Жол-көлік оқиғалары салдарынан қайтыс болғандар мен жарақаттар санын қысқарту

3.8. Денсаулық сақтау қызметтерімен қамтуды, оның ішінде сапалы негізгі медициналық-санитарлық қызметтерге қол жеткізуді және қауіпсіз, тиімді, сапалы және арзан негізгі дәрілік заттар мен вакциналарға қол жеткізуді қамтамасыз ету

3.9. Қауіпті химиялық заттар мен ластанудың, ауаның, судың және топырақтың улануының салдарынан болатын өлім мен аурудың санын едәуір азайту

Басымдық

Саламатты өмір салтын қамтамасыз ету және кез келген жаста әл-ауқатты болуға ықпал ету

2024 жылғы нәтижелер:

- ҚМГ-нің 7 ЕТҰ-да көлікті басқару диагностикасы жүргізіліп, «Сапарларды басқару» жобасын тираждау бойынша жол карталары бекітілді.
- ҚМГ ЕТҰ-ның 3 837 қызметкері және мердігер ұйымдардың 2 106 қызметкері «Defensive driving» курсы бойынша оқытылды.
- ҚМГ ЕТҰ-ның 18 265 қызметкері және мердігер ұйымдардың 1 490 қызметкері қауіпсіздік белдігін пайдалану бойынша практикалық көрсетілімге қатысты.
- ҚМГ қызметкерлерінің 100%-ы медициналық сақтандыру бағдарламасымен қамтылды.

Негізгі бастамалар:

- «Сапарларды басқару» жобасы – қозғалыс қауіпсіздігіне басымдық бере отырып, көлікті басқару жүйесін енгізу.
- 2024–2028 жылдарға арналған персоналды сауықтыру бағдарламасы – созылмалы аурулары бар қызметкерлердің жағдайын бақылау, алдын алу, ауысым алдындағы тексерулердің инновациялық әдістері, медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын жақсарту.
- Медициналық сақтандыру – қызметкерлерге тұрақты медициналық тексерулер мен вакцинация жүргізу.
- Өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын сақтау жөніндегі қызметкерлердің көшбасшылығы мен адалдығы кодексі.
- «Қорғау» картасы – еңбек жағдайындағы қауіпті жағдайларды анықтау және алдын алу.

Міндеттер

ҚМГ салымы

ГЕНДЕРЛІК ТЕҢДІК

- 5.1.** Барлық әйелдер мен қыздарға қатысты кемсітушіліктің барлық түрлерін жою

5.5. Әйелдердің жан-жақты және нақты қатысуын және олар үшін саяси, экономикалық және қоғамдық өмірде шешім қабылдаудың барлық деңгейлерінде көшбасшылық үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету
- Басымдық**
Гендерлік теңдікті қамтамасыз ету және барлық әйелдер мен қыздардың мүмкіндіктерін кеңейту

2024 жылғы нәтижелер:

 - Жұмысқа қабылдау кезінде конкурстық рәсімдер кемсітушілікке жол бермейді.
 - ҚМГ-нің Директорлар кеңесі мен Бақылау кеңестеріндегі әйелдердің үлесі: 2024 жылы – 13% (мақсат – 2030 жылға қарай 30%).

Негізгі бастамалар:

 - ҚМГ тобы компанияларының жоғары басқару құрамындағы әйелдердің үлесін 2030 жылға дейін 30%-ға дейін арттыру.
 - WEP’s бастамасын енгізу, оның ішінде гендерлік алшақтыққа өзіндік бағалау жүргізу және гендерлік құрам бойынша деректерді ашу.
 - ҚР еңбек заңнамасының кемсітушілікке жол бермеу бөлігін қатаң сақтау.

ҚЫМБАТ ЕМЕС ЖӘНЕ ТАЗА ЭНЕРГИЯ

- 7.1.** Арзан, сенімді және заманауи энергиямен жабдықтауға қол жеткізуді қамтамасыз ету

7.b. Заманауи және орнықты энергиямен жабдықтау үшін инфрақұрылымды кеңейту және технологияларды жаңғырту
- Басымдық**

 - Өндірістің энергия тиімділігін арттыру
 - Таза энергия үлесін ұлғайту

2024 жылғы нәтижелер:

 - 2024 жылы энергия үнемдеу саласында 70 іс-шара іске асырылып, 2,36 млн ГДж отын-энергетикалық ресурстары үнемделді, бұл парниктік газдар шығарындыларын 174,9 мың тонна CO₂-ге азайтуға тең.
 - Технологиялық жабдықтарға энергетикалық аудит жүргізілді.
 - 2023–2024 жылдары 20 000 «жасыл» I-REC сертификаты сатып алынды.
 - ҚМГ тобы компанияларында Энергетикалық саясат және Энергия үнемдеу мен энергия тиімділігін арттыруды басқару регламенті бекітілді.

Негізгі бастамалар:

 - Жабдықты жаңғырту және автоматтандырылған есепке алу жүйелерін енгізу арқылы энергия тиімділігін арттыру.
 - ЖЭК дамыту: Total Eren компаниясымен бірлескен ЖЭС жобалары (1 ГВт) және Епі компаниясымен бірлескен гибридік электр станциясы (247 МВт).
 - «Жасыл» электр энергиясын сатып алу (2031 жылға қарай жалпы көлемнің 15%-ы).
 - Этанол негізінде тұрақты авиациялық отын (SAF) өндіру.

Міндеттер

ҚМГ салымы

ЛАЙЫҚТЫ ЖҰМЫС ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ

- 8.5.** Әйелдер мен ерлер, соның ішінде жастар мен мүгедектер үшін толық және нәтижелі жұмыспен және лайықты еңбекпен және бірдей еңбекақымен қамтамасыз ету

8.6. Жұмыс істемейтін, оқымайтын және кәсіби дағдыларды игермейтін жастардың үлесін айтарлықтай азайту

8.8. Еңбек құқықтарын қорғау және барлық жұмысшылар үшін сенімді және қауіпсіз жұмыс жағдайларын қамтамасыз етуге жәрдемдесу
- Басымдық**
Үдемелі, толық қамтылған және орнықты экономикалық өсуге, толық және нәтижелі жұмыспен қамтуға және лайықты жұмысқа жәрдемдесу

2024 жылғы нәтижелер:

 - ҚМГ 49 мыңнан астам адамды жұмыспен қамтып отыр.
 - «Жас маман», Дуальді оқыту, «Стажер», «KMGE School» сияқты жас мамандарды дамыту бағдарламалары жүзеге асырылуда.

Негізгі бастамалар:

 - Жастарды тарту бағдарламалары, түлектерді оқыту және жұмысқа орналастыру, тар бағыттағы мамандарды даярлау және тәжірибеден өткізу.
 - Ұжымдық шарттар арқылы қызметкерлерді әлеуметтік қолдау (50-ден астам жеңілдік түрі).

ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ, ИННОВАЦИЯЛАР, ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

- 9.1.** Адамдардың экономикалық дамуы мен әл-ауқатын қолдау мақсатында өңірлік және трансшекаралық инфрақұрылымды қоса алғанда, сапалы, сенімді, орнықты және тұрақты инфрақұрылымды негіздеу

9.4. Ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру және таза және экологиялық таза технологиялар мен өндірістік процестерді кеңінен қолдану арқылы оларды орнықты ете отырып, инфрақұрылымды жаңарту және өнеркәсіптік кәсіпорындарды қайта жабдықтау
- Басымдық**
Тұрақты инфрақұрылым құру, орнықты индустрияландыру мен инновацияларға жәрдемдесу

2024 жылғы нәтижелер:

 - Өндіру деректері мен процестерін басқару тиімділігін арттыру үшін ABAI ақпараттық жүйесінің 6 модулі енгізілді.
 - Енгізілген шешімдер нәтижесінде қосымша мұнай өндірілді және ұңғымаларды жөндеу саны азайтылды.
 - «Цифрлық азамат» курсы әзірленді.

Негізгі бастамалар:

 - ҚМГ тобының барлық өндірістік ақпаратын орталықтандыру және оны жасанды интеллект пен машиналық оқыту арқылы өңдеу үшін ABAI ақпараттық жүйесін дамыту және енгізу.
 - Қызметкерлердің цифрлық сауаттылығын арттыруға арналған «Цифрлық азамат» бағдарламасы.
 - Энергия тұтынуды оңтайландыру және технологиялық жабдықты жаңғырту.

Міндеттер

ҚМГ салымы



ТҰРАҚТЫ ҚАЛАЛАР ЖӘНЕ ЕЛДІ МЕКЕНДЕР

11.2. 2030 жылға қарай жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыру, атап айтқанда, осал жағдайдағы адамдардың, әйелдердің, балалардың, мүгедектердің және қарттардың қажеттіліктеріне ерекше назар аударып, қоғамдық көлікті пайдалануды кеңейту негізінде барлығының қауіпсіз, арзан, қолжетімді және экологиялық тұрақты көлік жүйелерін пайдалана алуын қамтамасыз ету

11.6. 2030 жылға қарай қалалардың жан басына шаққандағы теріс экологиялық әсерін азайту, оның ішінде ауа сапасына және қалалық және басқа да қалдықтарды жоюға ерекше назар аудару арқылы азайту

Басымдық
Қалалар мен елді мекендердің ашықтығын, қауіпсіздігін, өміршеңдігін және экологиялық орнықтылығын қамтамасыз ету

2024 жылғы нәтижелер:

- «Таза Қазақстан» акциясына қатысу:
 - Тазалау және абаттандыру бойынша 75 іс-шара өткізілді.
 - 10 мыңнан астам адамның қатысуымен 235 сенбілік ұйымдастырылып, 240 тонна қалдық жиналды.
 - 60 жасыл желектерді өктеу іс-шарасы өткізіліп, шамамен 170 мың ағаш қамтылды.
- Ластаушы заттар шығарындыларын автоматтандырылған мониторингтеу жүйелерін орнату жұмыстары жүргізілуде.
- 2021 жылдан бастап ҚМГ тобы бойынша жалпы саны 200 000-ға жуық ағаш отырғызылды, оның ішінде 2024 жылы – 97 мыңнан астамы.

Негізгі бастамалар:

- Электромобильдерге арналған қуаттау инфрақұрылымын дамыту.
- Қоршаған ортаға теріс әсерді кезең-кезеңімен азайтуға бағытталған қолжетімді ең озық технологияларды енгізу.
- Ластаушы заттар шығарындыларын азайту бағдарламасын әзірлеу.
- Дүниежүзілік банк бастамасы – «2030 жылға қарай ілеспе мұнай газын жүйелі түрде факелде жағуды толық тоқтату» жобасын іске асыру.
- «Жасыл белдеу» құру – көгалдандыру жобалары.
- Қоршаған ортаның жай-күйін жақсарту мақсатындағы «Таза Қазақстан» бастамасына қатысу.



ЖАУАПТЫ ТҰТЫНУ ЖӘНЕ ӨНДІРІС

12.4. Келісілген халықаралық қағидаттарға сәйкес химиялық заттарды және олардың бүкіл өмірлік циклі бойындағы барлық қалдықтарды экологиялық тұрғыдан ұтымды пайдалануға қол жеткізу және олардың адам денсаулығы мен қоршаған ортаға теріс әсерін азайту үшін олардың ауаға, суға және топыраққа түсуін айтарлықтай азайту

12.5. 2030 жылға қарай қалдықтардың пайда болуын болдырмау, оларды азайту, өңдеу және қайта пайдалану бойынша шаралар қабылдау арқылы олардың көлемін едәуір азайту

12.6. Компанияларға, әсіресе ірі және трансұлттық компанияларға тұрақты өндіріс әдістерін қолдануға және өз есептерінде ресурстарды ұтымды пайдалану туралы ақпаратты көрсетуге кеңес беру

Басымдық
Тұтыну мен өндірістің ұтымды үлгілеріне көшуді қамтамасыз ету

2024 жылғы нәтижелер:

- 2018–2024 жылдар аралығында 4,5 млн тонна тарихи мұнай қалдықтары қайта өңделді.
- Су ресурстарын басқару бойынша іс-шаралар жүзеге асырылуда.

Негізгі бастамалар:

- Тарихи жинақталған мұнай қалдықтарын кәдеге жарату бағдарламасы.
- АМӨЗ-дегі ағынды суларды тазартуға бағытталған «Тазалық» жобасы.
- Қалдықтарды басқару стандартының енгізілуі.
- Су ресурстарын басқару бағдарламасы.
- «Жасыл» кеңселерді және қалдықтарды бөлек жинау жүйесін дамыту.

Міндеттер

ҚМГ салымы



КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІМЕН КҮРЕС

13.2. Климаттың өзгеруіне ден қою шараларын саясатқа, стратегияларға және жоспарлауға енгізу

13.3. Климаттың өзгеруінің ауырлығын азайту және әлсірету және адамдар мен мекемелерді оларға бейімдеу және ерте алдын алу бойынша ағарту жұмыстарын жақсарту, ол туралы ақпарат тарату

Басымдық
Климаттың өзгеруіне және оның салдарына қарсы шұғыл шаралар қабылдау

2024 жылғы нәтижелер:

- ҚМГ-нің 2060 жылға дейінгі төменкөміртекті даму бағдарламасы бекітілді.
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның парниктік газдар шығарындыларын мониторингтеу және есептілік жүргізу бойынша корпоративтік әдістемесі өзектендірілді. Бұл әдістеме Score 1, 2 және 3 санаттарын толық қамтиды және түгендеу, есепке алу мен есептілік тәсілдерін қамтиды.
- Сутек Атласы әзірленіп, жасыл сутек бойынша пилоттық жоба іске асырылуда. Лабораториялық жұмыстар аясында сутекті сақтауға арналған темір мен титан қорытпаларының үлгілері алынды.
- Air Astana компаниясымен және ЕҚДБ қолдауымен Қазақстанда тұрақты авиаотын (SAF) өндіру әлеуеті бойынша технико-экономикалық зерттеу аяқталды.
- Павлодар облысында орман-климаттық жобаны іске асыруға арналған учаскелер анықталып, парниктік газдарды сіңіру әлеуеті бағаланды және көгалдандыру бойынша Жұмыс жобасы әзірленді.
- OGMP 2.0 бастамасына қосылып, UNEP ұйымына метан шығарындылары бойынша алғашқы есеп ұсынылды.
- ҚМГ мамандары метан ағып кетулерін басқару бойынша оқытылып, ҚМГ-нің екі еншілес ұйымында метан ағып кетуінің далалық өлшемдері жүргізілді.
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тобы үшін метан шығарындыларын басқаруға арналған Нұсқаулық бекітілді.
- COP-28 конференциясында ҚМГ мұнай-газ секторын декарбонизациялау жөніндегі Хартияға қосылды.

Негізгі бастамалар:

- Ішкі көміртекті баға белгілеу жүйесін енгізу.
- Carbon Disclosure Project (CDP) шеңберіндегі қатысу және TCFD стандарты бойынша климаттық тәуекелдерді ашып көрсету.
- Метан шығарындыларын басқару бойынша халықаралық серіктестермен бірлескен жұмыс (Carbon Limits, International Finance Corporation, Tetra Tech Inc).
- ҚМГ – БҰҰ Қоршаған орта бағдарламасының OGMP 2.0 метан бастамасының қатысушысы.
- Мұнай-газ секторын декарбонизациялау жөніндегі Хартияның қатысушысы.
- Chevron корпорациясымен бірлесіп Павлодар облысында орман-климаттық офсет жобасы іске асырылуда.

Міндеттер

ҚМГ салымы

15

ҚҰРЛЫҚ ЭКОЖҮЙЕЛЕРІН САҚТАУ

15.3. Шөлейттенуге қарсы күрес жүргізу, тозуға ұшыраған жерлер мен топырақты, соның ішінде шөлейттену, құрғақшылық және су тасқынынан зардап шеккен жерлерді қалпына келтіру және жердің жағдайын нашарлатпауға тырысу

15.5. Табиғи мекендеу орындарының тозуын тежеу, биологиялық әртүрліліктің жоғалуын тоқтату және жойылып кету қаупі төнген түрлердің сақталуын және жойылып кетуін болдырмау үшін маңызды шаралар қабылдау

Басымдық

Құрлық экожүйелерін қорғау және қалпына келтіру және оларды ұтымды пайдалануға жәрдемдесу, орманды ұтымды пайдалану, шөлейттенуге қарсы күрес, жердің тозу процесін тоқтату және кері қайтару және биологиялық әртүрліліктің жоғалу процесін тоқтат

2024 жылғы нәтижелер:

- Арал теңізінің құрғаған табанында 15 мың га аумақта 4,5 млн сексеуіл көшеті отырғызылды.
- АМӨЗ-дағы бұлану алқаптарын қалпына келтіру және ағын каналдарын қайта жаңарту жобасы іске асырылуда.
- Ластанған жерлерді қалпына келтіру және ластаушы заттардың төгінділерін азайту бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Негізгі бастамалар:

- Күн сайын 50 мың м³ су өндіретін Кендірліде тұщыландыру зауытын салу.
- Жерлерді қалпына келтіру.
- Биологиялық алуантүрлілікті сақтау бағдарламасын әзірлеу және табиғатты қорғау ұйымдарымен ынтымақтастық.
- Қоршаған ортаға әсерді азайту бойынша шаралар иерархиясы қағидаттарын енгізу (алдын алу, азайту, қалпына келтіру, өтеу).
- Қоршаған ортаның жай-күйін жақсарту мақсатында «Тазалық» экологиялық жобасын іске асыру.

Міндеттер

ҚМГ салымы

17

ОРНЫҚТЫ ДАМУ ҮШІН СЕРІКТЕСТІК

17.1. Салықтар мен басқа да кірістерді жинау бойынша ұлттық мүмкіндіктерді арттыру мақсатында ішкі көздерден алынатын, оның ішінде дамушы елдердің халықаралық қолдауының арқасында алынатын ресурстарды жұмылдыруды күшейту

17.16. Барлық елдерде, әсіресе дамушы елдерде орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуді қолдау үшін білімді, тәжірибені, технологияны және қаржылық ресурстарды жұмылдыратын және тарататын көптеген мүдделі тараптардың қатысуымен серіктестіктермен толықтырылған орнықты даму мүдделерінде Жаһандық серіктестікті нығайту

17.17. Серіктестіктердің ресурстарын пайдалану тәжірибесі мен стратегияларына сүйене отырып, мемлекеттік ұйымдар, мемлекеттік және жеке секторлар мен азаматтық қоғам ұйымдары арасындағы тиімді серіктестікті ынталандыру және көтермелеу

Басымдық

Орнықты даму мүддесінде Жаһандық әріптестік шеңберінде жұмысты жүзеге асыру құралдарын нығайту және жандандыру

2024 жылғы нәтижелер:

- ҚМГ жыл сайын салықтар, мемлекетке төлемдер және өзінің қызметі туралы ақпаратты ашып көрсетеді, бұл ретте ашықтықтың үздік стандарттарын ұстанады.
- Компания орнықты даму саласындағы жобаларды іске асыруда халықаралық агенттіктермен және мемлекетаралық ұйымдармен тығыз ынтымақтастықта жұмыс істейді.

Негізгі бастамалар:

- Салық есептілігін ашу, соның ішінде GRI стандарты және OECD Action 13 ел бойынша есептілік бастамасы бойынша.
- Орнықты даму, қоршаған ортаны қорғау және шығарындыларды азайту жөніндегі халықаралық бастамаларға қатысу.
- Корпоративтік басқарудың ашықтығын арттыру.



ҚМГ БАСТАМАЛАР МЕН ҚАУЫМДАСТЫҚТАРДАҒЫ МҮШЕЛІГІ ЖӘНЕ ҚАТЫСУЫ

GRI 2-28

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ орнықты даму, қоршаған ортаны қорғау, экологиялық әсерді азайту және қауіпсіздік стандарттарын арттыруға

бағытталған халықаралық және ұлттық бастамаларға белсенді қатысады.

КЛИМАТ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯ САЛАСЫНДАҒЫ БАСТАМАЛАР



Дүниежүзілік банктің 2030 жылға қарай ілеспе мұнай газын жүйелі түрде факелде жағуды тоқтату бастамасы

ҚМГ 2015 жылдан бастап қолдайды және ілеспе газды жағу көлемін барынша азайтуға ұмтылады.



Жаһандық метан бастамасы (GMI)

ҚМГ 2017 жылдан бері желі мүшесі болып табылады және метан шығарындыларын азайту және кәдеге жарату жобаларын іске асырып келеді.



CDP (Carbon Disclosure Project)

ҚМГ жыл сайын парниктік газдар шығарындылары және су ізі бойынша барлық активтеріне қатысты деректерді жариялайды.



Caspian Environmental Protection Initiative (CEPI)

Қаспий теңізі өңірінің қоршаған ортасын қорғауға бағытталған бастамаға 2020 жылдан бастап қатысады.



The Oil & Gas Methane Partnership 2.0 (UNEP)

2023 жылы ҚМГ қосылып, метан шығарындылары мен оларды азайту бойынша есептіліктің ашықтығын арттыруда.



Oil and Gas Decarbonisation Charter

ҚМГ 2023 жылдан бастап қатысады, COP28 алаңында қосылып, мұнай-газ саласындағы көміртекті ізді азайтуға бағытталған шараларды қолдайды.

ҚАУІПСІЗДІК, ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРҒА ДАЙЫНДЫҚ ЖӘНЕ МҰНАЙ ТӨГІЛУЛЕРІН ЖОЮ



Oil Spill Preparedness Regional Initiative (OSPRI)

ІРИЕСА және Халықаралық теңіз ұйымымен өзара іс-қимылда жұмыс істейді, төгілулердің алдын алу және жою бойынша.



Oil Spill Response Limited (OSRL)

мұнай төгілулерін жоюға маманданған халықаралық ұйымның мүшесі.

ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАУЫМДАСТЫҚТАР



Қазақстан Республикасының «Атамекен» ҰКП

құқықтық мәселелер бойынша ынтымақтастық.



KAZENERGY

комитеттер мен жұмыс топтарына белсенді қатысу, Экология және әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі үйлестіру кеңесін басқару.



БҰҰ-ның Жаһандық шарты

ҚМГ шартқа қол қойған және жыл сайын орнықты даму бойынша ілгерілеу есебін жариялайды.



IOGP (Халықаралық мұнай және газ өндірушілер қауымдастығы)

2018 жылдан бастап мүшесі, қауіпсіздік саласындағы халықаралық стандарттарды енгізуде.



KazWeld – Қазақстандық дәнекерлеу қауымдастығы

халықаралық стандарттарға сәйкес дәнекерлеу технологиялары мен кадр даярлауды дамыту.



«Жаңа Қазақстанның салық төлеушілері» қауымдастығы


салық заңнамасын жетілдіру және кәсіпорындардың салықтық сауаттылығын арттыру.

АҚПАРАТТЫ АШУ



PwC Kazakhstan жүргізетін корпоративтік есептердегі қаржылық емес ақпаратты ашып көрсету бойынша үздік 50 компания рейтингі

ҚМГ тұрақты түрде ESG ақпаратын ашып көрсету бойынша ТОП-5 үздік компанияның қатарына кіреді.



PwC Kazakhstan жүргізетін ESG-ақпаратты ашу рейтингі – бұл қазақстандық компаниялардың орнықты даму жөніндегі деректерді ашып көрсету сапасы мен толықтығына жыл сайын жүргізілетін талдау. Рейтинг шеңберінде жылдық есептер мен орнықты даму туралы есептер, оның ішінде интеграцияланған және әлеуметтік есептер бағаланады. Мақсаты – көшбасшыларды анықтау және ақпаратты ашу тәжірибесін жақсарту бойынша ұсынымдар беру.

Бағалау келесі негізгі бағыттар бойынша жүргізіледі: Орнықты даму стратегиясы, Корпоративтік басқару, Әлеуметтік саясат және персоналды басқару, Экологиялық әсерлер және оларды басқару, Есептілік тәжірибесі және халықаралық стандарттарға сәйкестік. Компаниялар 76 критерий бойынша бағаланады.

Рейтингтің мақсаты – Қазақстандағы ESG есептілігін дамытуға қолдау көрсету және елдегі орнықты дамуды басқару сапасын арттыруға ықпал ету.

ҚМГ орнықты даму, экология және қауіпсіздік салаларындағы үздік жаһандық тәжірибелерді интеграциялай отырып, әріптестікті дамытуды жалғастыруда.

Қазақстан машина жасаушылары одағы



машина жасау саласын қолдау және кәсіпорындарды біріктіру.

Мұнай-газ химиясы өнімдерін өндірушілер мен тұтынушылар қауымдастығы



Қазақстандағы мұнай-газ химия саласының орнықты дамуына жәрдемдесу.

Qazaq Green – ЖЭК қауымдастығы



жаңартылатын энергетика саласындағы құзыреттерді дамыту.

Ecojer



ҚМГ 2021 жылдан бастап өңірлік экологиялық бастамалар қауымдастығының мүшесі.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ КӘСІБИ БАСТАМАЛАР

«Мұнай-газ кешенінің ардагерлері» қоғамдық бірлестігімен ынтымақтастық



ҚМГ 2021 жылдан бері ардагерлер кеңесімен өзара әрекеттесіп, тәжірибе мен сараптамалық қолдауды қамтамасыз етеді.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК



Климаттың өзгеруі және төменкөміртекті даму.....	86
Қоршаған ортаға әсерді басқару	102
Су ресурстарын басқару.....	104
Атмосфералық ауаны қорғау	111
Қалдықтарды өңдеу және топырақ құнарлығын қалпына келтіру.....	114
Мұнайдың төгілуін болдырмау және жою шаралары.....	117
Биоалуантүрлілікті сақтау.....	118
Жоспарланып отырған шаруашылық қызметке экологиялық баға беру.....	123
Жұмыс алаңдарын жабу және қалпына келтіру	125
«Жасыл кеңсе» қағидаттарын енгізу.....	126
Заңнама талаптарына сәйкестік және экологиялық шығыстар.....	129

**БОЛАШАҚҚА
ИНВЕСТИЦИЯ**



7-қағидат. Іскерлік топтар сақтық қағидатына негізделген экологиялық мәселелерге көзқарасты қолдауы тиіс.

8-қағидат. Іскерлік топтар қоршаған ортаның жай-күйі үшін жауапкершілікті арттыруға бағытталған бастамаларды қабылдауы тиіс.

9-қағидат. Іскерлік топтар экологиялық қауіпсіз технологияларды дамытуға және таратуға жәрдемдесуі тиіс.

КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІ ЖӘНЕ ТӨМЕНКӨМІРТЕКТІ ДАМУ

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ климаттың өзгеруі – экожүйелерге, экономика мен әлеуметтік даму үдерістеріне әсер ететін ең маңызды жаһандық мәселелердің бірі екенін жақсы түсінеді. Парниктік газдар (ПГ) шығарындыларын қысқарту және көміртектік бейтараптыққа қол жеткізу жөніндегі жаһандық және ұлттық стратегияларға сәйкес Компания климаттық аспектілерді өзінің даму стратегиясына және тәуекелдерді басқару жүйесіне интеграциялауда.

ҚМГ-нің климаттық стратегиясы көміртекті ізді азайтуға, энергия тиімділігін арттыруға және төменкөміртекті технологияларды дамытуға бағытталған. Бұл тәсіл 2024 жылы Директорлар кеңесімен бекітілген 2060 жылға дейінгі Төменкөміртекті даму бағдарламасында (ТҚДБ-2060) нақты бекітілген. Аталған құжат бизнесті декарбонизациялаудың негізгі кезеңдері мен тетіктерін айқындайды, оған жаңартылатын энергия көздерін (ЖЭК) дамыту, энергия үнемдейтін технологияларды енгізу, метан шығарындыларын басқару және көміртекті ұстау және сақтау жобаларын (CCUS) іске асыру кіреді.

Компания климаттық тәуекелдерді басқаруда кешенді тәсілді қолданады, ол мыналарды қамтиды:

- **Климат күн тәртібін** корпоративтік басқару мен шешім қабылдау процестеріне стратегиялық түрде енгізу;

- Корпоративтік тәуекелдерді басқару жүйесі шеңберінде **климаттық тәуекелдерді жүйелі түрде анықтау және бағалау;**
- Инфрақұрылымның төзімділігін арттыру және көміртекті реттеуді ескеру арқылы **физикалық және өтпелі климаттық тәуекелдерге бейімделу тетіктерін дамыту;**
- **Ашықтық және бақылау** – парниктік газдар шығарындылары туралы ақпаратты тұрақты түрде ашып көрсету.

ҚМГ сондай-ақ төменкөміртекті бастамаларды ілгерілету үшін халықаралық серіктестермен, мемлекеттік органдармен және мүдделі тараптармен ынтымақтастыққа ерекше назар аударады. 2024 жылы Компания метан шығарындыларымен күрес бойынша Серіктестік бастамаға (OGMP 2.0) қосылды. Бұл метан шығарындыларын есепке алудың дәлдігін арттыруға және үздік халықаралық тәжірибелерді енгізуге ықпал етеді.

Төменкөміртекті даму бағытын ұстану және климаттық тәуекелдерді жауапты басқару ҚМГ-ға жаһандық энергетикалық транзит жағдайында орнықтылығын нығайтуға және Қазақстанның мұнай-газ саласындағы көшбасшылық позициясын сақтауға мүмкіндік береді.

ПАРНИКТІК ГАЗДАР ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫН АЗАЙТУ МАҚСАТТАРЫ

2060 жылға дейінгі Төменкөміртекті даму бағдарламасына (ТҚДБ-2060) сәйкес Компания парниктік газдар шығарындыларын азайту және төменкөміртекті технологияларды дамыту бойынша нақты мақсаттар қойды.

Базалық жыл ретінде 2019 жыл қабылданды – бұл жыл COVID-19 пандемиясы мен кейінгі дағдарысқа дейінгі Компанияның қалыпты қызметін көрсетеді және прогресті бағалау үшін ең репрезентативті кезең болып табылады.

2031 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН МАҚСАТТАР

- Тікелей (Scope 1) және жанама (Scope 2) шығарындыларды 2019 жылғы деңгейден 15%-ға азайту.
- Метан шығарындыларын 2019 жылмен салыстырғанда 32%-ға азайту.
- Көміртекті қарқындылықты 15%-ға төмендету.
- Электр энергиясы тұтыну балансындағы ЖЭК үлесін 15%-ға жеткізу.
- Ілеспе газды жоспарлы факелде жағуды толық тоқтату.
- 1600 га аумақта орман-климаттық офсет жобасын іске асыру.

- Көміртекті ұстау, пайдалану және сақтау (CCUS) технологияларын енгізу.

2060 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН МАҚСАТТАР

- Тікелей (Scope 1) және жанама (Scope 2) шығарындыларын 64%-ға азайту (қолданыстағы шаралар мен офсет тетіктерін ескере отырып).
- Метан шығарындыларын 96%-ға азайту.
- Көміртекті қарқындылықты 60%-ға төмендету.
- Электр энергиясы тұтыну балансындағы ЖЭК үлесін 50%-ға жеткізу.
- 11 600 га аумақта орман-климаттық офсет жобаларын іске асыру.
- CCUS жобалары аясында 421 мың тонна CO₂ инъекциялау.
- 1,4 млн тонна тұрақты авиациялық отын (SAF) өндіру.
- CDP климат рейтингінде «А» бағасына қол жеткізу.

Аталған мақсаттар ҚМГ-нің көміртекті ізін ұзақ мерзімді азайтуға және төменкөміртекті экономикаға біртіндеп көшуге негіз болады.



TCFD ҰСЫНЫСТАРЫ НЕГІЗІНДЕ АҚПАРАТТЫ АШЫП КӨРСЕТУ

Компонент	TCFD ұсынысы	Ашылатын ақпарат	Есеп бөлімдері
Басқару	Директорлар кеңесінің климаттық тәуекелдер мен мүмкіндіктерді қадағалаудағы рөлін сипаттау	Директорлар кеңесі деңгейінде климат мәселелерін басқару тетіктерінің сипаттамасы	Климаттық тәуекелдерді басқарудағы менеджменттің рөлі
	Басшылықтың климаттық тәуекелдер мен мүмкіндіктерді бағалау және басқарудағы рөлін сипаттау	Басшылықтың климаттық стратегияны әзірлеу және іске асыруға қатысуы	
Стратегия	Қысқа, орта және ұзақ мерзімді перспективада ұйымға әсер ететін климаттық тәуекелдер мен мүмкіндіктерді анықтау	Негізгі климаттық тәуекелдер мен мүмкіндіктер және олардың Компания қызметіне ықтимал әсері	Климаттық тәуекелдерді бағалау
	Климаттық тәуекелдер мен мүмкіндіктердің бизнеске, стратегияға және қаржылық жоспарлауға әсері	Климаттық сын-қатерлерге бейімделуге бағытталған стратегия мен бизнес-процестер сипаттамасы	Климаттық тәуекелдерді басқару стратегиясы Климаттық стратегия шеңберіндегі негізгі жобалар
	Компания стратегиясының климаттың әртүрлі өзгеру сценарийлерін ескере отырып орнықтылығы	Климаттың өзгеру сценарийлерінің компанияға ықпалын талдау	Климаттық тәуекелдерді басқару стратегиясы Климаттық тәуекелдерді бағалау
Тәуекелдерді басқару	Климаттық тәуекелдерді анықтау және бағалау процестері	Климаттық тәуекелдерді анықтау, бағалау және мониторингтеу тәсілдері	Климаттық тәуекелдерді бағалау
	Климаттық тәуекелдерді басқару процестер	Климаттық тәуекелдерді төмендету және бейімделу шаралары	
	Климаттық тәуекелдерді компанияның жалпы тәуекелдерді басқару жүйесіне енгізу	Климаттық тәуекелдерді корпоративтік тәуекелдерді басқару жүйесіне интеграциялау	Климаттық тәуекелдерді басқару жүйесіне интеграциялау
Көрсеткіштер мен мақсаттар	Климаттық тәуекелдер мен мүмкіндіктерді бағалауға қолданылатын көрсеткіштер	Парниктік газдар шығарындылары, энергия тиімділігі сияқты негізгі климаттық көрсеткіштер	Парниктік газдар шығарындылары Энергия үнемдеу және тиімділікті арттыру бағдарламалары
	Парниктік газдар шығарындыларының көлемі (Score 1, 2 және мүмкін болса, Score 3)	Шығарындылар бойынша толық деректерді ашып көрсету	Парниктік газдар шығарындылары
	Ұйымның климаттық аспектілер бойынша белгілеген мақсаттары	Шығарындыларды азайту және климатқа орнықтылық бойынша орта және ұзақ мерзімді мақсаттар	Парниктік газдар шығарындыларын азайту мақсаттары

КЛИМАТТЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ климаттық тәуекелдерді басқаруда кешенді және жүйелі тәсілді қолданады, бұл ретте Климатқа байланысты қаржылық ақпаратты ашу жөніндегі жұмыс тобының (TCFD) ұсынымдарын қоса алғанда, жетекші халықаралық тәжірибелерге сүйенеді. Компания климаттық тәуекелдерді операциялық қызметке, инвестициялық шешімдерге және бизнестің ұзақ мерзімді орнықтылығына ықпал етуі мүмкін стратегиялық маңызды факторлар ретінде қарастырады.

КЛИМАТТЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУДАҒЫ МЕНЕДЖМЕНТТІҢ РӨЛІ

ҚМГ Директорлар кеңесі Компанияның климаттық саясатына жоғары деңгейде бақылау жүргізеді, 2060 жылға дейінгі төменкөміртекті даму бағдарламасы (ТҚДБ-2060) сияқты негізгі стратегиялық құжаттарды бекітеді және климаттық бастамалардың іске асырылуын қадағалайды. Экологиялық, климаттық және ESG мәселелерін тереңірек қарау үшін Қауіпсіздік, еңбекті қорғау, қоршаған орта және орнықты даму жөніндегі комитет (ҚЕҚОҚОДК) жұмыс істейді. Бұл комитет тұрақты негізде қазіргі және болашақ климаттық тәуекелдер мен мүмкіндіктерді талдайды.

Компанияның Басқармасы климаттық аспектілерді стратегиялық және операциялық басқаруға интеграциялауға жауапты. Құрылым шеңберінде климаттық бастамаларды іске асыруды үйлестіретін **Басқарма төрағасының орынбасары**, сондай-ақ шығарындылар мониторингі, көміртекті активтерді басқару және төменкөміртекті технологияларды енгізу бойынша жауапты профильдік департаменттер басшылары тағайындалған.

Климаттық стратегияны іске асыруда **Төменкөміртекті даму департаменті** маңызды рөл атқарады. Ол декарбонизация жөніндегі жол карталарын әзірлеуге және олардың орындалуын бақылауға, еншілес және тәуелді ұйымдармен өзара іс-қимылды үйлестіруге,

сондай-ақ жаңартылатын энергетика мен көміртекті ұстау бастамаларын ілгерілетуге жауапты.

2024 жылы Компания Климаттық саясат пен шығарындыларды басқаруды күшейтетін бірқатар жаңа нормативтік құжаттарды, соның ішінде парниктік газдар шығарындыларын бақылау және есеп беру әдістемесін және метан шығарындыларын басқару жөніндегі нұсқаулықты бекітті. Бұл құжаттар ҚМГ-ның көміртегі ізін азайту жөніндегі міндеттемелерін бекітеді және компаниялардың бүкіл тобында Климаттық факторларды басқарудың бірыңғай тәсілін қалыптастырады.

КЛИМАТТЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНЕ ИНТЕГРАЦИЯЛАУ

Климаттық тәуекелдер ҚМГ-нің Корпоративтік тәуекелдерді басқару жүйесіне (КТБЖ) интеграцияланған. Бұл Компанияға климаттық өзгерістердің ықтимал салдарын уақтылы анықтауға, бағалауға және барынша азайтуға мүмкіндік береді. Осы тәсіл аясында ҚМГ:

- Әртүрлі климаттық сценарийлерді ескере отырып, физикалық және өтпелі климаттық тәуекелдерді анықтайды;
- Тәуекел карталарын және басқару жоспарларын әзірлейді, бейімделу және климаттық әсерді төмендету шараларын қамтиды;
- Климаттық тәуекелдерді тұрақты негізде бақылайды және оларды Компанияның тәуекелдер тізілімі мен картасына, сондай-ақ жыл сайынғы есептілікке енгізеді.

Анықталған тәуекелдерді басқару мақсатында ҚМГ келесі бейімделу стратегияларын әзірлейді: активтердің энергия тиімділігін арттыру, жаңартылатын энергия көздерін (ЖЭК) дамыту, көміртекті ұстау және сақтау (CCUS) технологияларын пайдалану, сондай-ақ метан шығарындыларын азайту.

Ашықтық пен есептілік ҚМГ-дың климаттық тәуекелдерді басқару тәсіліндегі басты элементтердің бірі болып табылады. Компания климаттық тәуекелдер мен көміртектік із бойынша ақпаратты TCFD, GRI, CDP және ISO 14064 сияқты халықаралық стандарттарға сәйкес тұрақты түрде ашып көрсетеді.

КЛИМАТТЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ СТРАТЕГИЯСЫ

ҚМГ қоршаған ортаны кешенді бақылауды жүзеге асырады, оған атмосфералық ауаны, су ресурстарын және топырақ жамылғысын қадағалау кіреді. Бұл өндірістік қызметтің қоршаған ортаға тигізетін әсерін барынша азайтуға мүмкіндік береді. Компания тұрақты түрде өндірістік экологиялық бақылау жүргізіп отырады, ал өлшеу нәтижелері тоқсан сайын мемлекеттік қадағалау органдарына жіберіледі.

Өндірістік объектілер орналасқан аудандардағы ауа сапасына ерекше көңіл бөлінеді. Санитарлық-қорғау аймақтарының шекараларына стационарлық бақылау бекеттері орнатылып, ластаушы заттардың деңгейі өзгерген жағдайда жедел әрекет ету және түзету шараларын қабылдау қамтамасыз етіледі.

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес, 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап I санаттағы объектілер операторлары үшін Автоматтандырылған эмиссия мониторингі жүйесінің (АЭМЖ) болуы міндетті болды. АЭМЖ негізгі стационарлық көздердегі шығарындылар көрсеткіштерін нақты

уақыт режимінде бақылауға және деректерді мемлекеттік органдарға жіберуге мүмкіндік береді.

АЭМЖ келесі кәсіпорындарда енгізілген: ҚОА, ММГ, АМӨЗ, ПМХЗ және ПКОВ, ал КРІ-де жүйені орнату және іске қосу-жөндеу жұмыстары аяқталу сатысында. Экологиялық бақылау құралдары пештер мен қазандықтар шығарындыларындағы күкірт ангидридi, күйе, азот оксидтері мен көміртек тотығының (СО) концентрациясын тіркейді. Деректер әр 20 минут сайын жаңартылып, мемлекеттік бақылау органдарына жіберіледі.

Автоматтандырылған мониторинг жүйелерін енгізу шығарындыларды нақты уақыт режимінде бақылауға ғана емес, сонымен қатар жабдықтың технологиялық параметрлерін реттеу арқылы ластану деңгейін азайтуға мүмкіндік береді. Осылайша, ҚМГ өндірістік процестерді жаңғыртуды эмиссияларға бақылауды күшейтумен ұштастыра отырып, атмосфералық ауаны қорғауға кешенді көзқарас ұстанады.

АТМОСФЕРАҒА ЛАСТАУШЫ ЗАТТАР ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ

GRI 305-7

2024 жылы ҚМГ атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларын азайту бойынша іс-шараларды жүзеге асыруды жалғастырды, бұл эмиссия көлемінің одан әрі қысқаруына ықпал етті. Компаниялар тобы бойынша шығарындылардың жалпы көлемі 116,765 мың тоннаны құрап, 2023 жылмен салыстырғанда 2%-ға төмендеді.

- Азот оксидтері (NOX) – шығарындылар көлемі 15,218 мың тонна деңгейінде қалып, өткен жылдың көрсеткішіне сәйкес болды.
- Күкірт диоксиді (SOX) – шығарындылар көлемі 11,686 мың тоннаға дейін ұлғайды,

бұл кейбір өндірістік қондырғылардың жұмыс режимінің өзгеруіне байланысты.

- Көміртек оксиді (СО) – шығарындылар 6%-ға төмендеп, 21,500 мың тоннаны құрады, бұл технологиялық процестерді оңтайландыру нәтижесінде мүмкін болды.
- Басқа ластаушы заттар – шығарындылар көлемі 68,361 мың тоннаны құрап, қоршаған ортаны қорғау шараларын енгізу есебінен тұрақты төмендеу үрдісін көрсетуде.

АТМОСФЕРАҒА ЛАСТАУШЫ ЗАТТАР ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫНЫҢ КӨЛЕМІ, МЫҢ ТОННА⁷

Атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларының көлемі, мың тонна	2022	2023	2024
Азот оксидтері (NOX)	16,00	15,27	15,22
Күкірт диоксиді (SOX)	10,50	10,99	11,69
Көміртек оксиді (CO)	13,71	22,96	21,50
Қатты бөлшектер (PM)	0,52	1,31	1,97
Басқа ластаушы заттар	79,86	68,93	66,38

ҚМГ КОМПАНИЯЛАР ТОБЫ БОЙЫНША ЛАСТАУШЫ ЗАТТАРДЫҢ МЕНШІКТІ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ

Көрсеткіш	2022	2023	2024
Көмірсутек шикізатын өндіру, т/1000 т. м. б.	2,1	2,2	2,2
Мұнай өңдеу, т /1000 т өңделген мұнай	3,1	3,0	2,9
Мұнай тасымалдау, т/1000 т тасымалданған мұнай	0,5	0,4	0,4

2024 жылы ҚМГ компаниялар тобы бойынша азот оксидтері NOx шығарындыларының мұнай баламасындағы көмірсутек шикізатының жалпы өндіру көлеміне қатынасының орташа көрсеткіші 1 000 тонна УВС өндіруге шаққанда 0,39 тонна болды. Бұл ретте IOGP ұйымының орташа көрсеткіші – 0,36. 2023 жылмен салыстырғанда NOx-тың үлестік шығарындылары артты, бұл жаңа операторлар мен мердігер ұйымдардың

қызметінен жаңа көздердің қосылуымен байланысты.

Күкірт оксидтері SOx шығарындыларының мұнай баламасындағы көмірсутек шикізатының жалпы өндіру көлеміне қатынасының орташа көрсеткіші ҚМГ компаниялар тобы бойынша 0,23 тонна болды (1 000 тонна УВС өндіруге шаққанда), ал IOGP-тің орташа көрсеткіші – 0,09. ҚМГ көрсеткіші 2023 жылғы деңгейде сақталды.

ШИКІ ГАЗДЫ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ

ҚМГ және оның еншілес ұйымдары экологиялық жауапкершілік қағидаттарын ұстана отырып, ластаушы заттар мен парниктік газдар шығарындыларын бақылауға бағытталған кешенді шараларды іске асыруда. Компанияның басым бағыттарының бірі – шикі газды алауда жағу көлемін азайту, бұл ҚМГ-нің Экологиялық саясаты мен халықаралық тұрақты даму стандарттарына сәйкес келеді.

Қоса жүретін мұнай газын жағу көлемін азайту стратегиясы аясында ҚМГ оны кәдеге жарату және тиімді пайдалану бойынша бағдарламаларды белсенді түрде дамытып отыр. Бұл шаралардың нәтижесінде 2024 жылы шикі газды кәдеге жарату деңгейі 98,9%-ға жетті. Газ жағу көрсеткіші 1 мың тонна өндірілген көмірсутек шикізатына шаққанда 1,45 тонна болды. Бұл көрсеткіш 2023 жылғы деңгейге (1,4) сәйкес келсе, 2022 жылмен салыстырғанда

⁷ Өз қызметінде Компания тұрақты органикалық ластаушы заттардың шығарылуын жүзеге асырмайды.

(1,5) төмен екенін көрсетеді. Аталған көрсеткіш Халықаралық мұнай-газ өндірушілер қауымдастығы (IOGP) белгілеген 8,8 орташа салалық мәннен 84%-ға төмен деңгейде қалып отыр.

2024 жылы газды алауда жағу көлемінің сәл өсуі Ақтөбе, Маңғыстау және Батыс Қазақстан

Шикі газды алаулатып жағу көлемі	2022	2023	2024
Шикі газды алаулатып жағудың жалпы көлемі, млн м³	35,7	33,35	35,2
Шикі газды тиімді пайдалану деңгейі, %	98,8	98,9	98,9
Шикі газды жағу қарқындылығы, өндірілген 1 мың КСШ-ға тоннаға шаққанда	1,5	1,4	1,45

ҚМГ газды алауда жағу көлемін азайтуға бағытталған жаһандық бастамаларға да белсенді қатысады. 2015 жылдан бастап Компания Дүниежүзілік банктің «2030 жылға дейін қосалқы мұнай газын тұрақты жағуды толық тоқтату» бағдарламасын қолдап келеді. Бұл бастама атмосфераға шығатын зиянды заттар көлемін барынша азайтуға және ресурстарды ұтымды пайдалануға бағытталған. Аталған бастама аясында ҚМГ жыл сайын

облыстарында жаңа кен орындарының пайдалануға берілуімен байланысты. Соған қарамастан, ҚМГ газды жағу көлемін азайту бойынша жұмысын жалғастырып, газды қайта өңдеу және тиімді пайдалану инфрақұрылымын кеңейтуді қолға алуда.

Қазақстандағы Дүниежүзілік банк өкілдігіне шикі газды жағу көлемі бойынша есеп ұсынады.

Компания мұнай газын өңдеу және оны өндірістік процестерде – жылу мен электр энергиясын өндіруде пайдалану жобаларын жүзеге асыруды жалғастыруда. Бұл шешімдер ластаушы заттардың шығарылуын азайтып қана қоймай, өндірістік нысандардың энергия тиімділігін арттыруға да ықпал етеді.

ҚАЛДЫҚТАРДЫ ӨНДЕУ ЖӘНЕ ТОПЫРАҚ ҚҰНАРЛЫҒЫН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ

GRI 306-1, GRI 306-2, GRI 306-3, GRI 306-4, GRI 306-5

ҚМГ-нің өндірістік қызметі бұрғылау қалдықтары, мұнайқұрамды қалдықтар, пайдаланылған катализаторлар, химиялық реагенттер, құрылыс қалдықтары, пайдаланылған майлар мен май сіңген шүберектер сияқты әртүрлі қалдық түрлерінің түзілуімен қатар жүреді. Қазақстан Республикасының мемлекеттік экологиялық саясатына және ҚМГ-нің Экологиялық саясатына сәйкес, компания қалдықтардың түзілуін азайту, олармен қауіпсіз жұмыс істеу және экологиялық тұрғыдан қауіпсіз технологияларды енгізу бойынша кешенді шараларды іске асырады.

2024 жылы ҚМГ қалдықтармен жұмыс істеу бойынша Корпоративтік стандартты бекітті. Бұл стандарт ЕТҰ жауапты тұлғаларының қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы іс-қимылдарының кезең-кезеңмен орындалу тәртібін реттейді. Құжат ҚМГ кәсіпорындарының жұмысын Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасы талаптарына сәйкестендіру және қалдықтарды басқару тиімділігін арттыру мақсатында әзірленген.

ҚАЛДЫҚТАРДЫ ЕСЕПКЕ АЛУ ЖӘНЕ ОЛАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ ЖҮЙЕСІ

ҚМГ қалдықтардың түзілуінен бастап оларды кәдеге жаратуға дейінгі барлық кезеңдерінде қатаң бақылау жүргізеді. Қалдықтардың қасиеттері мен көлеміне қарай бөлек жинау жүйесі енгізілген. Қалдықтарды есепке алу нәтижелері қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға ұсынылады және HSE KMG ақпараттық жүйесінде тіркеледі.

Қалдықтармен жұмыс істеу үдерісіне жинақтау, көму, кәдеге жарату немесе тиісті рұқсат құжаттары, соның ішінде қайта өңдеуге лицензиялары мен экологиялық рұқсаттары бар мамандандырылған ұйымдарға беру кіреді. ҚМГ ЕТҰ қалдықтарды тасымалдау кезіндегі әсерді азайту мақсатында қалдықтардың қозғалысын

қысқарту немесе оларды кәсіпорын аумағында өңдеу жөнінде талаптар белгілейді.

Қалдықтарды кәдеге жарату және қалпына келтіру бойынша жұмыстарды мамандандырылған ұйымдар орындайды және бұл жұмыстардың шарттық-техникалық талаптарға және жобалық шешімдерге сәйкестігі ҚМГ тарапынан бақыланады. Қажет болған жағдайда қайта өңделген қалдықтарға бақылау зертханалық талдаулар жүргізіледі.

2024 жылы ҚМГ қалдықтарды кәдеге жарату және қалпына келтіру іс-шараларына 18,9 млрд теңге бағыттады.


2024 ЖЫЛҒЫ ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУ КӨРСЕТКІШТЕРІ, МЫҢ ТОННА

Қалдық түрі	Түзілген қалдықтар	Өңдеуге / кәдеге жаратуға жіберілген қалдықтар	Көму және орналастыруға жіберілген қалдықтар
Қауіпті қалдықтар	358,0 ⁸	1 452,9 ⁹	–
оның ішінде бұрғылау қалдықтары (бұрғылау ерітінділері мен шлам)	179,6	179,6	–
Қауіпсіз (бейқауіпті) қалдықтар	79,7	54,7	16,5
Барлығы:	437,7	1 507,6	16,5

КӘДЕГЕ ЖАРАТЫЛҒАН ҚАЛДЫҚТАРДЫҢ ЖАҢАДАН ТҮЗІЛГЕН ҚАЛДЫҚТАР КӨЛЕМІНЕ ҚАТЫНАСЫ, Т/Т



КӘДЕГЕ ЖАРАТЫЛҒАНДАР САНЫНЫҢ ҚАТЫНАСЫ ЖИНАҚТАЛҒАН ЖӘНЕ ҚАЙТА ЖИНАЛҒАН ҚАЛДЫҚТАР САНЫНА ПАЙДА БОЛҒАН ҚАЛДЫҚТАР, Т/Т



⁸ Қалдықтардың түзілу көлемі ҚМГ ЕТҰ нысандарында жұмыс жүргізетін мердігер ұйымдардан шыққан қалдықтар көлемін ескере отырып ұсынылған.
⁹ Көрсеткіштерде тарихи қалдықтардың кәдеге жаратылған көлемі және алдыңғы жылдан өткен қалдықтар көлемі ескерілген.

ТАРИХИ ЛАСТАНУЛАРДЫ ЖОЮ ЖӘНЕ ЖЕРЛЕРДІ РЕКУЛЬТИВАЦИЯЛАУ

ҚМГ ММГ, ӨМГ, ҚБМ және ЕМГ нысандарында тарихи мұнайқұрамды қалдықтарды кәдеге жарату және ластанған жерлерді тазарту жұмыстарын жалғастыруда.

2024 жылы 1 099 мың тонна тарихи қалдық кәдеге жаратылып, олар орналастырылған аумақтарда рекультивация жұмыстары жүргізілді, сондай-ақ қалған мұнай қалдықтарының көлемін нақтылау бойынша жұмыстар басталды. Бұзылған жерлердің рекультивацияланған жалпы ауданы 172 гектарды құрады.


ҚБМ келісімшарттық аумақтағы тарихи ластануларды толық жойды – 2021–2024 жылдар аралығында 518 879 тонна тарихи мұнай қалдығы кәдеге жаратылды.

Каспий теңізі жағалауындағы мұнай қалдықтары бар шұңқыр, 3 бірлік жерүсті шұңқыры жойылып, «Қаражанбасмұнай» келісімшарттық аумағында 246 мұнаймен ластанған учаске тазартылды.


Сондай-ақ ЕМГ келісімшарттық аумақ шегінде тарихи мұнаймен ластанған жерлерді тазарту жұмыстарын аяқтады және Мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы бар бекітілген рекультивация жобасына сәйкес келісімшарттық аумақтан тыс жерлердегі ластауларды жоюды жалғастыруда.

ҚМГ қалдық көлемін азайту, оларды қайта өңдеу деңгейін арттыру және қоршаған ортаға әсерді барынша төмендету бойынша кешенді шараларды жүзеге асыруды жалғастыруда. Бұл – компанияның тұрақты даму стратегиясының маңызды бөлігі болып табылады.


КӘДЕГЕ ЖАРАТЫЛҒАН ТАРИХИ ҚАЛДЫҚТАР, МЫҢ ТОННА



ЖЫЛ СОҢЫНДАҒЫ ЛАСТАНҒАН ЖЕРЛЕРДІҢ АУДАНЫНЫҢ ЖЫЛ БАСЫНДАҒЫ АУДАНЫНА ҚАТЫНАСЫ, ГА/ГА



ЖЫЛ ІШІНДЕ РЕКУЛЬТИВАЦИЯЛАНҒАН ЖЕРЛЕРДІҢ АУДАНЫНЫҢ СОЛ ЖЫЛЫ ЛАСТАНҒАН ЖЕРЛЕРДІҢ АУДАНЫНА ҚАТЫНАСЫ, ГА/ГА



МҰНАЙДЫҢ ТӨГІЛУІН БОЛДЫРМАУ ЖӘНЕ ЖОЮ ШАРАЛАРЫ

GRI 306-3

ҚМГ мұнайдың апаттық төгінділерін жоюға (МАТЖ) үнемі дайын болуды экологиялық қауіпсіздіктің маңызды басымдықтарының бірі ретінде қарастырады. Бұл, ең алдымен, тұйық су айдыны ретіндегі экосистемасы жоғары осалдыққа ие Каспий теңізінде жүзеге асырылатын операцияларға қатысты.

Компания теңіздегі мұнай операцияларын жүргізу кезінде қатаң экологиялық талаптарды қолданады, жұмыстар басталғанға дейін фондық экологиялық зерттеулер жүргізіп, ықтимал әлеуметтік және экологиялық әсерлерге баға береді. Сонымен қатар, операциялар барысында және олардың аяқталуынан кейін әсер ету мониторингі, эмиссия мониторингі және төтенше жағдайларды бақылау шаралары жүргізіледі.

Теңіздегі бұрғылау жұмыстары басталғанға дейін ҚМГ мұнайдың кез келген ықтимал апаттық төгіндісін жоюға толық дайындықты қамтамасыз етеді. Жұмыстар аяқталғаннан кейін жойылған ұңғымаларға қатысты үздіксіз экологиялық мониторинг жүргізіледі, оған мыналар кіреді:

- атмосфералық ауа сапасын бақылау
- теңіз суы мен түпкі шөгінділердің ластануын мониторингтеу;
- биоалуантүрліліктің жай-күйіне бақылау жүргізу;
- сынамаларды зертханалық талдау;
- жойылған ұңғымалардың ұңғы бастарында фото және бейнетүсірілім жүргізу.

ҚМГ теңіз операцияларын жүргізу кезінде мүлтіксіз сақтайтын негізгі қағидаттар:

- Бекітілген экологиялық нормалардан ауытқымау үшін жобалық шешімдерді қатаң сақтау.
- «Нөлдік төгінді» қағидаты – барлық қалдықтар мен ағынды сулар жағалауға тасымалданады.

- Барлық кемелерді балық қорғау құрылғыларымен жабдықтау және льяльды суларды ағызуға тыйым салу.
- 1 сәуір мен 15 шілде аралығындағы уылдырық шашу кезеңінде жұмыстар жүргізуге тыйым салу – теңіз биоресурстарын сақтау мақсатында.
- Мұнай өндіру аймағында өндірістік кемелерден балық аулауға тыйым салу.
- Экологиялық әсерді азайту мақсатында ұңғымаларды сынауға және көмірсутек шикізатын өртеуге түнгі уақытта тыйым салу.
- Теңіздегі келісімшарттық аумақтарда арнайы табиғатты пайдалану режимін сақтау.

2024 жылы құрлықтағы нысандарда мұнайдың 351 төгілу жағдайы тіркеліп, төгілген мұнайдың жалпы көлемі 284 тоннаны құрады. Төгінділердің негізгі себебі – коррозиялық процестер салдарынан мұнай құбырларының жарылуы болды. Бұл жағдайлар көмірсутектерді өндіру және тасымалдау барысында жағалаудағы нысандарда орын алды, негізінен болат құбырлардың тозуы мен коллекторлардың герметизациясының бұзылуы себеп болған. Айта кетерлігі, теңіз қайраңында (шельфте) мұнай төгінділері тіркелген жоқ.

Компания апаттар мен коммерциялық құбырлардың екпінін азайту үшін жүйелі түрде жұмыс істейді. Негізгі шараларға уақтылы диагностика, қайта құру, жабдықты ауыстыру, коррозия ингибиторларын қолдану және құбырларды тазарту кіреді. Бұл әрекеттер құбыр инфрақұрылымының тұтастығы мен сенімділігін арттыруға бағытталған.

«ҚазТрансОйл» АҚ құқық қорғау органдарымен тығыз өзара іс-қимыл нәтижесінде магистральдық мұнай құбырларына жасалатын заңсыз қылмыстық қосылыстарды толық жоюға

қол жеткізді. Мәселен, 2019 жылы 6,4 млн теңге залал келтірген екі заңсыз қосылу жағдайы тіркелсе, 2020 жылдан 2024 жылға дейін мұндай оқиғалар болған жоқ. Бұл нәтижеге келесі алдын алу шараларының арқасында қол жеткізілді:

- мұнай құбырларын күзету мақсатында GPS жүйесін қолдана отырып мобильді топтардың жұмысын бақылауды күшейту және құбырларды тұрақты патрульдеу;
- мұнай құбырларын қорғауға арналған «Optosense» бақылау жүйесін енгізу.

Компания мұнайдың апаттық төгінділерін жоюға (МАТЖ) әрдайым дайын болуды сөзсіз басымдық ретінде қарастырады және бұл бағытқа ерекше назар аударады.

ҚМГ теңіздегі операцияларының экологиялық қауіпсіздігін күшейту және қоршаған ортаға төнетін ықтимал тәуекелдерді азайту мақсатында мұнай төгінділерінің алдын алу және оларды жою жүйелерін үнемі жетілдіруде.



МАТЖ аясындағы волонтерлік қозғалысты дамыту

Мұнайдың апаттық төгінділерін жою (МАТЖ) бойынша волонтерлік қозғалысты дамыту бағдарламасы аясында «KMG Systems & Services» ЖШС 2024 жылғы 22 маусымда 16 және 17 лег волонтерлеріне арналған тренинг ұйымдастырды. Оқуға Ақтау қаласының жоғары оқу орындарының студенттері қатысты. Бағдарлама мұнай төгінділеріне әрекет ету дағдыларын дамытуға және өңірдің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі қоғамдық қатысуды арттыруға бағытталған.

БИОАЛУАНТҮРЛІЛІКТІ САҚТАУ

GRI 306-2, GRI 306-3, GRI 306-4, GRI 306-5

БАСҚАРУ ТӘСІЛІ

ҚМГ өзінің Экологиялық саясаты аясында биоалуантүрлілікті сақтау және экожүйелерге әсерді барынша азайту жөніндегі міндеттемелерді қабылдайды. Компания

жауапты табиғат пайдалану қағидаттарын ұстанып, өндірістік қызметтің қоршаған ортаға теріс әсерінің алдын алу және оны жұмсарту шараларын іске асырады.

Бөлімше	Жобалар	Шығын көлемі, мың теңге
«KMG System&Services» ЖШС	Жайық өзеніндегі балық шаруашылығына келтірілген залалды өтеу	9 856
«Kalamkas-Khazar Operating» ЖШС	Жайық өзеніне балық жіберу	58 399,45
«Магистральдық Суағызғысы» ЖШС	Кигаш өзеніне балық жіберу	23 211,517

ҚМГ ҚАҒИДАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

Компания өз қызметінде келесі қағидаттарды басшылыққа алады:

- Сирек және жойылу қаупі төнген жануарлар түрлерінің мекендеу ортасы ретінде маңызды ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда қызмет жүргізуге тыйым салу. Экологиялық тұрғыдан осал аумақтарда жұмыстар басталғанға дейін тәуекелдерге бағалау жүргізіледі.
- Мүмкін болатын елеулі әсерлердің алдын алу, азайту, қалпына келтіру және өтемақы төлеуді қамтитын салдарларды жұмсарту шараларының иерархиясын қолдану.
- Қоршаған ортаны қорғау және биоалуантүрлілікті сақтау саласындағы инновациялық шешімдерді әзірлеу үшін ғылыми зерттеу бағдарламалары мен салалық әріптестіктерге қатысу.
- ҚМГ және мердігер ұйымдар қызметкерлерінің келісімшарттық аумақтарда заңсыз аңшылықпен, балық аулаумен және өзге де табиғи ресурстарды пайдаланумен айналысуына тыйым салу.

2025 жылы ҚМГ компаниялар тобының барлық кәсіпорындарын қамтитын, экожүйелерді қорғауға бағытталған кешенді шараларды көздейтін биоалуантүрлілікті сақтау жөніндегі ұзақмерзімді бағдарламаны әзірлеуді жоспарлап отыр.

БИОАЛУАНТҮРЛІЛІКKE ӘСЕРДІ БАСҚАРУ БОЙЫНША ОҚЫТУ

2024 жылғы қыркүйек айында ҚМГ Корпоративтік орталығы еншілес және тәуелді ұйымдардың мамандарына биоалуантүрлілікке әсерді басқару мәселелері бойынша оқыту ұйымдастырды. Бағдарламаға ҚМГ Корпоративтік орталығы мен компаниялар тобының экологтары мен инженерлері қатысты.

Оқытудың мақсаты – кәсіпорынды басқару контекстінде биоалуантүрлілік мәселелері бойынша терең түсінік қалыптастыру болды. Оқу барысында қатысушылар өндірістік қызметтің қоршаған орта мен биоалуантүрлілікке әсерінің негізгі аспектілерін, бұл әсерді азайту әдістерін, сондай-ақ есепке алу және есептілік талаптарын зерттеді

Ерекше назар келесі тақырыптарға аударылды:

- халықаралық стандарттар мен үздік практикаларды ескере отырып, биоалуантүрлілікке әсерді бағалау, көрсеткіштер мен биоиндикацияларды талдау;
- табиғатқа қатысты қаржылық ақпаратты жариялау бойынша жұмыс тобының (TNFD) және Global Reporting Initiative (GRI) ұсынымдары;
- биоалуантүрлілікке әсерді азайту бойынша шаралар иерархиясының қағидаттары, олар төрт негізгі әрекетті қамтиды: әсердің алдын алу, сақтау, қалпына келтіру және өтемақы беру.

Мұндай тәсіл ҚМГ басқару жүйесіне биоалуантүрлілік мәселелерін интеграциялауға ықпал етіп, тұрақты даму мен халықаралық экологиялық стандарттардың сақталуын қамтамасыз етеді.

ЭКОЖҮЙЕЛЕРГЕ ӘСЕРДІ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

Солтүстік Каспийдің мемлекеттік қорғалатын аймағында орналасқан учаскелерде фондық экологиялық зерттеулер, сондай-ақ ұңғымаларды бұрғылау және сынақтан өткізу жұмыстары жүргізілді. Қазіргі уақытта бұл аумақтардағы антропогендік әсер төмен деңгейде қалып отыр және жануарлар мен құстардың қоныс аударуына кедергі келтірмейді.

Теңіздегі операциялар кезінде қоршаған ортаға әсер ететін негізгі факторларға мыналар жатады:

- құрылыс кезеңінде судың лайлануы нәтижесінде тұнбалар концентрациясының артуы;
- қарқынды кеме қозғалысына байланысты түпкі шөгінділер құрылымының өзгеруі;
- бұрғылау және пайдалану кезеңінде шу арқылы болатын физикалық әсер.

Экологиялық жағдайды бақылау мақсатында өндірістік экологиялық мониторинг жүргізіледі, оған жойылған ұңғымаларға бақылау жүргізу және гидрология, гидрохимия, гидробиология және ихтиология салаларындағы ғылыми-зерттеу жұмыстары (ФЗЖ) кіреді. Бұл зерттеулер балық ресурстарына болдырмауға болмайтын әсер үшін қарастырылған өтемақы шараларының құрамдас бөлігі болып табылады.

Көрсеткіш	Құрлықтағы операциялар			Теңіздегі операциялар		
	2022	2023	2024	2022	2023	2024
Биоалуантүрлілікке әсерге бағалау (ҚОӘБ) немесе ұқсас құжатпен қамтылған учаскелер үлесі (%)	100	100	100	100	100	100
Экологиялық мониторинг тұрақты түрде жүргізілетін учаскелер үлесі (%)	100	100	100	100	100	100
Жойылған ұңғымаларға тұрақты мониторинг жүргізілетін учаскелер үлесі (%)	100	100	100	100	100	100



Практикалық мысал

Биоалуантүрлілікті сақтау мақсатында «Магистралдық су таратқыш» ЖШС Каспий теңізі мен оның жағалау аймағының экожүйесін қорғау шеңберінде Кигаш өзеніне 23,6 мың бекіре шабағын жіберді.

Осы мақсатта 2024 жылы «Kalamkas-Khazar Operating» ЖШС өтемақылық шаралар аясында Жайық өзеніне 70 мың орыс бекіресі мен сүйрік шабағын, ал «KMG Systems & Services» ЖШС 18,8 мың бекіре тұқымдас шабақты табиғи ортаға жіберді.

ЭЛЕКТР БЕРУ ЖЕЛІЛЕРІНІҢ ОРНИТОФАУНАҒА ӘСЕРІ

Өндірістік қызметпен байланысты экологиялық проблемалардың бірі – электр беру желілерімен (ЭБЖ) соқтығысу және электр тогымен зақымдану салдарынан құстардың қырылуы. Бұл мәселе әсіресе ағашты өсімдіктері жоқ далалық және шөлейтті аймақтарда өзекті, өйткені мұндай жерлерде ЭБЖ тіректері жыртқыш құстар үшін ұя салуға және демалуға ыңғайлы орынға айналады.

ҚМГ құстар үшін қауіпті учаскелерге тұрақты мониторинг жүргізіп, арнайы зерттеулер мен өндірістік экологиялық бақылау аясында сыни маңызы бар аймақтарды анықтайды. Компания теріс әсерді азайту шараларын қабылдауда,

соның ішінде ЭБЖ-ға визуалды маркерлер орнату және басқа да қорғаныс тетіктерін енгізу.

БИОАЛУАНТҮРЛІЛІКТІ САҚТАУДЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ТӘСІЛІ

ҚМГ табиғатты қорғау іс-шараларын ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда да, олардың сыртында да жүзеге асырады. Биоалуантүрлілікті сақтау саясаты мынадай бағыттарды қамтиды:

- жануарлар мекендейтін және миграциялық жолдарын сақтау;
- экожүйелерге келетін ықтимал залалды барынша азайту және өтемақы төлеу шаралары;
- қалпына келтіру іс-шаралары арқылы бұзылған аумақтардың көлемін қысқарту.

Биоалуантүрлілікке теріс әсерді азайту мақсатында мұнай өндіру және тасымалдау нысандарында өндірістік процестердің ұзақтығы, қарқындылығы және әсер ету деңгейлері оңтайландырылады.

ҚМГ биоалуантүрлілікті қорғау саласындағы жаңа бастамалар мен ұсыныстар үшін ашық және мүдделі тараптарды өз идеяларын келесі электрондық пошта арқылы жолдауға шақырады: hse@kmg.kz.

ҚМГ-НІҢ ҚЫЗМЕТ ЕТУ ӨҢІРЛЕРІНДЕГІ ЕРЕКШЕ ҚОРҒАЛАТЫН ТАБИҒИ АУМАҚТАР МЕН БИОАЛУАНТҮРЛІЛІК

СОЛТҮСТІК КАСПИЙ ЭКОЖҮЙЕСІ

Солтүстік Каспий – Каспий теңізінің ең өнімді бөлігі, онда биологиялық ресурстар қоры өте мол. Бұл аймақтың суларында 25 түрлі балық түрі мекендейді, олардың ішінде бекіре тұқымдас балықтардың үлесі айтарлықтай жоғары – бұл бассейндегі әлемдік қордың 70–80%-ына дейін жетеді.

Солтүстік Каспийдің шығыс бөлігі және Еділ, Жайық пен Ембі өзендерінің атыраулары ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың құрамына кіреді. Бұл сулы-батпақты алқаптар Еуразиядағы биоалуантүрлілік үшін аса маңызды, өйткені олар миллиондаған су құстары мен су маңындағы құстар үшін ұя салу, түлке шығу, қоныс аудару және қыстап шығу орны болып табылады. Солтүстік Каспий арқылы Еуразиядағы ең ірі қоныс аудару бағыттарының бірі – Сібір-Қара теңіз-Жерорта теңізі миграциялық жолы өтеді.

Фондық экологиялық зерттеулер көрсеткендей, солтүстік-шығыс Каспий арқылы 70-тен астам құс түрі миграция жасайды. Олардың ішінде Қазақстанның Қызыл кітабына енген бес сирек құс түрі бар.

Жер үсті биоценоздарында Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген бес құс түрі ұя салады, олардың ең көбі – дала бүркіті. Ерекше құстардың қатарында – айыртұмсық (шилоклювка), сауысқан және кіші аққұтан (малая цапля) бар.

Каспий итбалығы (Phoca caspica) – Каспий теңізінде мекендейтін жалғыз ірі теңіз сүтқоректісі және эндемик түр болып табылады. Бұл жануар маусымдық миграция жасайды: қыс

айларында Солтүстік Каспийде көбейіп, көктем мен жазда орталық және оңтүстік бөліктерге ауысып, күзде қайтадан теңіздің тайыз солтүстік аймағына оралады.

ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ АУМАҚТАРЫ ЖӘНЕ ЭКОЖҮЙЕЛЕРДІ МОНИТОРИНГТЕУ

ҚМГ келісімшарттық аумақтарда флора мен фаунаның жай-күйін, теңіз суының, түпкі шөгінділер мен атмосфералық ауаның ластану деңгейін бақылау арқылы белсенді экологиялық мониторинг жүргізеді.

- «Исатай» учаскесі Каспий теңізінің солтүстік бөлігінде, Маңғыстау облысындағы Бозашы түбегінің жағалауынан 45 км қашықтықта орналасқан және ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жанында орналасқан.
- «Абай» учаскесі Каспий теңізінің қазақстандық секторының солтүстік-батыс бөлігінде, Атырау облысындағы Бозашы түбегінің жағалауынан 60–70 км қашықтықта орналасқан және Каспийдің қорғалатын аймағына кіреді.
- «Әл-Фараби» учаскесі Каспий теңізінің қазақстандық секторының оңтүстік бөлігінде орналасқан, оның батыс шекарасы Орта Каспий акваториясындағы Қазақстан мен Ресейдің мемлекеттік шекарасына іргелес жатыр.

МАҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ЕРЕКШЕ ҚОРҒАЛАТЫН ТАБИҒИ АУМАҚТАРЫ

Маңғыстау облысы табиғи әртүрлілікке бай және келесі ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қамтиды:

- Үстірт мемлекеттік табиғи қорығы;
- Республикалық маңызы бар Кендірлі-Қаясан қорғалатын аймағы;
- Сегіз қорықша және өңірлік табиғи парк.

Өңір аумағында сирек кездесетін жануарлар мекендейді, олардың ішінде Қазақстанның Қызыл кітабына енген *Elaphe sauromates* (сармат қарашұбар жыланы) бар. Өңірде кең таралған Орта Азиялық тасбақа Халықаралық табиғатты қорғау одағы (МСОП) жіктемесі бойынша жойылу қаупі төнген түр ретінде танылған.

Кендірлі-Қаясан қорғалатын аймағы дуадақ-красотка мен балобан сұңқарының тіршілік ортасын сақтау мақсатында құрылған. Бұл аймақта табиғатты пайдаланудың үш режимі қолданылады: қорықтық, қорықшалық және реттелетін режимдер.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ЕРЕКШЕ ҚОРҒАЛАТЫН АУМАҚТАРЫ

Жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғи кешенді қорықша – «Көкжиде – Құмжарған».

Қорықша аумағында республикалық маңызы бар мемлекеттік табиғи-қорық қорының екі объектісі орналасқан: Көкжиде құмды алқабы мен Көкжиде жер асты сулары. Бұл нысандар республикалық және халықаралық маңызы бар геологиялық объектілер тізіміне енгізілген.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ БІРЕГЕЙ ЭКОЖҮЙЕЛЕРДІ САҚТАУ

ҚМГ бірегей табиғи нысандарға жақын орналасқан мұнай өндіру аумақтарында қоршаған ортаның жай-күйіне қатаң бақылау жүргізеді:

- Ақтөбе облысындағы «Көкжиде – Құмжарған» қорықшасына іргелес орналасқан Өріктау, Әлібекмола және Қожасай кен орындарында жер асты суларының ластануын болдырмау мақсатында тұрақты экологиялық мониторинг жүргізіледі, соның ішінде Көкжиде құмды алқабында.
- Қаражанбас кен орны Бозашы түбегінің солтүстік-батыс бөлігінде орналасқан және Солтүстік Каспий мемлекеттік қорғалатын аймағымен шектеседі. Бұл нысанда өндірістік экологиялық бақылау аясында флора мен фаунаның жағдайы жылына екі рет зерттеледі.

ЖОСПАРЛАНЫП ОТЫРҒАН ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАҒА БЕРУ

ҚМГ шаруашылық қызметтің қоршаған ортаға әсерін бағалауға кешенді тәсілді қолдана отырып, ықтимал экологиялық тәуекелдерді анықтауды, талдауды және барынша азайтуды

қамтамасыз етеді. Осы саясат аясында барлық жаңа жобалар бойынша экологиялық сараптама жүргізіледі, бұл ретте қоғамдық пікір ескеріліп, экожүйелерге ықтимал әсерге баға беріледі.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАҒАЛАУ РӘСІМІ ЖӘНЕ ҚОҒАМНЫҢ ҚАТЫСУЫ

Экологиялық бағалау жоспарланып отырған жобалардың қоршаған ортаға әсерін талдауды қамтиды және ықтимал теріс салдардың алдын алуға мүмкіндік береді. Қоғамдық пікірді ескеру осы үдерістің маңызды бөлігі болып табылады және мынадай жолдармен жүзеге асырылады:

- мүдделі тараптармен бейресми кездесулер мен талқылаулар өткізу;
- қоғам тарапынан жазбаша және ауызша ұсыныстарды жинау;
- ашық жиналыстар мен қоғамдық тыңдаулар ұйымдастыру.

Барлық маңызды жобалар қоғамдық тыңдауға шығарылады, оған үкіметтік емес ұйымдар, мемлекеттік органдар, жұртшылық өкілдері және басқа да мүдделі тараптар қатысады. Тыңдаулар ашық форматта өткізіледі, олардың нәтижелері хатталып, көпшілікке қолжетімді түрде жарияланады.

2024 жылы ҚМГ 18 қоғамдық кездесу және 100 қоғамдық тыңдау өткізді.



[HTTPS://WWW.KMG.KZ/RU](https://www.kmg.kz/ru)

ЖҰМЫС АЛАҢДАРЫН ЖАБУ ЖӘНЕ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ

Қазақстан Республикасының заңнамасы мен келісімшарт талаптарына сәйкес, «КазМұнайГаз» ҰК АҚ әрбір кен орнында негізгі құралдарды бөлшектеу, жою және жер учаскелерін қалпына келтіру бойынша заңды міндеттемелерге ие. Бұл міндеттемелерге барлық өнімсіз ұңғымаларды кезең-кезеңімен жабу, құбыржолдары мен ғимараттарды бөлшектеу, келісімшарттық аумақты рекультивациялау, сондай-ақ өндірістік учаскелерде қоршаған ортаның ластану салдарын жою кіреді.

Компания әрбір келісімшарт бойынша активтерді шығару жөніндегі міндеттемелерді жеке бағалайды. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, Мұнайгаз активтерін жою жөніндегі міндеттемелерге қатысты Топтың резервінің баланстық құны 142 009 миллион теңгені құрады (2023 жылғы 31 желтоқсанда: 123 785 миллион теңге).

Келісімшарттық аумақтарды рекультивациялау және жою рәсімдері Қазақстан Республикасының «Жерасты байлығы және жер қойнауын пайдалану туралы» Кодексімен реттеледі. Аталған Кодекске сәйкес, жер қойнауын пайдалану салдарларын жою белгіленген сараптамалардан оң қорытынды алған жобалық құжаттамаға сәйкес жүзеге асырылады. Жер қойнауын консервациялау да бекітілген консервациялау жобасына сәйкес жүргізіледі. Технологиялық объектілер жоба негізінде жойылуға немесе консервациялануға жатады,

ал кейбір ұңғымаларға арнайы консервациялау және жою тәртібі қолданылады. Ұңғымаларды жою жөніндегі жұмыстарға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 22 мамырдағы №200 бұйрығымен бекітілген қағидалармен реттеледі.

Магистральдық мұнай және газ құбыржолдарына қатысты, 2012 жылғы 4 шілдеде күшіне енген Қазақстан Республикасының «Магистральдық құбыр туралы» Заңына сәйкес, «КазТрансОйл» АҚ пайдалану аяқталғаннан кейін магистральдық құбыржолды жою және қоршаған ортаны қалпына келтіру, оның ішінде жерді рекультивациялау бойынша заңды міндеттемелерді орындайды. Құбыржолдарды жою және жерді рекультивациялау жөніндегі резерв Топ жүргізетін жұмыстардың есептелген құны негізінде бағаланады. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Құбырларды жою және жерлерді рекультивациялау жөніндегі міндеттеме бойынша Топ резервінің баланстық құны 37 405 миллион теңгені құрады (2023 жылғы 31 желтоқсанда: 45 649 миллион теңге).

ҚМГ жұмыс алаңдарын жабу және рекультивациялау кезінде экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және нормативтік талаптарды сақтау бойынша жұмысын жалғастырып келеді, компания өз қызметінің қоршаған ортаға әсерін барынша азайтуға ұмтылады.

Практикалық мысалдар



- 2024 жылғы 23 қазанда «Ембімұнайгаз» АҚ жұртшылық өкілдерінің сұрауы бойынша «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының өндірістік нысандарына экскурсия ұйымдастырды. Іс-шара барысында қатысушылар қоршаған ортаны қорғау және кәсіпорын қызметінің басқа да аспектілері бойынша сұрақтарына жауап алды.

- 2024 жылғы 8 тамызда Атырау мұнай өңдеу зауытында Қоғамдық экологиялық кеңестің отырысы өтті. Қатысушыларға кәсіпорынның қоршаған ортаға әсерін азайту жөніндегі жоспарлар таныстырылды, оның ішінде ағынды суларды тазарту және толықтырушы суды дайындауға арналған кешенді қондырғы салу жобасы. Аталған жобаны іске асыру мынадай нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді:

- Жайық өзенінен су алу көлемін 50%-ға дейін азайту;
- ағынды суларды қайта пайдалану арқылы олардың төгінді көлемін 70%-ға дейін төмендету.

Сұрақ-жауап сессиясы барысында негізгі экологиялық мәселелер талқыланды, оның ішінде Атырау қаласындағы КОС-қа ағынды суларды ағызуға рұқсат беру және зауыттың санитарлық-қорғау аймағын кеңейту.

- Осы күні АМӨЗ-де Қазақстан мұнайының 125 жылдығына арналған ашық есік күні өтті. Іс-шараға экоактивистер, мемлекеттік органдардың, жұртшылық пен БАҚ өкілдері қатысты. Қатысушылар зауыттың экологиялық бастамаларымен танысты, оның ішінде каталитикалық риформинг қондырғысының түтін мұржасына орнатылған эмиссиялардың автоматтандырылған бақылау жүйесінің (АБЖ) іске қосылуы және реконструкциядан өткен механикалық тазарту құрылыстары (МТҚ) алаңын аралау болды.

2024 ЖЫЛҒЫ КОРПОРАТИВТІК СТАНДАРТТАРДЫ ЖАҢАРТУ

2024 жылы ҚМГ шаруашылық қызметтің қоршаған ортаға әсерін бағалаудың бірыңғай корпоративтік қағидаттарын айқындайтын Экологиялық бағалау жөніндегі Корпоративтік стандартты өзектендірді.

Аталған стандарт мыналарды реттейді:

- ҚМГ компаниялар тобы қызметкерлері мен мердігерлерінің қызметін;
- қоршаған ортаға әсерді бағалау (ҚОӘБ) материалдары мен техникалық

құжаттаманы әзірлеумен айналысатын жобалық ұйымдардың жұмысын;

- қоғамдық талқылауларды ұйымдастыру және азаматтардың пікірін ескеру тәртібін;
- экологиялық рұқсаттарды алу рәсімдерін.

Бұл стандартты жаңарту ҚМГ-нің барлық жобаларының экологиялық қауіпсіздігін арттыруға және табиғатты қорғау нормаларының сақталуына корпоративтік бақылауды күшейтуге бағытталған.

«ЖАСЫЛ КЕҢСЕ» ҚАҒИДАТТАРЫН ЕНГІЗУ

ҚМГ ресурстарды ұтымды пайдалануға, қалдықтар көлемін азайтуға және қызметкерлердің экологиялық сауаттылығын арттыруға бағытталған «жасыл кеңсе» қағидаттарын ұстанады. Осы бастама аясында компания экологиялық ізі мен әсерін азайтуға

және корпоративтік мәдениетте тұрақты дағдыларды қалыптастыруға ықпал ететін іс-шаралар кешенін іске асыруда. Сонымен қатар, 2024 жылы бұл бағыттағы жұмыстар «Таза Қазақстан» экологиялық акциясын іске асыру аясында күшейтілді.

КЕҢСЕ КЕҢІСТІГІН ЭКОЛОГИЯЛАНДЫРУ

2024 жылы қалдықтарды бөлек жинау бастамасы аясында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ғимаратына пластик бөтелкелерді, алюминий банкаларды және шыны ыдысты жинауға арналған фандомат орнатылды. Жыл ішінде 25,3 мыңнан астам пластик бөтелке мен 8,2 мыңға жуық алюминий банка жиналып, қайта өңдеуге жіберілді. 2023 жылғы ақпан айында фандомат орнатылған сәттен бастап жалпы тапсырылған ыдыс саны 54 378 бірлікті құрады.

Компанияның орталық кеңсе ғимаратында қағаз, пластик, шыны, металл және пайдаланылған батареяларды бөлек жинауға арналған экоқоқыс жәшіктері мен контейнерлер орнатылған. Сонымен қатар, люминесценттік шамдарды қабылдап, уақытша сақтауға арналған арнайы шкафтармен жабдықталған.

Ресурстарды тұтынуды азайту бойынша басқа да шаралар:

- жұмыс күні аяқталғаннан кейін компьютерлер мен техника құрылғыларын сөндіру қажеттігі туралы қызметкерлерге автоматтандырылған ескертулер жіберу;
- баспа көлемін қысқарту және ағаштарды сақтау туралы ақпараттық жадынамалар тарату;
- қағаз қолдануды азайту мақсатында электрондық құжат айналымын дамыту;
- Компания қызметкерлері туған күн иелеріне гүл шоғының орнына бөлме гүлдерін сыйлап, кеңседегі жасыл желек көлемін жүйелі түрде арттыру.

Экологиялық көлік түрлерін ынталандыру мақсатында ҚМГ кеңсе ғимаратында велосипед тұрағы жабдықталған, ал 2024 жылы олардың саны көбейтіліп, сыртқы тұрақтарға жөндеу жұмыстары жүргізілді.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАСТАМАЛАР МЕН КОРПОРАТИВТІК АКЦИЯЛАР

ҚМГ қызметкерлерді экологиялық іс-шараларға белсенді түрде тартады. 2024 жылы «Өз ыдысыңды алып кел» акциясы басталды. Бұл бастама аясында кеңседегі кофехана, буфет және асханада көп рет қолданылатын жеке ыдысын пайдаланатын қызметкерлерге жеңілдіктер ұсынылады.

Компания CO₂ шығарындыларын азайтуға бағытталған бастамаларды да қолдайды. Қызметкерлер Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі ұйымдастырған «Jasyl Jol» челленджіне қатысты.

2024 жылғы 6 мамыр мен 5 маусым аралығында олар жұмысқа жеке автокөлікпен барудан бас тартып, велосипедпен немесе жаяу қатынауды таңдады.

Сонымен қатар, 2023 жылдан бастап ҚМГ кеңсе ғимаратында пилоттық режимде электромобильдерге арналған қуаттау станциялары орнатылып, пайдалануға берілді.

2024 жылы Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күні шөлейттенуге қарсы күрес және жерді қалпына келтіру тақырыбына арналды.

Осыған орай ҚМГ компаниялар тобында ақпараттық науқан ұйымдастырылды. Ішкі порталдарда БҰҰ Қоршаған орта жөніндегі бағдарламасының (ЮНЕП) бейнематериалдары орналастырылып, қызметкерлердің жұмыс мониторларында экопостерлер көрсетілді.

Компания дәстүрлі түрде энергия тұтынуды қысқартуға бағытталған жаһандық қозғалысты қолдай отырып, «Жер сағаты» халықаралық акциясына қатысады. 2024 жылы ҚМГ аталған бастамаға тағы да қолдау білдіріп, бір сағатқа жарық пен тұрмыстық құрылғыларды сөндірді.



«Таза Қазақстан» акциясы

«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында ҚМГ компаниялар тобы бойынша 2024 жылғы шілде мен қазан аралығын қамтитын сенбіліктер кестесі бекітілді. Әр сенбі сайын ҚМГ-нің кемінде екі еншілес және тәуелді ұйымы тазалық жұмыстарына қатысып отырды.

2024 жылғы 24 тамызда ең ауқымды сенбілік өтті – бұл шараға ҚМГ компаниялар тобына кіретін 34 ұйымнан 2800-ден астам қызметкер, соның ішінде бірінші басшылар да қатысты. Акцияға Астана қаласы, сондай-ақ Маңғыстау, Ақтөбе, Атырау, Қызылорда, Павлодар, Түркістан және Батыс Қазақстан облыстарындағы еншілес ұйым өкілдері белсенді қатысты.

Көріктендіру және абаттандыру іс-шаралары жоспарының жүзеге асырылу нәтижелері:

- Тарихи-мәдени ескерткіштер, мектептер, балабақшалар және басқа да нысандар аумағын тазалау және абаттандыру бойынша 75 акция өткізілді.
- 235 сенбілік ұйымдастырылып, оларға жалпы саны 10 мыңнан астам адам қатысты, нәтижесінде 240 тонна қалдық жиналды.
- Жасыл желектерді әктеу бойынша 60 іс-шара өткізілді, шамамен 170 мың ағаш қамтылды.

ҚМГ Мемлекет басшысының бес жыл ішінде ел бойынша 2 миллиард ағаш отырғызу жөніндегі ауқымды экологиялық бастамасына белсенді қатысуда. 2024 жылы ҚМГ компаниялар тобы бойынша 88 925 ағаш отырғызу жоспарланған болатын, алайда қосымша қабылданған шаралардың нәтижесінде көгалдандыру көлемі ұлғайтылып, жалпы 97 218 ағаш пен бұта отырғызылды.

12 қазанда ағаштарды бір мезгілде отырғызу науқаны аясында ҚМГ компаниялар тобы бойынша 12 мыңнан астам ағаш егілді. Атап айтқанда, ҚМГ Корпоративтік орталығы Астана қаласындағы №111 мектептің маңайына биіктігі үш метр болатын 125 қарағай, сондай-ақ кеңсе ғимараты жанына 5 ағаш отырғызды. Акцияға 28 ЕТҰ-ның бірінші басшылары мен 1400-ден астам қызметкер қатысты.

Көгалдандыру мен абаттандыру бойынша жүйелі жұмыстың арқасында ҚМГ экологиялық жағдайды жақсартуға және компанияның қызмет жүргізетін өңірлерінде жасыл аймақтар құруға елеулі үлес қосып келеді.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ВИКТОРИНАЛАР МЕН БІЛІМ БЕРУ ІС-ШАРАЛАРЫ

ҚМГ қызметкерлерінің экологиялық мәдениетін арттыру мақсатында оқыту іс-шаралары ұйымдастырылады. 2024 жылғы 5 маусымда, Қоршаған ортаны қорғау күніне орай, экологиялық викторина өткізілді, оның жеңімпаздарына сыйлықтар табыс етілді.

2024 жылғы 7 тамызда экологиялық ойлауға арналған шеберлік сабағы өтті, оған 120-дан астам қызметкер қатысты (70 – офлайн, 50 – онлайн). Эколог және экоамбассадор Әсел Құспанова ресурстарды тұтынуды азайту, қалдықтарды бөлек жинау және қайта өңдеу тақырыптарында ақпарат ұсынды. Қызметкерлер Астана қаласындағы қайталама шикізатты қабылдау пункттері туралы ақпарат алып, саналы тұтынуға қатысты ұсыныстармен танысты. Шеберлік сабағы аясында корпоративтік еріктілердің бастамасымен кітап алмасуға арналған «дармарка» ұйымдастырылды.

Сонымен қатар, ҚМГ «Әр бейсенбі – қағазсыз күн» акциясын іске қосты: бұл күні қызметкерлер қағаз қолдануды азайтуға шақырылады, ал кеңселерде процестерді цифрландыру бойынша ұсынымдар таратылуда.

2024 жылғы 1 қыркүйектен бастап ҚМГ компаниялар тобында фандоматты – пластик бөтелкелерді қабылдап, оларды кейін қайта өңдеуге бағыттайтын автоматты белсенді пайдалану бойынша конкурс басталды. Конкурстың мақсаты – фандоматтарды пайдалануды танымал ету және қалдықтарды бөлек жинауға ынталандыру. Бұл бастама қайта өңделетін пластик көлемін арттырумен қатар, экологиялық жауапты мінез-құлықты қалыптастыруға және ресурстарды үнемдеудің маңыздылығын түсінуге бағытталған.

ҚМГ ресурстарды жауапты тұтыну мен тұрақты дамуға бағытталған корпоративтік мәдениетті қалыптастыра отырып, «жасыл кеңсе» бастамаларын дамыту жұмысын жалғастыруда.

ЗАҢНАМА ТАЛАПТАРЫНА СӘЙКЕСТІК ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ШЫҒЫСТАР

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУҒА АРНАЛҒАН ШЫҒЫСТАР

Компанияның экологиялық шығындарына мыналар кіреді:

- нормативтік эмиссиялар үшін салық төлеу;
- қоршаған ортаны қорғау іс-шараларына жұмсалатын шығындар;
- экологиялық тәуекелдерді сақтандыру;
- қоршаған ортаны қорғау саласындағы өтемдік іс-шаралар;
- қоршаған ортаға әсерді болдырмауға бағытталған инвестициялар.

2015 жылдан бастап мұнай қалдықтарын қайта өңдеуге салынған инвестициялар көлемі үш есеге артты.

2024 жылы қоршаған ортаны қорғауға арналған шығындар 45,4 млрд теңгені құрады. Қаржыландырудың негізгі бағыттары:

- қалдықтарды қалпына келтіру (қайта пайдалануға дайындау, қайта өңдеу, кәдеге жарату) және тарихи ластануларды жою;

- мұнаймен ластанған жерлерді рекультивациялау;
- өндірістік мониторинг жүргізу, оның ішінде теңіз акваториясында;
- ластаушы заттардың шығарылуы мен төгінділерін азайту мақсатында тазарту құрылыстарын жаңғырту;

- тазарту құрылыстары нысандарын жөндеу;
- шығарылымдарды азайтуға бағытталған техникалық және ұйымдастырушылық іс-шаралар, соның ішінде жанарғылар мен сүзгілерді ауыстыру және орнату, катализаторларды қолдану және өзге де технологиялық шешімдер.

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ЗАҢНАМАСЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫНА СӘЙКЕСТІК

GRI 2-27

Компания өндірістік нысандарында Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкестікті жүйелі түрде бақылап отырады. Бұл жұмыс шеңберінде ықтимал сәйкессіздіктер анықталып, проблемалық мәселелер талданады және экологиялық тәуекелдер басқарылып отырады, бұл өз кезегінде бұзушылықтардың алдын алуға мүмкіндік береді.

2024 жылы жалпы сомасы 33 203,2 млн теңге мөлшерінде айыппұл санкциялары ұсынылды, оның ішінде 196 млн теңге төленді. Аталған сомаға ҚМГ-нің бір еншілес ұйымына қатысты 32,3 млрд теңге көлемінде айыппұл енгізілді, қазіргі уақытта бұл талап сот тәртібімен дауланып жатыр.

Компания экологиялық талаптарға толық сәйкестікті қамтамасыз ету, экологиялық тәуекелдерді барынша азайту және қоршаған ортаға әсерді төмендету үшін ең озық қолжетімді технологияларды енгізу бағытындағы жұмысын жалғастыруда.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АЙЫППҰЛДАР, МЛН ТЕҢГЕ



ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ

GRI 403-1, GRI 403-2, GRI 403-3, GRI 403-4



ӨҚ, ЕҚ және ҚОҚ саласындағы менеджмент жүйесі	132
Негізгі көрсеткіштер	134
Өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару	135
Көлік қауіпсіздігі	136
Өрт қауіпсіздігі	136
Мердігер ұйымдармен өзара іс-қимыл	137
Өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау саласын цифрландыру	138
Өндірістік санитария және еңбек гигиенасы	139

**БОЛАШАҚҚА
ИНВЕСТИЦИЯ**

ӨҚ, ЕҚ ЖӘНЕ ҚОҚ САЛАСЫНДАҒЫ МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

Өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау саласындағы менеджмент жүйесі (МЖ) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, ISO 14001 және ISO 45001 халықаралық стандарттарына, сондай-ақ Компанияның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленген. Жүйенің негізіне әлемдік озық тәжірибелер, Мұнай және газ өндірушілерінің халықаралық қауымдастығының (IOGP) ұсынымдары мен салалық стандарттар алынған. МЖ 10 негізгі элементтен тұрады және мақсат қою, көшбасшылық, тәуекелдерді басқару және үнемі жетілдіру сияқты іргелі қағидаттарға негізделген.

2006 жылдан бастап ҚМГ-де сапа, қоршаған ортаны қорғау, денсаулық сақтау және еңбекті қорғау саласындағы ISO 9001, ISO 14001 және ISO 45001 талаптарына сәйкес келетін интеграцияланған басқару жүйесі (ИБЖ) енгізілген. Энергия тұтыну деңгейі жоғары еншілес және тәуелді ұйымдар ISO 50001 стандарты бойынша сертификатталған. ИБЖ тиімділігі тәуелсіз аудиттер арқылы тұрақты түрде расталып отырады. Менеджмент жүйесін жетілдіру мақсатында оны ISO 45001 халықаралық стандартына сәйкес сертификаттау жүзеге асырылады.

Менеджмент жүйесі ӨҚ, ЕҚ және ҚОҚ саласындағы тәуекелдер мен мүмкіндіктерді тиімді басқаруға бағытталған. Жүйенің жұмыс істеу нәтижелері ретінде жарақаттанудың алдын алу, қызметкерлер денсаулығына зиян келтіру деңгейін барынша азайту және қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету қарастырылады. Компанияның басты мақсаты – ӨҚ, ЕҚ және ҚОҚ саласындағы тәуекелдерді жою немесе азайту үшін тиімді алдын алу шараларын іске асыру арқылы қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

ҚМГ-де басшылар мен қызметкерлердің еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелеріне

қатысу деңгейін арттыру мақсатында екі деңгейлі комитеттер жүйесі жұмыс істейді:

- Бірінші деңгей – ҚМГ Директорлар кеңесінің Қауіпсіздік, еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму жөніндегі комитеті (ҚЕҚҚОҚОДҚ);
- Екінші деңгей – еншілес және тәуелді ұйымдардағы ӨҚ, ЕҚ және ҚОҚ комитеттері.

2024 жылы менеджмент жүйесін жетілдіру және өзектендіру шеңберінде ӨҚ, ЕҚ және ҚОҚ саласында келесі корпоративтік құжаттар бекітіліп, жаңартылды:

- «КазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобы мен мердігер ұйымдар бойынша өндірістік қауіпсіздіктің негізгі көрсеткіштері жөнінде есептілікті ұсыну қағидалары;
- «КазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобындағы қалдықтарды басқару жөніндегі стандарт;
- «КазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобындағы жоспарланып отырған қызметке экологиялық бағалау жүргізу жөніндегі стандарт.

ӨҚ, ЕҚ және ҚОҚ саласындағы, соның ішінде климаттың өзгеруі мен су ресурстарының тапшылығына байланысты экологиялық тәуекелдерді қоса алғанда, тәуекелдерге тоқсан сайын мониторинг жүргізіледі. ҚМГ қоршаған ортаны қорғау көрсеткіштерін талдайды және оларды жетекші халықаралық мұнай-газ қауымдастықтарының (IOGP, CDP) көрсеткіштерімен салыстырып, бенчмаркинг жүргізеді. Ерекше назар экологиялық аспектілерге және экологиялық тәуекелдерді бағалауға аударылады.

ӨҚ, ЕҚ және ҚОҚ саласындағы ҚМГ компаниялар тобының бас директорларының жыл сайынғы форумы – Департамент тарапынан ұйымдастырылатын маңызды іс-шаралардың бірі болып табылады.



Практикалық мысал

«Қауіпсіздік мәдениетін дамытудағы көшбасшылық» IX жыл сайынғы форумы

2025 жылғы 25 қаңтарда Астана қаласында «КазМұнайГаз» ҰК АҚ еншілес ұйымдарының бас директорларының IX жыл сайынғы форумы өтті. Форум «Қауіпсіздік мәдениетін дамытудағы көшбасшылық» тақырыбында ұйымдастырылды. Іс-шараға ҚМГ

Басқарма төрағасы Асхат Хасенов, еншілес кәсіпорындардың басшылары, сондай-ақ жетекші мұнай-газ компаниялары – NCOC, Теңізшевройл және Карачаганак Петролиум Оперейтинг өкілдері қатысты.

Форум барысында 2024 жылғы ӨҚ, ЕҚ және ҚОҚ саласындағы қызмет нәтижелері ұсынылып, өзекті мәселелер талқыланды. Өз сөзінде А. Хасенов қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау, қызметкерлердің денсаулығын қорғау және экологиялық тепе-теңдікті сақтау Компанияның басым бағыттары болып табылатынын атап өтті.

Форум аясында NCOC, ТШО және КПО мамандары өз тәжірибелерімен бөлісті. Сондай-ақ ҚМГ еншілес ұйымдарының еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жетістіктері атап өтілді.

«Қорғау» бағдарламасы: озық тәжірибелерді ынталандыру

Іс-шара барысында қауіп-қатері жоғары әлеуеті бар жағдайлардың алдын алуға үлес қосқан үздік «Қорғау» қауіпсіздік карталарының бақылаушылары марапатталды:

- Барлау және өндіру бағыты – Руслан Ажгереев, «Урал Ойл энд Газ» ЖШС өндірістік-техникалық департаментінің слесарь-электрі;
- Тасымалдау бағыты – Батыржан Айбеков, «Қаражанбас» НҚС автокөлік жөніндегі жетекші механигі, «КазТрансОйл» АҚ Маңғыстау мұнай құбыры басқармасы;
- Қайта өңдеу бағыты – Амангелді Демеген, «КазГПЗ» ЖШС газ және газ конденсатын тасымалдау учаскесінің бастығы;
- Мұнайсервистік қызметтер – Ануарбек Сабихов, «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС жедел-диспетчерлік топтың аға инженері.

Компания ӨҚ, ЕҚ және ҚОҚ саласындағы тәуекелдерді басқаруға басшылық пен қызметкерлердің жоғары деңгейдегі қатысуын қамтамасыз ете отырып, еңбекті қорғау және

экологиялық қауіпсіздік стандарттарын үздіксіз жетілдіруде, сондай-ақ озық тәжірибелерді енгізуде.

НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР

GRI 403-9

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ қызметкерлердің еңбекті қорғауы мен қауіпсіздігін, сондай-ақ компания қызметі жүргізілетін өңірлерде тұратын халықтың денсаулығын қорғауды басты басымдық ретінде қарастырады. Қызметкерлердің айтуынша, ҚМГ қауіпсіз еңбек жағдайын жасап, жұмыс орнында еңбекті қорғау бойынша ең жоғары стандарттарды енгізуде.

2024 жылы еңбек қызметімен байланысты жазатайым оқиғалар салдарынан зардап шеккендер саны алдыңғы жылмен салыстырғанда 28%-ға төмендеді – 2023 жылғы 29 оқиғадан 2024 жылы 21 оқиғаға дейін. Сондай-ақ, жол-көлік оқиғалары саны айтарлықтай азайып, 68%-ды құрады (2023 жылы – 19, 2024 жылы – 6 жағдай). 2023 жылғыдай, өрт оқиғалары тіркелген жоқ.

2024 жылы еңбек қызметімен байланысты бір өлімге әкелген жазатайым оқиға орын алды. Оқиға «Өзенмұнайгаз» АҚ-да компрессорлық қондырғы арқылы дөңгелекті үрлеу кезінде орын алған. Дөңгелек дискінен бекіткіш сақинаның ұшып шығуы салдарынан машинист ауыр жарақат алып, қайтыс болды.

Тергеу нәтижелері бойынша оқиғаның себептері ретінде зардап шеккен адамның абайсыздығы,

- қауіпсіздік талаптарының бұзылуы және жұмысты ұйымдастырудағы кемшіліктер анықталды. Аталған оқиғаға жауап ретінде ҚМГ келесі кешенді қауіпсіздік шараларын қабылдады:
- Қосымша нұсқамалар мен түсіндіру жұмыстары жүргізілді;
 - Қауіпсіздік тосқауылдары орнатылды;
 - Автомобиль шиналарын үрлеу тәртібіне тексеру жүргізілді;
 - Қауіпсіздік бойынша нұсқаулықтар мен тәуекелдерді бағалау құжаттары қайта қаралды;
 - Қауіпсіздік белгілері орнатылып, дөңгелек үрлеу жұмыстарын арнайы емес орындарда жүргізуге тыйым салынды.

Қосымша ретінде ҚМГ-нің 12 еншілес ұйымында автокөлік пен арнайы техниканың шиналарын қауіпсіз үрлеуге арналған 57 «Қабырға» типті қорғаныш тосқауылы енгізілді. Компрессорлық қондырғылар жылдам ажыратылатын ұштықтармен жабдықталды, бұл үрлеу жұмыстарының қауіпсіздігін арттыруға мүмкіндік береді.

Қабылданған шаралар жарақаттану деңгейін одан әрі төмендетуге және компания қызметкерлері үшін қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге бағытталған.

ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ӨНДІРІСТІК ҚАУІПСІЗДІК САЛАСЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР

ОТ және ӨҚ негізгі көрсеткіштері	2022	2023	2024	2024/2023 өзгерісі	%
Жазатайым оқиғалар саны, бірлік	35	28	21	-7	-25
Зардап шеккендер саны, адам	36	29	21	-8	-28
соның ішінде өліммен аяқталғандары	1	2	1	-1	-50
Жол-көлік оқиғалары, бірлік	24	19	6	-13	-68
Өрт оқиғалары, бірлік	1	0	0	-	-

ЖАЗАТАЙЫМ ЖӘНЕ ӨЛІМГЕ ӘКЕЛГЕН ОҚИҒАЛАР КОЭФФИЦИЕНТТЕРІ

Көрсеткіш	2022	2023	2024	IOGP ¹⁰
Еңбекке уақытша жарамсыздыққа әкелген жазатайым оқиғалар коэффициенті (LTIR), 1 млн адам-сағатқа	0,36	0,30	0,22	0,22
